СЕНБІ
№64 (4312)
10.06.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БҰҰ-мен БЕРІК БАЙЛАНЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ делегациясымен – БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Атқарушы хатшысы Армида Алисджабанмен, Бас хатшының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енчимен және БҰҰ Бас хатшысының көмекшісі – БҰҰ Даму бағдарламасы әкімшісінің көмекшісі Ивана Живковичпен кездесу өткізді.

Кездесуге қатысушылар Қазақстан мен БҰҰ институттары арасындағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады, сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Президент Астана халықаралық форумына белсенді қатысқаны үшін дипломаттарға ризашылығын білдіріп, олардың БҰҰ аясындағы ұсыныстары форум жұмысының мазмұнын байытуға үлес қосқанын айтты.

Мемлекет басшысы БҰҰ-ның бейбітшілікті нығайту, қауіпсіздік пен жаһандық дамуды қамтамасыз ету ісіндегі айрықша рөліне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін жан-жақты реформа жүргізу қажеттігіне және осы органның өкілдігін кеңейтудің маңыздылығына тоқталды.

Президент осы әмбебап ұйымның рөлін нығайту мақсатында Қазақстан БҰҰ-мен күш біріктіруге ниетті екенін растады.

Қазақстанда БҰҰ-ның 20-дан астам бөлімшесі табысты жұмыс істеп жатыр. Осы ретте Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық құру маңызды екені атап өтілді. Бұл орталықтың қызметі 2030 жылға дейінгі күн тәртібін ілгерілету үшін кешенді шаралар қабылдау арқылы БҰҰ агенттіктерінің өңірдегі елдер үкіметтерімен арадағы үйлесімділікті нығайтуға бағытталады.

Өз кезегінде жоғары лауазымды дипломаттар Астана халықаралық форумы туралы өздерінің әсерін ортаға салып, қазіргі заманның өзекті сынқатерлерін шешу тәсілдерін әзірлеуде осы алаң стратегиялық тұрғыда маңызды екенін атап өтті.

Сондай-ақ кездесуде көлік-логистика әлеуеті мен цифрландыру процесі тұрғысынан Орталық Азияның стратегиялық рөліне назар аударылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке жүрекжарды сәлемін жолдады.

ТИІМДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ЖОЛ АШАДЫ

Ақордада Мемлекет басшысы Босния және Герцеговина Президиумының Төрағасымен кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Желька Цвияновичке ілтипат білдіре отырып, Астана халықаралық форумының жұмысына белсенді қатысқаны үшін алғыс айтты.

Президент бұл сапар екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға және ауқымды мәселелер бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты іске асыру үшін жақсы мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Босния және Герцеговинаны Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Балқан аймағындағы перспективті сауда-экономикалық серіктес ретінде қарастыратынын айтты.

Өз кезегінде Желька Цвиянович қонақжайлық көрсетіп, жылы қабылдағаны, сондай-ақ Астана халықаралық форумына шақырғаны үшін алғыс айтты. Бұдан бөлек, ол аталған форумды өткізудің маңыздылығын атап өтіп, оның аясында халықаралық ынтымақтастық пен жаһандық экономиканың қазіргі жағдайына қатысты жаңа бастамалар айтылғанын жеткізді.

Тараптар сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Өзара сенімге негізделген келіссөздер сындарлы және мазмұнды сипатта өтті. Келіссөздер нәтижесінде екіжақты ынтымақтастықты жандандыру бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Абай облысындағы алапат өртке байланысты Президент Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильинге оқиға орнына жедел барып, өрт сөндіру жұмыстарын басқару міндетін жүктеді.

Үкіметке және Абай облысының әкімдігіне қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасыларына барлық қажет көмекті көрсету тапсырылды.

ТЖМ мәліметіне сәйкес, орман шаруашылығының үш қызметкері қаза тапты, тағы 11 қызметкер іздестіріліп жатыр.

АГРОСАЛАДАҒЫ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕНІМ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Ауылшаруашылығы мәселелері жөніндегі Еурокомиссар Януш Войчеховскиймен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Януш Войчеховскийге Астана халықаралық форумына спикер ретінде қатысқаны үшін алғыс айтты.

– Біздің елімізбен айрықша байланысыңыз бар екенін біліп, таңғалдым. Қадірлі анаңыз Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстанда өмір сүріпті. Сондықтан сіздің сапарыңызға өте қуанышпыз. Елімізде поляк диаспорасы тұрады. Әрі біздің ортақ мәдени мұрамыз бар. Бенедикт Поляк, Адольф Янушкевич, Густав Зелинский, Александр Затаевич секілді тұлғалар Қазақстанның мәдени дамуына елеулі үлес қосты, – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ірі сауда серіктесі саналатын Еуропалық Одақпен ынтымақтастықтың стратегиялық сипатына назар аударды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНА ЖАРМАСЫП ӨСКЕН

Ат баптау, аттың құлағында ойнау қазақтың қанында бар қасиет. Ал Джигитовканы ат спортының осы түрімен айналысатын әуесқой жігіттер жігіттік өнер деп атап жүр. Сонымен бірге вальтижировка спортының жалғасы ретінде әлемдік спорт саласына енген қиын өнер саналатын Джигитовка соғыс жылдарынан қалған деген де нұсқау бар.

Соғыс кезінде ат үстінде әртүрлі іс-қимылдар жасалып, кейінірек сол қимылдар өңделіп, циркте көрсетілетін акробаттық әдіс-тәсілдерге ұласқан. Демек, ат спортының әскери-қолданбалы түріне жататын бұл өнер ат баптайтындардың да қолынан келе бермейді. Ең бастысы, аса мұқияттық пен ептілікті талап ететін бұл өнерде аса қатты жылдамдықпен шауып келе жатқан аттың үстіне секіріп мініп, секіріп түсіп, атты айналып, тіпті бір жағынан екінші жағына ауысу, төбесінде тұрып, жатып шабу сынды күрделі жаттығулар көрсетілді. «Бізге ат жақсылап, әдемі шауып берсе болды. Қалған үстіндегі жұмыстар өзіміздікі», дейді Шымкент циркінде Джигитовка көрсететін «Тұмар» командасының жігіттері.

14 ▸▸

БАТЫС КИНОСЫНДАҒЫ «БАСҚА ҚАЗАҚСТАН»

11 БЕТ

Жуырда Netflix-те шыққан «Фубар» сериалы Қазнетте үлкен талқы тудырды. Сериалда басты рөлдегі Арнольд Шварценеггер бастаған тәжірибелі команда Қазақстанға арнайы миссиямен аттанады. Сериялардың бірінде қаһармандар бағасы аспандап тұрған «қазақстандық» сағызды талқылап, қазақтардың бекон жемейтінінен хабардар екенін көрсетеді.

ҮЙДЕН ШЫҒЫП ОРАЛМАҒАН



13 БЕТ

Жаратылыс жұмбағында «тағдыр» деген бір тылсым бар. Адам баласы тағдыр тәлкегіне, тағдыр жазуына шүбәсіз сенетіні тағы рас. Танысының, жақынының, не өзінің басынан қандай да бір қиындықтар өтіп жатса, «тағдырдың пешенеге жазуы да» деп болжамды байламын да жасайды. Бір сөзбен айтқанда, тағдыр адам өмірінде рөлі бар беймәлім бір құбылыс.

АГРОСАЛАДАҒЫ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕНІМ АРТАДЫ

(Басы 1-бетте)

– Жақында Қырғызстанда «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» жаңа форматында кездесу өткіздік. Бұған дейін Астанада бірінші кездесу болған. Сондықтан тығыз қарым-қатынас жасау жөніндегі ниетіміз бен ұмтылысымызды көрсету үшін жоғары деңгейдегі осындай кездесулерді өткізіп тұру керек. Биыл жыл басында Еуропалық Одақпен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанымызға 30 жыл толды. Еуропалық Одақпен өзара байланысымызды нығайтуға мол мүмкіндік бар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еурокомиссарға Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, сондай-ақ демократияны дамытуға, адам құқықтарын қорғауға және қоғамда заң үстемдігін орнатуға септігін тигізетін өзгерістер туралы айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропалық Одақпен ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін зор әлеуеті бар екеніне тоқталды. Оның айтуынша, еліміз дәнді және майлы дақылдарды, сондай-ақ жоғары сапалы органикалық өнімдердің экспортын арттыруға дайын.

Өз кезегінде Януш Войчеховский құрмет көрсеткені үшін Президентке ризашылығын білдірді.

– Менің Қазақстанмен ерекше байланысым туралы айттыңыз. Иә, анам Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда алты жыл өмір сүрді. Анам сол қиын-қыстау шақта қазақ халқы оларға мейірімділік танытқанын үнемі айтып отыратын. Сондықтан менің Қазақстанға деген көңілім ерекше. Сізді Астана халықаралық форумын табысты өткізуіңізбен құттықтаймын. Сіздің сөйлеген сөзіңізді айрықша ықыласпен тыңдадым. Дұрыс айтасыз, бізге сын-қатерлерді анықтап, түйткілдерді шешу үшін ортақ диалог қажет. Жаһандық деңгейдегі қазіргі күрделі мәселенің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі, – деді Еурокомиссар.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Total Energies компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы және президенті Патрик Пуяннені қабылдады.

Кездесуде Total Energies компаниясының Қазақстанмен қарым-қатынасының негізгі аспектілері және энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар Total компаниясының мұнайгаз химиясы саласындағы инвестициялық жобаларға қатысу перспективасы қарастырылды.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Астана халықаралық форумына қатысу үшін келген белгілі американдық экономист, Нью-Йорк университетінің профессоры, Roubini Macro Associates консалтинг компаниясының директоры Нуриэль Рубиниді қабылдады.

Президент Астана халықаралық форумына қатысып, әлемдегі сын-қатерлер туралы өзінің ой-пікірін ортаға салғаны үшін Нуриэль Рубиниге ризашылығын білдірді.

Кездесуде жаһандық қаржы нарығындағы негізгі үрдістер талқыланды.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Sun Seven Stars Investment Group компаниясының тең төрағасы және Бас директоры У Чжэнді қабылдады.

Кездесу барысында қаржы саласындағы инвестициялық ынтымақтастық, цифрландыру және онлайн-сауда, сондай-ақ Астана халықаралық қаржы орталығымен өзара іс-әрекет мәселелері талқыланды.

Президентке жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жоспары туралы мәлімет берілді.

Сонымен қатар У Чжэн өз компаниясының АХҚО базасында Көміртегінің жаһандық цифрлық сауда орталығын ашу жоспары туралы айтты.

ASTANA INTERNATIONAL FORUM | 2023
JUNE 8-9

ЖАҺАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРДІ ЖҰМЫЛА ЖЕҢЕМІЗ

Елордадағы Конгресс орталықта «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: ынтымақтастық, өркендеу және прогресс жолында» тақырыбында Астана халықаралық форумы өтті. Екі күнге созылған жиынның алғашқы күні өткен пленарлық сессияға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі.

Нұрлан ҚОСАЙ

Дөңгелек үстел форматында өткен пленарлық сессияда жоғары мәртебелі делегаттар әлемдік экономикадағы, сауда және саясаттағы жаһандық үдерістерді талқылады. Сондай-ақ климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді түйткілдердің шешу жолдарын егжей-тегжейлі қарастырды.

Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Босния және Герцеговина Президиумның төрағасы Желька Цвиянович, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ЮНЕСКО Бас директоры Одрэ Азуле, ХВҚ Басқарушы директоры Кристалина Георгиева, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмид және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – ЭСКАТО ұйымының атқарушы директоры Армида Салсиа Алисджабана сөз сөйледі. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттериш форум қатысушыларына видеоүндеу жолдады. Пленарлық отырысты белгілі CNN журналисі Ричард Квест жүргізіп отырды.

Форум қатысушылары алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы осы жиынға қатысу үшін елімізге арнайы келген Қатар Әміріне, Қырғыз Республикасының президентіне, Босния және Герцеговина Президиумының төрағасына, Өзбекстан Премьер-министріне ризашылығын білдірді.

Президент жаһандық экономиканың қазіргі жай-күйі мен өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасу үшін аталған форумның маңызы зор екенін атап өтті.

– Бұл – халықаралық серіктестіктің шынайы мән-маңызын айқындайтын жолдың бірі. Осы форумды бастай отырып, стратегиялық серіктесіміз – Біріккен Ұлттар Ұйымына және оның ХВҚ, ЮНЕСКО, БҰҰДБ, ДСҰ, ЭСКАТО секілді ұйымдарына, басқа да халықаралық институттарға, сондай-ақ ақпараттық әріптесіміз CNN-ге шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен қазіргі заман өркениетінің сын-қатерлеріне назар аударып, Астана халықаралық форумы миссиясының бес негізгі міндетіне тоқталды. Атап айтқанда, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; негізгі сын-қатерлер мен дағдарысты айқындау; осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру; көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіру; бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту форумның негізгі миссияларының қатарына кіреді.

Сонымен қатар Президент Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сәттен бері негізі қаланған әлемдік тәртіпке төнетін қауіп-қатерлер туралы айтты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала беретінін әрі бұл ұйым барша адамзат баласының мүддесі мен шынайы мұқтаждықтарына қызмет ететінін айрықша атап өтті. Президент өз сөзінде әлемдегі жаңа дағдарыстың ықпалына қатысты ой-пікірімен бөлісті.

– COVID-19-дан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі соңғы «жаңа дағдарыстар» нәзік халықаралық экожүйеге қауіп төндіреді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың түпкі себебі тереңде жатыр. Сонымен қатар біз 30 жылдан кейін «блоктарға» бөлінетін ескі көзқарастарға қайта оралу жағдайына куә болып отырмыз. Тек геосаяси күш біздерді жікке бөліп жатқан жоқ. Оның экономикалық астары да бар. Экономикалық саясат қару ретінде ашық қолданылуда. Бұл қарама-қайшылықтар санкциялар мен сауда соғыстарын, мақсатты борышкерлік саясатты, қаржыландыру көздерінен шектеуді немесе жоюды, сондай-ақ инвестицияны бақылауды қамтиды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан сенімді сауда-экономикалық серіктес ретінде Орталық Азияның экономикалық локомотиві рөлін атқарып отыр. Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев форум ортақ мәселелерді шешуге, сондай-ақ әріптестікті, даму мен прогресті ілгерілетуге өз үлесін қосатынына сенім білдіріп, жиынға қатысушыларға табыс тіледі.

Сонымен қатар жиында Қырғыз Республикасының президенті Садыр Жапаров, Босния және Герцеговина президиумының төрағасы Желька Цвиянович, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ЮНЕСКО бас директоры Одрэ Азуле, Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры Кристалина Георгиева және басқа да спикерлер сөз сөйледі.

Ұйымдастырушылар форум климаттың өзгеруіне, азық-түлік тапшылығына және энергетикалық қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешу жолдарын қарастыру мақсатында шетел үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың, бизнес пен ғылыми ортаның жоғары лауазымды делегаттарының диалогіне арналған алаң болмақ екеніне назар аударып отыр. Оған 40-тан астам мемлекеттен 400-ге жуық делегат қатысты. Форумның екінші күні де пленарлық отырыстар жалғасын тапты. Сондай-ақ жалқыдан жалпыға: «жасыл экономикаға» көшуді қаржыландыру, көміртекті бейтараптықтың экономикалық және экологиялық салдары, өңірлерде жаңартылатын энергия көздерін дамыту сынды бірқатар сессия өткізілді. Онда отандық және шетелдік ғалымдар мен сарапшылар өзекті мәселелерді талқыға салды. Панельдік сессиялардан бөлек брифингтер, құжаттарға қол қою және кездесулер өтті.

Мәселен, форумның екінші күнгі жұмысы «Энергетикалық қауіпсіздікті қайта қарау: айқын шешімдердің шеңберінен шығу қажеттілігі» тақырыбындағы панельдік сессиямен басталды. Бұл – пікірталас алаңындағы басты тақырыптардың бірі. Оған сараптамалық қоғамдастықтың, Қазақстан Энергетика министрлігінің және халықаралық энергетикалық компаниялардың өкілдері қатысты. Сонымен қатар «Өзгелердің шарасыздығы кезінде әрекет ету: қиын сәттердегі «орта державалардың» дипломатиясы»; «Цифрландыру және жасанды интеллект: әсері мен салдары»; «Әлеуметтік толқулар: жалған ақпарат және алгоритмдердің күші» және басқа да тақырыптарға талқылаулар ұйымдастырылды.

Іс-шара геосаяси шиеленістің күшеюіне және мемлекетаралық ынтымақтастықтың дәстүрлі модельдерінің түбегейлі өзгеруіне байланысты бұрын-соңды болмаған сын-қатерлерге қатысты жауаптар іздеу үшін әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруге арналған. Форум аясында аталған бағыттар бойынша 40-тан астам панельдік сессия, бейресми пікірталастар және басқа да бағдарламадан тыс іс-шаралар өткізілді.

ҚАУІПСІЗ ӘЛЕМ ҚҰРУДЫҢ ҚАДАМДАРЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Астана халықаралық форумы алаңында сөз сөйлеп, әлемдік тәртіптің парадигмасы өзгерген кезеңдегі «орта» мемлекеттердің рөлі жөнінде баяндама жасады.

Палата Спикері өз сөзінде Форум негізгі жаһандық мәселелерді бірлесіп шешу үшін халықаралық қоғамдастықты ортақ мақсатқа жұмылдыруды көздейтінін атап өтті. Сондай-ақ ол дипломатия мен халықаралық құқық жүйелерінің әлсіреуіне байланысты әлемдік диалогтың жаңа форматының өзектілігі артып отырғанын айтты.

«Бұл жағдайда орта мемлекеттердің рөлін қайта қарастыру керек. Теңдік, диалог, инклюзия, мемлекеттердің аумақтық тұтастығын құрметтеу қағидаттарына негізделген халықаралық ынтымақтастықтың жаңа парадигмасы қажет. Мұндай жаңа жағдайда орта елдер негізгі рөлдердің бірін атқаруға тиіс. Тек ірі державалардың қарым-қатынасы төңірегінде қалыптасқан халықаралық жүйеден арылудың маңызы зор. Қазіргі таңда желілік принцип бойынша құрылған институттар тиімді. Осы тәжірибені халықаралық институттарға да енгізуге болады», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы халықаралық деңгейде диалог және инклюзивті даму мәдениетін дәріптеудің перспективалық бағыттарына назар аударды. Сол арқылы белсенді орта мемлекеттер үшін өз мүмкіндіктерін іске асыруына жол ашылады.

«Біріншіден, бітімгершілік бастамаларды дәріптеу және мұқтаж елдерге немесе белгілі бір әлеуметтік топтарға гуманитарлық көмек көрсету. Екіншіден, негізгі халықаралық институттардан тыс жағдайда ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайту. Үшіншіден, бүгінде барлық ел бетпе-бет келіп отырған өзекті экологиялық, әлеуметтік, гуманитарлық және өзге де проблемаларды талқылауға бастамашылық жасау. Сонымен бірге ресурстарды ғылыми зерттеулерге, адамзаттың болашағы үшін маңызды салалардағы жобаларға бағыттаудың мәні зор. Оның ішінде медицина, биохимия, жасыл технология және тағы басқа бағыттарды атап өтуге болады», – деген Мәулен Әшімбаев Астана халықаралық форумының қызметін мысалға келтірді.

Сенат Спикері жаһандық деңгейде мәдениеттер мен өркениеттер арасында алтын көпір болатын тағы бір тиімді бастама ретінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін айтты.

«Бүгінде Қазақстан рухани дипломатияның мойындалған халықаралық орталықтарының бірі ретінде қалыптасты. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен дін лидерлерінің идеяларын, ұсыныстары мен уағдаластықтарын дәріптеу үшін әлемнің рухани орталықтарында дөңгелек үстелдер өткізу қолға алынды. Қазақстанның бастамалары әлемдегі маңызды проблемаларды шешу кезіндегі орта елдердің мүмкіндіктерін көрсетеді. Мұндай қадам дамыған, тұрақты, инклюзивті және қауіпсіз әлем құруымызға ықпал ететіні анық», – дей келе, Мәулен Әшімбаев Қазақстан халықаралық қақтығыстарды дипломатиялық жолмен реттеуді қолдайтынын тілге тиек етті.

ЖАЛҒАН ТАУАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Палата отырысында депутаттарға жаңа сенаторды таныстырды. Сондай-ақ отырыс кезінде «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралып, мақұлданды.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев әріптестеріне Солтүстік Қазақстан облысынан сайланған жаңа сенатор Әсем Рахметованы таныстырып, оған жаңа жұмыста сәттілік тіледі. Конституциялық нормаға сәйкес Әсем Рахметова ант берді, сондай-ақ, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым тұрақты комитетінің мүшесі болып сайланды.

Сонымен қатар Палата отырысында сенаторлар «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Бұл Келісім ТМД-ға мүше елдердің мемлекеттік шекаралары арқылы мұндай тауарлардың тасымалдануына жол бермеу жөніндегі шартты қамтамасыз етеді.

«Мақұлданған заң ТМД шеңберінде жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу және жолын кесу үшін қажетті құқықтық орта қалыптастырады. Сол үшін келісім арқылы мемлекеттер тарапынан қабылданатын бірлескен іс-шаралар мен құқықтық тетіктер айқындалады. Алдағы уақытта келісім қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы әлеуетін арттыруға оң үлесін қосады деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан басқа, Сенат отырысында Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы мәселе қаралды. Комиссия құрамына әр Палатадан 9 депутаттан мүше болады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Парламентте Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізетін парламенттік комиссия құру жұмыстары қолға алынды. Бұл комиссияның негізгі мақсаты – Президентіміздің реформалары аясында Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді тиімді іске асыруға жәрдемдесу. Оның жұмысына Үкімет мүшелері, халықаралық ұйымдар мен қоғамдық ұйымдардың, үкіметтік емес сектордың өкілдері және сарапшылар мен ғалымдар қатысып отырады», – деді Сенат Спикері.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН «БАЗАРЛЫҚ» ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжіліс Бюросының отырысы өтті. Онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына бірінші оқылымда Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер ұсынылады.

Бұл заң жобасын Парламент депутаттары Мемлекет басшысының 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске асыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірледі.

Алдағы жалпы отырыста «Кәсіптік біліктілік туралы» және оған ілеспе заң жобасы екінші оқылымда қаралатын болады.

Сонымен қатар депутаттар орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты, сондай-ақ ҰҚШҰ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялауға байланысты заң жобалары бойынша қорытынды әзірлеу мерзімін айқындайды.

МЕРДІГЕРЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ

Алматы әкімдігі Түрксіб ауданының аумағында сумен жабдықтау желілерінің құрылысы мен абаттандыруды сапасыз жүргізген мердігерлердің үстінен арыз түсірді.

Әкімдіктің баспасөз қызметінің хабарлауынша, белгіленген кестеден қалып қойған мердігерлер заң алдында жауап береді. Алматы әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша көпқабатты «Жас Қанат» тұрғын үй кешенің құрылысына жауапты – Hadid және «Промкомплект» Б компанияларына қатысты іс сотта қаралып жатыр. Сонымен қатар тұрғын үй кешенінің айналасын абаттандыруды өз мойнына алған «СК ШАХ» ЖШС-ға қатысты талап-арыз дайындалуда. Әкімдік атқарылмаған жұмыстардың өтемін қайтаруды және оларды мемлекеттік сатып алу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартуды талап етіп отыр.

ПОЛИЦЕЙ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІНІ ҚАҒЫП КЕТТІ

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының Луговой стансасында полицей қызметтік көлігімен жаяу жүргінші жолағында қыз баланы қағып кетті. Аталған іс бойынша қызметтік тергеу жүріп жатыр.

«Жаяу жүргіншінің сот-медициналық сараптамадан өтуден бас тартуына байланысты полиция қызметкеріне қатысты «Жаяу жүргіншілердің немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларының жүруіне басымдық бермеу», яғни, Әкімшілік құқық бұзу туралы кодекстің 600-бабының 1-бөлігі бойынша іс қозғалды. Аталған бап 10 айлық есептік көрсеткіш немесе 34 500 теңге көлемінде айыппұл салуды көздейді», – деп хабарлады облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

УӘДЕНІҢ ҮДЕСІНЕН ШЫҒУҒА КІРІСТІ

«AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошанов Үкімет мүшелерінің қатысуымен Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясының кеңейтілген отырысын өткізді. Депутаттар 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын бекітті.

Жиынды ашқан Ерлан Қошанов партияның барлық сайлауалды міндеттемесі адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға және олардың нақты әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталғанын атап өтті.

«Биыл алғаш рет Президентке Премьер-Министрдің кандидатурасын «AMANAT» ұсынды және қазір партия мен Үкіметтің халық пен Мемлекет басшысының алдында жауапкершілігі ортақ. Алдағы үш жылдың бюджеті ерекше. Ол Президенттің сайлауалды бағдарламасы мен партияның электоралды уәделерін ескере отырып жасалды. Адамдар осы құжаттардың әр тармағының орындалуын күтіп отыр. Депутаттармен бірге әрбір министр мен әкім осы жұмыс үшін дербес саяси жауапты болады», – деді Ерлан Қошанов.

Бұдан соң күн тәртібі бойынша Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев сөз алды. Ол әзірленген Жол картасы азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және ішкі өндірісті дамытуға бағытталған 10 міндет бойынша 205 іс-шарадан тұратынына тоқталды.

«Сапалы тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру мақсатында барлық қаржыландыру көзі есебінен 78 млн шаршы метрден астам жаңа тұрғын үй құрылысы қамтамасыз етіледі. 30 мыңға жуық апатты және тозығы жеткен тұрғын үй иелері жаңа баспанаға көшуге мүмкіндік алады. 2027 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдарда 300 мың жаңа орын ашылып, 2 жастан 6 жасқа дейінгі (өтініш бергендер санынан) балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 99%-ға дейін ұлғаяды. Алдағы жылдары жаңадан 1,5 млн оқушы орны ашылып, шағын қалаларда, аудан орталықтары мен ауылдарда 3 мың мектеп жаңғыртылады. Сондай-ақ 50 балалар сауықтыру лагерін құру жоспарлануда», – деді Е.Жамаубаев.

Өз кезегінде фракция жетекшісі «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев партияның сайлауалды уәделерін жүзеге асыру үшін қажет қаражаттың бәрі қарастырылғанын мәлімдеді. Ол сондай-ақ партияның өңірлік Жол карталарын жүзеге асыру бойынша бірқатар мысал келтірді. Атап айтқанда, 2027 жылға қарай Ақмола облысының Целиноград ауданында аудандық орталық аурухана салынады. 2024 жылы Жезқазған қаласында инсульт орталығы ашылады. Алматы облысында таяу бес жылда 63 мектеп салынады, ал Маңғыстау облысында 2027 жылға қарай ауызсу тапшылығы проблемасын шешу үшін 6 тұздан тазарту зауыты салынады.

Жиынды қорытындылай келе, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов партияның Жол карталары нақты орындалу индикаторлары бар кешенді жоспар екенін атап өтті.

«Бұл құжатта барлық әлеуметтік топтың мүдделері ескерілген және ол әр өңірді, әр аудан мен ауылды қамтиды. Мәжілістегі және барлық деңгейдегі мәслихаттардағы партиямыздың депутаттары Жол карталарының жүзеге асырылуына, оның ішінде қаржыландыруға қатысты тұрақты бақылау жүргізуге тиіс. Сайлау алдында халыққа берген уәделердің орындалуы тек бізге байланысты», – деп баса айтты партия Төрағасы.

Ерлан Қошанов соңғы сайлау науқаны барысында партияға азаматтардан 40 мыңға жуық талаптілек келіп түскенін еске салды. Сайлаушылар дауыс берген «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының негізі – нақ осы азаматтардан келген өтініштер. Ол депутаттарды белсенді болуға және партия қабылдаған міндеттемелерді іске асыруға жан-жақты атсалысуға шақырды.

«Ауылда жұмыс істейтін жас дәрігерлерге 10 миллион теңге көлемінде көтерме жәрдемақы беру – біздің сайлауалды уәделеріміздің бірі. Бұл бастама барлық өңірде қолдау тауып, медицина мамандарының тапшылығы мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік береді. Осы уәдені тезірек іске асыру үшін депутаттар министрліктермен бірге айрықша бақылауға алып, істі соңына дейін жеткізу керек», – деді ол.

Фракция жиынының қорытындысында Ерлан Қошанов депутаттық корпустың жұмысын күшейтуге қатысты бірқатар нақты тапсырма берді. Атап айтқанда, сайлауалды уәделердің орындалуын бақылау үшін әрбір аманаттық депутатқа Жол картасының бірқатар тармағы бекітіледі. Жүйелі мониторинг жүргізу үшін партия мен Үкіметтің бірлескен штабы құрылып, ол тұрақты түрде жиын өткізіп тұрады. Сонымен қатар фракция жылына бір рет Үкіметтің Жол картасын жүзеге асыру туралы есебін тыңдайды.

Ерке ЕРҚОНЫР

ТЕКСЕРУШІГЕ – АРЗАН, ТҰТЫНУШЫҒА – ҚЫМБАТ

Партиялықтар ескерту жасағаннан кейін ұнның сөредегі қымбат баға белгілері алынып тасталды. Бұл жағдай «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының қызметкерлері SMALL және MAGNUM супермаркеттер желісіндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізу кезінде болды.

Әсіресе, өсімдік майы, ет, ұн және қант бағасына ерекше назар аударылды. Мәселен, MAGNUM-да 1 келі сиыр еті – 2 400 теңге, 1 келі қант – 424 теңге, 1 литр күнбағыс майы – 840 теңге, 1 келі бірінші сұрыпты бидай ұны 495 теңге тұрады. Кәсіпкерлердің айтуынша, тауарлар тұрақты түрде жеткізіліп отырады. Тапшылық жоқ. Мониторинг тобының мүшелері әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын негізсіз өсіруге жол бермеу жөнінде дүкен қызметкерлерімен түсіндіру жұмысын жүргізді.

SMALL супермаркетінде 1 келі сиыр етінің құны – 3 050 теңгені, 1 келі қант – 426 теңгені, 1 келі картоп – 199 теңгені, 1 келі қарақұмық жармасы 404 теңгені құрайды. Сонымен қатар партиялықтар дүкен қызметкерлеріне ұнның сөредегі қымбат баға белгілері үшін ескерту жасады.

«Баға күннен-күнге өсіп барады. Біздің міндетіміз – қымбатшылықты қолдан жасауға, тұтынушыларды алдауға жол бермеу. Мәселен, 2 келілік Jaqsy бидай ұны 800 теңгеден саудаланғанын анықтадық. Ескерту жасағаннан кейін оның бағасы 494 теңгені құрады», – деді партияның Байқоңыр аудандық филиалының атқарушы хатшысы Дәурен Ұлықпанов.

Аудандық филиалдың партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Сергей Солодовников мониторинг тобының мүшелері бұл жұмысты апта сайын жүргізетінін атап өтті.

«Біз ірі сауда орталықтарын, ірі дүкендерді және қалалық базарларды аралап, бағаға бақылау жүргіземіз. Жекелеген кәсіпкерлер, әсіресе базарларда, сөредегі тауардың шынайы баға белгілерін көрсетпейді. Қаласа, тауарды қымбаттата салады. Алайда мониторинг тобының мүшелері жағдайға араласып, бағаны тұрақтандыру үшін тиісті жұмыс жүргізеді», – деді ол.

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы жанындағы Республикалық Жастарды қолдау кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Онда жасөспірімдер мен жастар арасындағы буллингтің таралуы және жастардың психикалық денсаулығы мен суицидтің алдын алу тақырыптары талқыланды. Кеңеске Мәжіліс депутаттары, сарапшылар, құзырлы органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Отырыс барысында Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Н.Оспанова, Денсаулық сақтау вице-министрі В.Дудник, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл А.Саин, Бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі бастығының орынбасары С.Сәмет, психология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Мамбеталина, балалар қауіпсіздігі бойынша тренер, «Ангел» балалар қауіпсіздігі орталығының негізін қалаушы З.Джумагулованың тақырыпқа қатысты баяндамалары тыңдалды.

«Суицид 15-29 жас аралығындағы жастар өлімінің негізгі себептерінің ішінде жол-көлік оқиғаларынан, туберкулезден және зорлық-зомбылықтан кейін төртінші орында тұр. Суицид жағдайларының өсуі Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларында байқалады. Осы аймақтарға тән жағдайларға сүйене отырып, еңбек, қаржылық және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған профилактикалық шаралар қажет. Осыған байланысты, жалпымемлекеттік тәсіл мен барлық мемлекеттік сектормен бірге ведомстволардың қатысуы маңызды», – деді Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник.

Ал Бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі бастығының орынбасары Сәкен Сәмет 2023 жылдың соңғы 5 айының қорытындысы бойынша, балалар суициді 33,3 пайызға өскенін мәлімдеді. Жиын барысында сарапшылар тарапынан ұсыныс-пікірлер тыңдалып, сұрақтар қойылды.

ЖОЛ КАРТАСЫНА ЖҮРЕ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Павлодар облыстық мәслихат депутаттары, «AMANAT» фракциясының мүшелері мен партияның бақылау комиссиясы партияның сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстарды бақылау мақсатында Ақсу қаласына барды.

Депутаттар іссапар барысында Ақсу қаласына қарасты Черемушки кентінде инженерлік желілер (сумен жабдықтау) салу, Ақсу қаласының магистралдық және тарату жылу желілерін реконструкциялау және қалалық №7 орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Черемушки кентінде сумен жабдықтау желілерін салу жұмыстары 2023 жылдың сәуір айында басталған. Аяқталу мерзімі – алдағы қыркүйек айы. Орталықтандырған су жүйесінің жалпы желісі 7,7 шақырымды құрайды. Қалалық құрылыс бөлімінің айтуынша, мердігер компания жұмыстың негізгі бөлігін аяқтаған, қазір су құбыры құдықтарын монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Ал 1971 жылы салынған қалалық №7 орта мектеп сол уақыттан бері күрделі жөндеу көрмеген екен. Күрделі жөндеу жұмыстарына: жылу мен электр жабдықтау жүйелері, кәріз, қабырғалар, едендер, төбелер мен есіктер енді. Үш айға созылатын құрылыс жұмыстарының жалпы құны – 230 миллион теңге. Мердігер ұйым мектеп оқушылары оқу жылын аталмыш мектепте бастайды деп сендірді.

«Біз бұл жөндеу жұмыстарын бақылауда ұстаймыз. Қалалық және облыстық депутаттар үнемі тексеруге шығып тұрады. Мерзімі бар, уақытылы және сапасыз орындалса, тиісті шаралар қолданатын боламыз. Бұл мектеп 50 жыл жөндеу көрмеген. Былтыр облыс бойынша көптеген мектеп мерзімінде тапсырылмады. Сондықтан үлкен жауапкершілікпен қараңыздар», – деді облыстық мәслихат депутаты Раушан Даумова.

Сондай-ақ депутаттар мен жергілікті партия филиалы Достық және М.Омаров атындағы ауылдық округ әкімдерінің сайлау алдында берген уәделері бойынша есебін тыңдады. Аталған ауыл әкімдері «AMANAT» партиясының атынан сайлауға қатысқан болатын.

ЖИНАУДЫҢ БЕЙНЕТІНЕ КӨНГЕН – ЖИНАҒЫНЫҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРЕДІ

«Қоры мол ел – халқы тоқ ел» демекші, қай мемлекеттің де береке-бірлікте өмір кешкені – басты мүддесі. Әсіресе, қазыналы қариясын қажытпаған ел – дәулетті. Ал ол тапқанынан бұрын, қанша жинағы барымен, оның ішінде де оны қаншалықты сақтап, көбейте алғанымен байланысты. Еліміздегі мұндай міндет Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) жүктелген. Ендеше 25 жыл тарихында қазақстандық үлгі қалыптастыра алған бұл қаржы институтының бүгінгі тынысы қандай? Бір сәт назар салып көрелікші…

Нұрлан ҚОСАЙ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, БӘСІРЕСІ БИІК ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫ

Қариясы қамсыз өмір сүргенін қаламайтын мемлекет болмас, сірә! Тарихтан оның мысалын көптеп кездестіруге болады. Алғашқы деректерді адамзат өркениетінің бір биігі болған Рим империясының өмір салтынан көре аламыз. Біздің заманымызға дейін-ақ әскеріне зейнетақы тағайындап, осы қаржы институтының іргесін қалаған Гай Юлий Цезарь тарихтағы алғашқы қолбасшы ғана емес, мемлекет басшысы да еді. Ал Шығыс тарихында сонау VII ғасырда Әділетті халиф атанған Омар патша зейнетақы есебінде Исламның бес парызының бірі – зекет беруді таңдап алған. Бүгінгі сипатындағы зейнетақымен қамсыздандыру XX ғасырдың басында Еуропаның бірқатар елдерінде қалыптаса бастаған. Ал жалпыға бірдей зейнетақы түріндегі сақтандыру заң жүзінде тек 1913 жылы Швецияда рәсімделген екен.

Мыңдаған ғасырлар бойы түрлі эволюциялар мен реформаларды бастан өткерген зейнетақы қорының біздің заманымызға классикалық үлгідегі екі түрі жеткен. Олар – үйлестіруші және жинақтаушы қорлар. Бұл жерде мәселе екеуінің бірінің жақсы-жаманында емес, халықтың демографиялық құрылымына, елдің ағымдағы экономикалық даму деңгейі мен әлеуметтік саясатына қайсысының сәйкес келетіндігінде. Қазір әлемдегі мемлекеттердің басым көпшілігі осы жүйелердің түрлі құрамдауыштарын араластыра қолданады. Мәселен, 1998 жылы Қазақстан әлемдегі озық тәжірибелерді қолдана отырып, ортақ (таратушы) жүйеден жинақтаушы жүйеге көшудің арқасында өзінің төл үлгісін қалыптастыра алды. Бұл жинақтау тәсіліне негізделген үш деңгейлі зейнетақы жүйесі болатын. Енді міне, ширек ғасырға жетпейтін уақытта бұл тәсіл өзінің орнықтылығын, тиімділігін паш етіп, зейнетақысы қолына тиген миллиондаған адамның сеніміне ие болып отыр. Тек былтыр ғана Қордан 1,18 триллион теңге төленген екен.

Бүгінде қоғамда Қорды қайтсек жақсарта түсеміз деген пікірталас қызу жүріп жатқанның өзінде БЖЗҚ әлемдік рейтингтің бел ортасында тастай бекіп орнығып тұр. Орнығып қана емес, жоғарылай түсуге бет бұруда. Азаматтардың Қор жұмысын талқылайтын да жөні бар: өйткені мұндағы қаржы жай ғана жинақ емес, олардың өз ақшалары. Жарналардың үш санатын қоса алғанда 12 миллион дана есепшотқа 15,67 триллион теңге шоғырланған. Таза инвестициялық кіріс 2014 жылдың сәуір айынан 2023 жылдың 1 мамырына дейінгі аралықта 7,4 триллион теңгені құраған. Осы ретте Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кірістілігі биылғы мамыр айында 758,38% болып тұр. Бұл – жинақталған инфляция 710,74% болған кездегі көрсеткіш. Бұл тұста егер салымшының Қордан төлем алуға құқығы пайда болған сәттегі жеке жинағы бойынша кірісі жинақталған инфляция деңгейіне жетпей жатса, мемлекеттің көмекке келіп, айырмашылықты өтеуге кепілдік беретінін де атай кеткен абзал.

РЕФОРМА – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Дүниежүзілік банк пен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшылары аралас, көпдеңгейлі зейнетақы жүйелерінің анағұрлым тұрақты және теңгерімді екенін мойындап отыр. Өйткені осы аралас сипат халықтың қажеттіліктері мен мемлекеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді екен. Мұны Mercer CFA Institute деп аталатын жаһандық зейнетақы индексінен де көруге болады. Оның үздік ондығы (TOP-10) аралас сипатқа ие зейнетақы жүйелерінен тұрады. Бірақ олардың жетеуінде жинақтаушылық сипат басым. Ал 2022 жылдың қорытындысы бойынша, үздік ондыққа Исландия, Нидерланды, Дания, Израиль, Финляндия, Аустралия, Норвегия, Швеция, Сингапур және Ұлыбритания сияқты мемлекеттер енді.

Әрбір елдің, соның ішінде Қазақстанның да зейнетақы жүйесіне тән үрдіс – экономика мен қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде реформалардың жүргізіліп отыратыны. Себебі өзгермей қатып қалатын ахуал болмайды, уақыт талабына қарай әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзгерістер жиі болып тұрады. Сондықтан жүйелер де бір орында тұрмайды: демографиялық жағдай өзгеріп, жаппай көші-қон, экономикалық дағдарыстар, жаһандық құбылу, жаңа технологияларға көшу деген секілді жәйттар үздіксіз реформалар жүргізуге мәжбүр етеді. Бұл тұста сақтандыру компаниялары мен активтерді басқарушылар арасындағы әлемдік көшбасшы Allianz тобының 2023 жылғы зейнетақы жүйелері туралы жаңа есебінен осыған байланысты көптеген мысалдарды көруге болады. Құжат 2023 жылдың наурызында шыққан соңғы қолжетімді ақпараттар негізінде дайындалған. «Халықтың қартайып бара жатқан жағдайындағы реформалар жасау» деген атауының өзінен-ақ оның әлемдегі көптеген елге тән негізгі түйткілдерге назар аудартып, зейнетақы жүйелерін жаңа жағдайларға бейімдеуге шақыратынын байқауға болады. Әлем бойынша 75 зейнетақы жүйесіне өзінің төл индексі – API-ді қолдана отырып талдау жүргізетін Allianz-дың бұл есебінде Қазақстан да бар.

БЕЛ ОРТАДАН СӘЛ БИІК

API индексі үш суб-индекстен тұрады. Оған негізгі демографиялық және фискалды жағдайларға талдау жасау, зейнетақы жүйесінің орнықтылығы мен сайма-сайлығын анықтау кіреді. «7» балдық шәкіл бойынша барлығы 40 өлшем қарастырылған, мұндағы «1» ең үздік нәтиже дегенді білдіреді. Құжатқа қарап отырсақ, онда талданған барлық зейнетақы жүйесінің ортақ көрсеткіші 3,6 балды құраған екен. Ал Қазақстанда ол (API-2023) орташадан 0,1 балл жоғары. Бұл ретте мемлекеттің зейнетке шыққан әрбір адамның қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алатын мүмкіндігін көрсететін зейнетақы жүйесінің молшылық көрсеткіші 3,3 балды құраған. Мұндай бағалау кезінде зейнетақы төлемдерінің деңгейі, зейнетақы жүйесімен қамту көлемі, қаржылық қызметтерге қолжетімділік және егде жастағы жұмысшылардың еңбек нарығындағы интеграциясы зерделенген. Молшылық рейтингінде Дания мен Нидерланды 1,4 және 1,7 балмен көш бастап тұр.

«Қазақстанның зейнетақы жүйесінің API-2023 индексі – 3,5 балл. Осылайша, ол 75 елдің ішінде 34-ші орынға орнығып, ТМД бойынша көршілерінен, сондай-ақ Испания, Чили, Сингапур сынды тағы да басқа елдерден озық тұр. Бұл нәтижелер Қазақстанның зейнетақы жүйесі индексте ұсынылған басқа елдермен салыстырғанда орташа деңгейде және зейнетақы төлемдері салыстырмалы түрде тұрақты әрі жеткілікті екенін білдіреді», – дейді Allianz сарапшылары біздің елге баға бере отырып.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ширек ғасыр ғана толған Қазақстан үшін бұл өте лайықты көрсеткіш, дегенмен одан да әрі өсу мүмкіндігі зор. Allianz сарапшылары жалпы ахуалды сипаттай келе, өткен жылдармен салыстырғанда зейнетақы жүйелеріндегі жағдай сәл ғана болса да жақсарғанын атап өтіп отыр.

«Зейнетақы реформаларын жүргізу қажеттілігі туындап отырғанына қарамастан, тек аз ғана ел жағдайын едәуір жақсарта алды. Құжатта Дания, Швеция және Нидерланды мемлекеттері жалпы ұпайы 3-тен төмен балмен индекстің жоғарғы жағында тұр. Өйткені олардың зейнетақы жүйелерінде өмір, сүру ұзақтығының өзгеруіне сәйкес зейнетке шығу жасына түзетулер енгізу қарастырылған, бұдан бөлек бұл елдерде кәсіби және жеке капиталдан тұратын зейнетақы құрамдауыштары мықты дамыған», – делінген есеп құжаттамасында.

Аталған субиндекс жүйенің төлем деңгейі, зейнеткерлікке шыққан кездегі табысты алмастыру коэффициенті сынды санаттарды да көрсетеді. Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарына сәйкес, бірінші деңгейдегі зейнетақыларды алмастыру коэффициенті орташа жалақының 40-60%-ын құрау керек. Әлемде ЭЫДҰ-ның өлшемдері бойынша бұл көрсеткіш біркелкі емес: Бразилияда алмастыру коэффициенті 89%, бұл – ең жомарт зейнетақы жүйелерінің бірі. Ал Африка мен Оңтүстік Американың бірқатар елінде ең кедей зейнеткерлер тұрады. Олар 15% деңгейіндегі жиынтық алмастыру коэффициентімен өмір сүріп жатыр. Германияда, АҚШ-та және Жапонияда зейнетақыны алмастыру деңгейі 30%-дан 40%-ға дейін өзгеріп тұрады. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш зейнетақының ортақ құрамдауышын ескере отырып, қазір шамамен 52%-ды құрайды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдері, азаматтардың зейнетақыларының кіріс деңгейін ұзақмерзімді перспективада сақтап қана қоймай, арттыра түсу үшін де олардың жинақтарын көбейте түсу маңызды екенін айтады. Бұл жерде әңгіме ерікті зейнетақы жинақтарын ашуды насихаттап, кең қолданысқа енгізу, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын арттыру, мемлекеттік бюджеттен берілетін жиынтық зейнетақының базалық құрамдауыштарын дамыту сияқты өнімдер туралы болып отыр. Қазір осы және басқа да мәселелер талқылану үстінде, соның ішінде БЖЗҚ-ның актуарий мамандары мен уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен де есеп-қисаптар жүргізілуде.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының құрылып, жұмыс істей бастағанына салыстырмалы түрде алғанда көп уақыт өте қоймағанына қарамастан, оның үздіксіз дамуы мен жаңғыртылуы, тәжірибесі, соның ішінде ортақ құрамдауыштан жинақтаушы құрамдауышқа бейімделе отырып, біркелкі түрде ауысуы әлем елдері арасында сәтті деп танылып, терең зерделенуде. БЖЗҚ-ның соңғы жылдары алған сәйкестік сертификаттары еліміздің зейнетақы жүйесіндегі негізгі институттың халықаралық деңгейде мойындалып отырған тұрақты деңгейін нақтылай түседі. Қордың кәсібилігін 2022 жылы Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы Құрмет грамотасымен атап өткен болатын. Бұл марапат Қорға «2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясын іске асырғаны үшін: тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту аясын кеңейту ісіндегі табыстары үшін» берілді.

КЕЗЕКТІ СЫН-ҚАТЕР: ЖЕДЕЛДЕГЕН ДЕМОГРАФИЯ САҒАТЫ

Десе де, әлем елдерінің қандай үлгідегі болмасын зейнетақы жүйелері бұған дейінгі реттеу тетіктері мен өзгерістерге бейімделу әдістері іс жүзінде қауқарсыз болып отырған жаңа сын-қатерлерге ұшырауда. Сондықтан жаңаша әрекет ету құралдары мен ықпал ету тетіктерін іздеу өзекті мәселеге айналып отыр. Өз есебінде Allianz бұл мәселені «Демографиялық сағатқа қарсы реформа» деп атады. Ондағы мәліметтер бойынша, 2050 жылға қарай әлемде егде жастағылардың экономикаға салатын ауыртпалығы бүгінгі 15,1%-дан 26,3%-ға дейін өседі екен. Естеріңізде болса, 2019 жылы ол «бар болғаны» 25,3%-ға дейін ғана өседі деп болжанған болатын. Бір сөзбен айтқанда, әлемде зейнеткерлерді қамтамасыз ету мүмкіндіктері тұрғысындағы теріс тренд айтарлықтай жеделдеп келеді.

«Қоғам өзінің қартайған халқына қанша ақша жұмсауға дайын?» деген мәселе, саяси сипаттан бұрын техникалық сипатқа ие бола түсуде. Өйткені мемлекеттердің қарияларға төлейтін жәрдемақы шығындары көбейіп, керісінше дағдарыс салдарынан бюджеттері қысқару үстінде. Ендігі жерде «Қартайған халқы үшін қай ел қаражат жұмсай алады?» деген мәселе өткір тұрмақ», – деп дабыл қағады Allianz.

Бүгінде бірқатар елдер бейнелеп айтқанда, «сағат тілін кері бұрауға» әрекет етіп, зейнет жасын өсіруге талаптануда. Оған кәсіби орта мен сарапшылар қауымдастығы түсіністікпен қарағанымен, қарапайым азаматтар қатты наразы. Бұл түп-төркіні әлеуметтік сипатқа ие зейнетақы қоры сынды қаржы институттарының қиын жағдайда тұрғанын айғақтай түседі. «Кейбір елдердің мұндай әрекеттерді «өмір жасының ұзаруымен байланысты» етіп көрсетуге тырысуы да осы тектес ахуалдың шынайы бейнесін бермейді», – дейді мамандар.

АЛДЫН АЛҒАН ҰТАДЫ

Халықтың қартайып бара жатқаны сынды жалпы әлемдік тренд Қазақстанға да әсер етіп отырғандықтан, отандық заң шығарушылар, қаржыгерлер, қоғам өкілдері еліміз үшін әзірге өзекті болмаса да, осынау мәселені шешудің алгоритмдерін іздеп, қызу талқылау қамында. БЖЗҚ жақында жүргізілген зерттеуінде; «халықтың өсуімен елдегі егде жастағы адамдар саны да тұрақты түрде өсіп отырады: 60 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 2050 жылға қарай қазіргі 12%-дан 18,5%-ға дейін өседі деп болжануда; ал 65 және одан жоғары жастағы адамдардың үлес салмағы қазіргі 7,8%-дан 13,1%-ға дейін артпақ» делінген.

– Тұтастай алғанда, актуарий мамандар жүргізген зерттеулер бізге өмір сүру ұзақтығының қаншалықты артуы мүмкін екенін, ұзақмерзімді перспективада туудың төмендеуі мен халық құрылымындағы қарт адамдар үлесінің өсуі қаншалықты мүмкін екенін болжауға мүмкіндік береді. Осы үдерістерді ескере отырып, біз 2040-2050 жылдары байқалатын демографиялық өзгерістерге дайындалып жатырмыз. Демографиялық сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан өзінің зейнетақы жүйесін уақытылы бейімдеп, оның орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, белсенді еңбек ету кезеңі аяқталған өз азаматтарына лайықты зейнетақы алу үшін жағдай жасауы тиіс, – дейді «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Егеубаева.

Осыған сәйкес, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласындағы негізгі институты ретінде 2022-2026 жылдарға арналған жаңа стратегиялық мақсаттарын бекітті. Енді қор ең үздік әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, әрбір қатысушыға зейнетақы қызметтерін көрсетуде және коммуникация жасауда дербестендірілген тәсілге назар аударғалы отыр. «Әр адам – дербес болмыс, сондықтан да қызмет көрсетудің жаппай сипатынан бой тартып, тікелей жеке адамға қызмет көрсету тәсіліне көшу көзделуде», – дейді БЖЗҚ мамандары.

Нәтижесінде, бұл әр адамның есепшотындағы қаржыны молайта түсуге мақсат қоятын жеке жинақтау жоспарын жасап шығуға мүмкіндік бермек. Осы тұста салымшылар мен алушыларға цифрлық технологиялардың көмегіне жүгінуге бар жағдай жасалатын болады. Әр салымшыға қор өнімдерінің желісі ұсынылып, соның ішінде басқарушы инвестициялық компанияларға да өз жинақтарының жартысына дейін инвестициялау мүмкіндіктерін пайдалануға көмек көрсетілмек. Одан бөлек, жұртшылықпен және БЖЗҚ-ның қарсы серіктестерімен тиімді өзара іс-қимыл жасау, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және заңнаманы орындау тұрғысында маңызды міндеттерді жүзеге асыру қарастырылуда.

Allianz сарапшыларының Қазақстанның экономикалық моделі үшін қолайлы болуы мүмкін деп ұсынып отырған ұсыныстары да көңілге қонады. Олар зейнетақы жүйесі салымшы зейнетке шығар алдында да онымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі керек деп санайды.

«Бұл ұсыныс толық емес жұмыс күніне және заңмен белгіленген зейнет жасына жеткеннен кейін де зейнетке шығуды кейінге қалдырған кезде жаңа (қосымша) зейнетақы құқықтарын алуға рұқсат беруге қатысты. Одан басқа 60 жастан асқан жұмысшылар үшін әлеуметтік қамсыздандыру жарналарының төмен мөлшерлемелері де, 60 жастан асқан жұмыссыздарды/қызметшілерді жалдау кезінде жалақыға уақытша субсидиялар қосу ұсыныстарын да қамтиды», – дейді сарапшылар.

Осы айтылғандарды бір сөзбен түйіндесек, сақтау мен көбейтудің бейнетіне көнген – жинағының зейнетін көреді. 25 жыл тарихында қазақстандық үлгі қалыптастыра алған бұл қаржы институтының бүгінгі тынысы осыны түбегейлі дәлелдеп отыр.

ӘУЕКОМПАНИЯСЫНА АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Бас көлік прокуратурасы органдарымен бірлесіп, Air Astana қызметіне тексеру жүргізді.

Компания халықтың сұранысы артуына орай әуебилеттер бағасын қымбаттатып жиі сынға ұшырап жүр. Осы орайда тексеру нәтижесі бойынша компанияның іс-әрекеттерінде әуетасымалдар нарығындағы үстем жағдайды теріс пайдалану фактілері анықталып, әрбір әуебилеттен жанармай алымын негізсіз алғаны әшкере болды.

Осылайша, Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты компанияға 6,7 млрд теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салды.

РУХАНИ АСТАНАНЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Әлемдегі дамыған, зайырлы елдерде бір ғана әкімшілік астана болады. Басқа астаналарының бәрі тек бейресми мәртебеге ие. Бұл ретте Үкімет теңдесі жоқ «Қазақстандық жолды» ойлап тапты: Түркістанды «Қазақстанның рухани астанасы» деп ресми жариялау ұсынылды. Осы мәртебені бекітетін заң биыл қабылданып, күшіне енеді деп күтіліп отыр. Бұл статус не үшін қажет? Халыққа, қалаға не береді? Терең қатпарлы тарих бар Түркістанда бейберекет заманауи құрылыс өрістейді деген қауіп айтылды.

Айхан ШӘРІП

БАС ҚАЛА БОЛУҒА ЛАЙЫҚ ПА?

Түркістан жақта той көп. Өңір астанасы Түркістан облысының 5 жылдығын ауқымды атап өтпек. Президент Қ.Тоқаевтың жарлығымен 2018 жылдың 19 маусымында жаңадан Түркістан облысы құрылған болатын. Облыстық Мәдениет және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әділ Қонысбековтың айтуынша, бұл тарихи шешім өңірге жаңа серпін берді, жан-жақты дамуға жол ашты.

– Осынау аз ғана уақыт ішінде өңіріміз өзгерді, облыс орталығы түлеп, жаңаша кейіпке еніп үлгерді. Тарихы тереңде жатқан шаһардың жаңа дәуірі басталып, жүз-деген жаңа нысан бой көтерді. Бесжылдық белестің қарсаңында облыс басшылығының қолдауымен өңірімізде бірқатар шара қолға алынды. Соның бір айғағы – «Түркістан облысына 5 жыл – 5 әдеби сапар» шарасы Қызылордада өтіп, Шымкентте жалғасты. Сондай-ақ Түркістанның туристік әлеуетін дамыту мақсатында сәуір-шілде айлары аралығына жоспарланған «Өнерлі өлке» облыстық өнер фестивалі аясында әр аудан, әр қаламыздың мәдени күндері өтіп жатыр, – деді Әділ Нұржанұлы.

Дегенмен «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңының жобасын әзірлеген Ұлттық экономика министрлігі Түркістанның облысқа айналуы көне қалаға біршама зиян келтіргенін алға тартты. Ведомстволық байламынша, бұл шаһардың тарихи келбетін, оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауға қауіп төндірді.

«Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесінің берілуіне байланысты 2018 жылы халық санының, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс көлемінің күрт өсуі тіркелді. Бұл қаланың тарихи келбеті мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің жоғалу қаупін тудырды. Түркістанға облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілгелі шаһар халқының саны 2018 жылғы 161,5 мыңнан 2023 жылғы 220,5 мың адамға дейін, яғни 35 пайызға өсті. Олардың бәрін баспанамен қамту қажет. Тиісінше, 2018 жылмен салыстырғанда тұрғын үйді іске қосу көлемі 6 есеге артты. Қаладағы тарихи-мәдени нысандарды кейінгі ұрпаққа тапсыру, олардың сыртқы түрінің сақталуы және туристерге қолжетімділігі мәселеге айналды», деп түсіндірді өңірлердің дамуына жауап беретін осы министрлік төл консультативтік құжатында.

Оның байламынша, Түркістанды сақтап қалу үшін оған рухани және тарихи астана мәртебесін беру және осы статуста дамыту қажет. Әрине, көне шаһар осыған әбден лайық. Түркістан қаласы бертінде Қазақ хандығының астанасы болды. Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда торабы рөлін атқарды. Қазақ хандығының ұлы тұлғалары, билеушілері, билері мен батырлары сонда жерленген. Ұлы сопы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі орналасқан. Сондай-ақ ол ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) 2021 жылғы сәуірдегі саммитінде Түркістан қаласын «Түркі әлемінің рухани астанасы» деп таныды.

Дегенмен заң жобасында жаңа мәртебе Түркістандағы тарихи жәдігерлерді заманауи құрылыстың аранына жұтылудан қалай құтқарып қалатыны ашып айтылмаған. Ал бұл – ең маңызды мәселе. Өйткені жаңа мәртебенің берілуі, қаржы тасқынының күрт артуы бұл шаһарға миграциялық ағынды қарқынды ұлғайтады. Мол қаржылық ресурстарды игеруге қызығушылар көп болып, Түркістан өзіндік бір «алтынды Клондайкқа» айналуы ғажап емес. Сонда тұрғын үй, мейрамхана, әлеуметтік нысан және басқасы құрылысының ауқымы 6 емес, 60 есе артуы, шаһар алып мегаполис деңгейіне тез жетуі мүмкін. Онда қойны тарихи қазына мен мәдени мұраға толы Түркістан жерінен археологтар ысырылып, бульдозерлер мен экскаваторлар үстемдік етпей ме? Әзірге бұған нақты жауап жоқ. Заң жобасын қарау барысында Парламент депутаттары күрмеулі мәселелердің түйінін тарқатып, құжатты кемеліне жеткізе пысықтаса, жөн.

2023 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша Түркістан қаласы тұрғындарының саны 220,5 мың адамнан асты.

«Қала облыс орталығы болған 5 жылда оның тұрғындарының саны 55,4 мың адамға артты. Ал Түркістанға «Қазақстанның рухани және тарихи астанасы» ерекше мәртебесі берілген соң халық санының өсу қарқыны жалғасады деп болжаймыз. Өйткені қаланың мәдени және діни туризм орталығы ретіндегі тартымдылығы артады. Сондай-ақ Түркістанның геосаяси картада да ерекше рөл атқаратынын және Түркі әлемінің халықаралық туризм мен қажылық орталығы саналатынын ескеру қажет», – деді министрлік сарапшылары.

ЖАҢА МӘРТЕБЕ НЕ БЕРЕДІ?

«Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңы жобасының басты жаңалығы сол, ол Түркістан қаласының «Қазақстанның рухани және тарихи астанасы» мәртебесін бекітуді көздейді.

Сонымен бірге онда Түркістан қаласы әкімдігінің құзырын кеңейту ұсынылып отыр. Біріншіден, облыс деңгейінен тікелей Түркістан әкімдігінің қарауына тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, туризмді дамыту саласындағы кейбір қосалқы функциялар түсірілмек. Бұл «мәселелерді шешу жеделдігін арттыру және бақылауды күшейту үшін» қажет көрінеді.

Екіншіден, енді қала билігі тарихи-мәдени мұра ескерткіштері орналасқан кез келген аймақта объектілерді салуға және пайдалануға қосымша талаптарды белгілеу өкілеттігіне ие болады. Лайықты бақылау болмаса, бұл сыбайлас жемқорлықты ушықтыруы ықтимал. Айталық, ниеті қарау шенеунік пара дәметіп, оны бергенше кәсіпкерге қосымша талаптарын тықпалай алады.

«Қоғамдық мүдделер жеке мүдделерден жоғары тұрады. Осы өзгеріс аясында өздеріне тиесілі, өз меншігіндегі жер учаскелерінде сәулет, қала құрылысы, құрылыс және өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қосымша талаптар қойылады. Бірақ бұл шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім өндірісінің шамалы төмендеуіне соқтыруы мүмкін», – деді экономика министрлігіндегілер.

Үшіншіден, облыстың және қаланың жергілікті атқарушы органдарына бірқатар шешімдерді қабылдау процесін жеделдетуге мүмкіндік беретін қосымша құзыреттер беру жоспарланған. Нәтижесінде, коммуналдық шаруашылықты, көлік инфрақұрылымын, сәулет пен қала құрылысын, сауда, сервисті реттеу мәселелері облыстық және қалалық мәслихат пен әкімдік деңгейінде дербес шешілетін болады.

Яғни, жаңа мәртебесі заң жүзінде бекісе, онда Түркістан да ерекше мәртебесі бар Алматы мен Астана сияқты шешім қабылдауда Үкіметке жалтақтамай, біршама тәуелсіз қимылдай алады.

Төртіншіден, облыс пен қала әкімдіктерінің функциялары да көбейеді. Мысалы, олар қала аумағында құрылыстың бірыңғай стилистикасының қолданылуын реттеуге, бірыңғай сәулеттік келбетті қалыптастыруға, арнайы қала құрылысы стандарттары мен бірегей дизайн-кодты пайдалануға, туристік тартымдылық орындарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге, көлік және инженерлік инфрақұрылымды бейімдеуге міндетті болады.

Осы салаларда қаланың төл стандарттары бекітуі мүмкін. Әзірге Түркістан қаласындағы қоғамдық қатынастар да ерекше мәртебесі жоқ өзге қалаларға ортақ жалпы заңнамамен реттеледі.

Бесіншіден, қаланың қоржыны қаржыға толады. Экономика министрлігі жаңа мәртебе Түркістанда қажетті инфрақұрылымды салу және реконструкциялау үшін ауқымды инвестицияларды тартуға ықпал ететінін атап көрсетті. Бұдан бөлек, Түркістан облысының 2025 жылға дейінгі Әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында көзделген іс-шаралар уақтылы қаржыландырылатын болады.

МӘРТЕБЕНІҢ МҮМКІНДІКПЕН БІРГЕ ҚАУПІ БАР

Министрлік тартқан мамандар жаңа мәртебенің теріс жақтары да болуы мүмкін екенін ескертті. Алдын алу шаралары қабылданбаса, шаһардың жаппай ластануына жол беріледі және стихиялық урбанизация өрістейді. Табиғи ресурстарды қорғау мәселелері құрылыстарды жобалау сатысында, мәдени және өзге де объектілерді пайдалану басталғанға дейін шешілуі тиіс.

«Х.А.Ясауи кесенесінің сақталуына төнген қауіп жойылмаса, ол ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміндегі мәртебесін жоғалтуы мүмкін. Кесенені реконструкциялау, сондай-ақ тарихи мұраны қорғау аймағын пайдалану кезінде құрылыс, гидротехникалық және өзге де технологиялық нормалар сақталмаған. Кесененің жай-күйіне теріс әсер ететін себептерді анықтау және жою жөніндегі шараларды уақтылы іске асыру керек», – деп кеңес берді сарапшылар.

Эксперттердің дабылы құлағына жетсе керек, осы аптада ЮНЕСКО-ның бас директоры Одрэ Азуле Түркістан қаласына сапарлап, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне қазақстандық нысандар арасынан бірінші болып кірген Қожа Ахмет Ясауи кесенесін аралап көрді. Мемлекеттік кеңесші, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Ерлан Қарин оған кесенені сақтауға қатысты атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндады. Бірақ Одрэ Азуленің қандай тоқтамға келгені белгісіз күйі қалды.

Сарапшылар қалаға жаңа мәртебе берілсе, жергілікті кадрлар өзіне берілген жаңа құзырларды, өкілеттіктерді және функцияларды еңсере алмай қалады деп алаңдайды. Ал «мәслихат пен әкімдіктің қосымша функциялармен шамадан тыс жүктелуі» олардың орындалу сапасына кері әсер етуі мүмкін. Себебі «оларда қажетті тәжірибе жоқ». Ендеше заң қабылданып жатса, онда Түркістанға Астана мен Алматыдан, тіпті шетелден білікті кадрларды тарту, жергілікті мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау қажет болмақ.

Үкіметтің ұстанымынша, Түркістан қаласының рухани және тарихи астана атануы – ондағы туризмнің, бизнестің, өндіріс орындарының, құрылыстың, тамақтандыру қызметтерінің және басқа салалардың дамуына, сондай-ақ қала инфрақұрылымының жаңаша өркендеуіне серпін береді.

АСТЫҚТЫ ӨҢІР АЛҒА БАСАДЫ

Ақмола облысында алдағы бірнеше жыл ішінде ондаған ауқымды инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Мұнда Мемлекет басшысының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындауға баса назар аударылған. 2026 жылға дейін шамамен 306 миллиард теңге сомасындағы 92 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланыпты. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев мәлім етті.

Жалпы, осы жылдың төрт айында өңір экономикалық және әлеуметтік саладағы көптеген бағыт бойынша оң нәтижелерге қол жеткізген. Соңғы үш жыл қорытындысында әлеуметтік-экономикалық негізгі индикаторлар бойынша көрсеткіші түзелген облыстың алға қойған мақсаттары да жоғары. Атап айтқанда, өнеркәсіп өндірісінің дамуы аса қарқын алған. Өнім өндіру көлемі 558 миллиард теңгеге жетіпті. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде де өнім көлемі еселеп артқаны байқалады. Мәселен, өндіріс индексі 115,3 пайызды құраса, тау-кен өнеркәсібі 122,6 пайызға, металлургия 127,1, машина жасау 124,1 және тамақ өндіру өндірісі 105,5 пайызға өскен. Ал өнім шығару саласында комбайн өндірісі – 2,5 есе, трактор – 1,5 есе, өңделмеген алтын – 37 пайыз, өсімдік және сары май өндірісі 1,5 есеге дейін ұлғайған. Өсім негізінен өткен жылы жаңа өндірістік қуатты енгізумен өнеркәсіптік әлеуеттің артуына байланысты ұлғайыпты. Жалпы, облыста 231 миллиард теңгенің 163 жобасы жүзеге асырылып, нәтижесінде 3,5 мың жаңа жұмыс орны ашылған.

– Облыстың дамуына айтарлықтай маңызды үлес қосып отырған бірнеше нысанды атап өтейін. Олардың қатарында құны 105 миллиард теңге болатын «Әр Джи Процессинг» алтын өндіру фабрикасы, құны 27 млрд теңге болатын «Эс Джи Брик» кірпіш зауыты, 16,8 миллиард теңге сомасына салынған «ҚазақАлтын Технолоджи», 15 млрд теңге сомасындағы «Эс Джи Бетон» темірбетон бұйымдарын жасап шығару зауыттары бар. Мұнымен қоса, биыл Аршалы ауданында «Борей Энерго», Зеренді ауданында «Эталон Винд Пауэр» жел электр стансасы, Бұланды ауданында үшінші Макинск құс фабрикасы мен Аршалы ауданында екінші «Эс Джи Брик» кірпіш зауыты ашылады, – дейді облыс әкімі Ермек Маржықпаев.

Өңір басшысының айтуынша, биыл сонымен қатар Бурабай ауданында «Бурабай Биогаз» ЖШС органикалық тыңайтқыштар өндірісі бойынша сағатына 5 мегаватт қуат беретін биогаз зауытын салу, Аршалы ауданында «Борей Энерго» жел электр стансасының екінші кезеңін аяқтау, Зеренді ауданында «Қазақ Даймондс» техникалық алмаз концентратын шығару фабрикасын салу, темірбетон бұйымдарын дайындау өндірісін кеңейту, Аршалы ауданында «SG Бетон» зауытының екінші кезеңін және басқа да жобаларды аяқтау жоспарланған.

– Аталған өндірістердің жобалық қуаты есебінен, сонымен қатар өңірдің кәсіпорындарының тұрақты дамуын сақтай отырып, осы жылдың қорытындылары бойынша тауар өнімінің рекордты көрсеткіші айтарлықтай артады деп күтеміз. Былтыр ол 1,5 трлн теңгені құраған, бұл – ел бойынша ең жоғары көрсеткіш. Жоғарыда аталған нысандар өңір дамуы үшін аса маңызды әрі жаңа жұмыс орындары, салық түсімдері мен әлеуметтік инфрақұрылымның жақсаруына септігін тигізеді, – дейді облыс әкімі.

Облыс әкімі машина жасау саласында өңірдің еліміз бойынша жетекші орындарға қол жеткізгенін атап өтті. Мәселен, «ҚазРостИнжиниринг» компаниясы мен «КАИК» компаниялары жыл сайын екі мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасын шығарса, «Камаз Инжиниринг» акционерлік қоғамы жыл сайын мың жарым данаға дейін мамандандырылған автокөлік шығарады. Еуропа және Азияның алдыңғы қатарлы елдерінің роботтандырылған жабдықтарын орнатады.

Өңір – елдегі негізгі астықты аймақтардың бірі. Ауылшаруашылық өнімдерінің 10 пайызы Ақмола облысының үлесінде. Жалпы, осы жылдың төрт айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығында жалпы ішкі өнім көлемі 114 млрд теңгені құраған. Облыс әкімі сонымен қатар жыл басынан бері азық-түлік өндірісінде де өсім байқалғанын атап өтті. Әсіресе, ет өңдеу саласы 51 пайызға, сүт өндірісі 13 пайызға, астық өңдеу – 11 пайызға, нан өнімдері мен басқа да салалар 25 пайызға көтерілген.

– Бүгінде облыс ауыл шаруашылығындағы негізгі міндеттерді уақытында және сапалы орындап, егіс науқанын қолайлы ауа райында ойдағыдай аяқтады. Бұл, әрине жақсы өнім алудың кепілі. Жаздық егіс көлемі 5,2 миллион гектар алқапты құрайды. Бұл – еліміз бойынша аса үлкен аумақ. Өңірдің астық өндірісінде көшбасшылығын сақтап тұрғанын атап өткім келеді. Өйткені республика көлеміндегі астықтың төрттен бір бөлігі өндіріледі. Облыс өткен жылы тауық жұмыртқасы өндірісі жөнінен еліміз бойынша алғашқы орынға шықты, – дейді Ермек Маржықпаев.

Облыс әкімі тұрғын үй құрылысының қарқынына да тоқталып, ел бойынша осы салада төртінші орында тұрғанын жеткізді. Биыл 51 көппәтерлі тұрғын үй салу жоспарланған. Осы жылдың 4 айында 212 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 1 920 отбасы баспаналы болды.

«Жыл соңына дейін кемінде 650 мың шаршы метр немесе 5 мыңға жуық пәтерді пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар құрылыс географиясы кеңейіп келеді, ол барлық қала мен аудан орталықтарында жүзеге асырылады. Жалпы, 2019 жылдан бастап облыс бойынша 3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді», – деді әкім.

Сонымен қатар Степногорск және Атбасар көпсалалы ауруханаларын жаңғырту жоспарлануда. Биыл Қоянды ауылында 50 адам қабылдайтын алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығының, Сочинское ауылындағы медициналық пункттің, Новосельское ауылындағы ФАП құрылысы аяқталады. Ал Біржан сал ауданы Степняк қаласында аурухана құрылысы басталды. Облыс орталығында түрік инвесторымен МЖӘ аясында 630 төсек-орындық заманауи көпбейінді ауруханаының құрылысы қолға алынбақ.

Бұған қоса, өңір басшысы тұрғындарды ауызсумен толықтай жабдықтау жөніндегі жұмыс жайлы да сөз қозғады. 2025 жылға қарай 65 ауылда орталықтандырылған желілер салынады. 105 елді мекенде суды тазарту және беру үшін кешенді блок-модульдер қойылады.

Табиғаты тамылжыған өңір туристер үшін де таптырмайтын мекен. Өңірге келетін барлық туристің 85 пайызы Щучинск – Бурабай курорттық аймағын таңдайды. Бүгінде мұнда 9 мыңнан астам келушіге арналған 183 нысан жұмыс істейді.

«Өткен жылы курорттық аймаққа жалпы ағын бір миллион адамнан асты, биыл 1 млн 200 мыңнан астам турист келеді деп күтудеміз. Демалыс маусымы ашық. Щучинск – Бурабай курорттық аймағын дамытуға биыл 4,6 млрд теңге бөлдік, шамамен 100 шақырым жол төсемі салынып, жөнделеді», – деді өңір басшысы.

Абзал ТОҚАНОВ,
Ақмола облысы

Шығармашылық еркіндіктің де шегі болады

Киім ілгіштен басталып, қасиетті сахнаға дейін жалғасатын театр төңірегінде түйткіл көп. Әсіресе, театр репертуарының жаңармауы, жергілікті, жас драматургтердің назардан тыс қалуы, еңбегіне сай қаламақының төленбеуі секілді өнер жанашырларының өзегін өртейтін жайттар жеткілікті. Оның кейбірі ашық айтылып, енді кей бөлігі театр төңірегінде жүргендердің арасында ғана сөз болып жатады. Белгілі театр сыншысы Амангелді Мұқанмен сұхбатымызда сахнаның арғы жағындағы мәселелер хақында әңгімелескен едік.

– Амангелді аға, «Отандық драматургия және театр өнері: диалог, үдеріс» тақырыбында дөңгелек үстел өткен екен. Жалпы, драматургия, театр саласындағы өзекті мәселе жиындарда шешімін таба ма? Осы кезге дейін отандық театр өнері төңірегінде талай отырыс өткен секілді. Бізде алға жылжу бар ма, әлде кері кетіп барамыз ба?

– Иә, өткен дүйсенбіде біздің драматургия мен театр сынының мәселелерін көтерген дөңгелек үстелдегі мақсатымыз уақыт талабына сай отандық драматургия мен театр сынының өзекті мәселелеріне назар аударту болды. Заманауи драматургияны дамыту жолдары, драматург-автордың театрдағы орны мен құқықтарын анықтау, театр сыны мен жұмысына жүйелі көзқарас қалыптастыруы секілді өзекті мәселелерді осы саланың кәсіби мамандарымен талқылап, шешім қабылдау, ұсыныстар дайындау болды. Әлеуметтік желіде нәтижесі талқыланып қашықтықтан қосылып тыңдаған театр мен драматургия төңірегіндегі қайраткерлердің осы саланың ушыққан мәселелеріне назар аударттық. Иә, бұл жиынның осы форматта өтуіне AIQYN газетінің айқара бетінде жарияланған белгілі қаламгер, драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың көлемді мақаласы себеп болғанын баса айтқым келеді. Көтерілген мәселе, оны ушықтырмай дер кезінде шара қабылдау қоғам мен Үкімет арасындағы диалогтың бар екендігін көрсетеді. Сондықтан өзегі піскен жараның жарылуын күтпей алдын алу әлдеқайда тиімді. Сондықтан дөңгелек үстелге Президенттің кеңесшісі Мәлік Отарбаевтың өзінің бас болып қатысқан қуантты.

Расында, бұл мәселенің баяғыдан айтылып келе жатқаны, айта-айта жауыр болғаны да жасырын емес. Әрине, театр төңірегіндегі мәселелер жалғыз дөңгелек үстелмен шектемейді. Жағдайды реттеу бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуі керек деп ойлаймын.

Әр заманның өз құрқылтайы болатыны секілді өз заманында театрдың да, өз көрмені болады. Бүгінгі көрермен театрға бармаса, кассада билет сатылмаса, театрдың қадірі кетіп, көркемдік деңгейі түскені жайлы дабыл қаға бастаймыз. Қазақ театры соңғы 20-30 жылда соның бәрін көрді. Залдағы көрерменнен сахнадағы әртістердің көп болғанын көрдік. Бұл жағдай да сахнадағы әртіске кері әсер етеді. Ал қазір театрдың, драматургияның да бір орнында тұрмағанының куәгері болып отырмыз. Театрлардағы кей спектакльге билет жоқ. Электронды сатылымға түскен 500-600 билет қас қағым сәтте сатылып кетеді. Бұл әрине, көрерменнің театрға қайта оралғанын көрсетеді. Сәйкесінше, көрерменнің талғамы да өзгерген. Сондықтан театрға келген көрермендердің кейбірі «Біздің Әзекеңнің (Ә.Мәмбетов) қойылымдарына жетпейді, Ғабит Мүсіреповті оқи алмапты, Мұхтар Әуезовтің жанына да жоламаған» дегендей әрі-сәрі күймен қайтатындары бар.

Дегенмен бұл заман жастардың заманы екенін мойындауымыз керек. Заман ағымына сай театрдың да бір орында тұрмайтыны белгілі. Сол себепті Әуезов пен Мүсірепов, секілді мүйізді қарағайдай драматургтердің туындыларын жаңа сахналық үлгіде көріп келеміз.

– Соңғы жылдары театр десе, репертуар мәселесі жиі айтылады. Ұлттық театрларда жақсы пьесалар өз аяғымен келетін шығар, өңірлерде бұл тақырып әлі де өзекті. Өзі режиссер, өзі драматург, өзі актер – үштіктер неге көбейді?

– Театрдың негізгі азығы – драматургия. Бұл – аксиома. Сондықтан театр өнерінің киномен салыстыра келе жанды өнер екендігі қалай дәлелденсе, драматургия да осы театрдың ажырамастай бөлігі ретінде әлі де талай жылдар айтылатын, жалғасын табатын жанды құбылыс. Мәселе еліміздегі театрлардың басым бөлігінің мемлекет тарапынан қаржыландырылуында. Қазына қаржысы – халықтың қаржысы. Демек, көрерменнің ел мен жұрттың, мемлекеттшілдік пен ұлттық мүдде ескерілген, заман ағымына сай спектакльдерді талап етуге құқығы бар. Сонымен бірге бүгінгі жас көрерменнің көңілінен шығатын әсерлі, көркем, техникалық жағынан инновациялық қойылымдардың болуын да қалайды. Репертуар мәселесі осынысымен өзекті. Тіпті, кеңестік дәуір бұл үдерісті саясиландырып та жіберді. «Репертуарлық саясат» деген сөз тіркесін қараңыз. Сол себепті театр мен оның репертуары күн тәртібінен түспейді. Қандай пьеса қойылса да «Оның көрерменге айтпағы не?» деген сұрақ тұрады. Театрдың негізі бізге жеткен дерек бойынша, бұдан 2500 жыл бұрын гүлденген көне грек театрында, ашық аспан астындағы 15-16 мың адамға шақталған амфитеатрлар қаланған.

Әрине, кез келген автор өз пьесасының ұлттық театр сахнасында қойылғанын қалайды. Мен де драматург болсам, қойылымдарымның бас қаланың үлкен сахналарында қойылғанын армандауым мүмкін. Алайда драматургтердің туындыларының бәрі бірдей еліміздің бас театрының сахнасында қойыла бермейтіні де түсінікті. Десек те, жақсы пьеса жерде қалмайды. Тек театрлар, ондағы режиссерлар жақсы жазылған пьеса авторымен жұмысты жолға қоя алса болғаны. Әрі автор мен театр арасындағы шығармашылық байланысқа да қолдау көрсетілгені керек. Театр репертуарындағы аударма, шетелдік авторлардың қойылымдарының үлесін азайту, оның орнына отандық драматургтердің туындыларын көбейтудің тетігі қарастырылғаны жөн. Театр репертуарын жасауда еркіндікті тұсаулауға болмайды дегеннің өзінде басшылар жаңа авторлармен жұмыс жоспарын құрып, шеттеп қалған отандық драматургтерді тарта алса, бұл драматургияға жаңа серпін берер еді.

Қазір өзіңіз айтқандай, өзі автор, өзі режиссер, өзі орындаушы болатын драматургтер көп. Мен бұл үрдісті режиссердің (театрдың) авторларға деген сенімсіздігімен байланыстырамын. «Пьеса ұнамайды, пьеса жоқ!» деген заржақ үнді айтып келе жатқалы қай заман? Жазғаны қойылмаған авторлар әбден шаршап күдерін үзеді. Театрда режиссерді билігі жүріп тұрған осындай сәтте спектакльді жазудан бастап, сахналауға дейінгі міндетті өз мойнына алуы заңдылық. Әрине, режиссер пьеса жазбасын, қоймасын деген ойдан аулақпыз. Режиссерлер де жазсын, қойсын, бірақ негізгі театр репертуарын жасайтын кәсіби драматургтердің шығармашылық еркіндігіне мүмкіндік берілсін. Жас авторлар театрға бір пьеса жазып, оны көркемдік кеңестен өткізу, қойдыру үшін жылдап қиналғанша бір киносценарий жазып мол ақша табуға болатынын көріп біліп отыр. Осыдан жаңа пьесаларды кәсіби оқып, талдап жетілдіру жолдарын көрсететін сарапшылардың еңбегі ескерусіз қалып жатыр. Театр мен драма теориясы мен практикасын жақсы меңгерген театр сыншылары жетіп артылады. Олар еңбегіне сай қаламақы алатын болса, автормен жұмыс істеп, шала пьесаларды жетілдіру жолдарын автормен талқылап, режиссерге ұсыну секілді жұмыстарды дөңгелетіп алып кетер еді. Бұл мәселелер жүйелі, жоғары деңгейде жолға қойылмай қазіргі кемшіліктен құтыла алмаймыз. Негізінен, салалық министрлік жанынан жергілікті драматургтердің көркемдік сапасының өсуін, сахнаға қойылу жолын реттейтін орталықтандырылған сараптама кеңесі жұмыс істеуі керек. Жазылған пьеса бірнеше мәрте сүзгіден өтіп барып, режиссердің қолына түссе, ол пьесаның бағы ашылатыны анық.

– Репертуарды қарасақ, бір пьесаны бірнеше театр қатар қойып жататын үрдіс бар. Бұның себебі неде? Классиканы қайта қою қажет те шығар, бірақ біз көрерменді жалықтырып алмаймыз ба?

– Бұл да қазіргі драматургияда сапалы дүниелердің жетіспейтінін көрсетеді. Екіншіден, режиссерлерде ізденіс жоқ. Жазылған, аударылған пьесалар жетерлік. Аударылмағаны, қазақ сахнасына мүлдем қойылмағаны да бар. Соны оқып, сараптап қазақ көрермендеріне ұсынатын, бұрын қойылмаған пьесаларды іздеуде шабандық танытып жатырмыз. Осыдан барып театр репертуарының жиі қайталануы байқалады. Одан соң репертуарды түзуде көрерменді көптеп тартатын, спектакльге жұмсаған қаражатты қайтарып алуға мүмкіндік беретін қойылымдарға басымдық беру байқалады.

Білетіндер әлемдік театрларда 50-ге тарта үздік классикалық пьеса бар екенін айтады. Сол әлем театрларының өзі әлгі пьесаларды пластинканы тыңдағандай айналдырып қоя береді. Әр режиссер кейбір қойылымдардың өңін айналдырып, түрлі нұсқада ұсынып жатады. Бұл үрдіс бізде де бар. Кез келген жаңа туындыны сахналау туралы шешім қабылдауда театр директоры жеті рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр. Өйткені жаңа спектакль қоюға көп уақыт пен қыруар шығын кетеді. Осыншама қаржы құйылып, күш-жігер жұмсалған спектакльге көрермен келмесе бар еңбектің зая кеткені. Жасыратыны жоқ көп жағдайда көрерменді жас автордан бұрын аты мәшһүр Шекспир, Чехов, Әуезов деген сынды авторлар тартады.

– Қазір жекеменшік театрлардың қатары артты. Жеке театрларда қандай қойылымдар қойылып жатыр? Қадағалау бар ма?

– Біз кеңестік дәуірдегі цензура деген ұстанымнан кеткелі біраз уақыт болды. Театр өнері – ол ұжымдық өнер және көрермендер үшін жасалады. Сахнадан көрермен өзін, өзі өмір сүретін қоғамды айнадан көргендей болады. Ол жерде фальш, жалған ақпарат тарату немесе басқа бір қоғамға жат әрекетке үгіттеу сирек кездеседі.

Мұнда басты мәселе жеке театр ашқан азаматтардың қоғам алдындағы жауапкершілігі, қалыптасқан ұстанымдар мен тұрақтылыққа шабуылдамау, әрбір суреткердің өзінің ішкі қадағалауына байланысты. Сондықтан біздің қоғамда цензура қабылданбайды. Шығармашылық еркіндіктің де шегі болатынын кәсіби театрдан хабары бар әрбір маман жақсы түсінеді деген ойдамын.

– Сұлтанәлі Балғабаев бізге берген сұхбатында: «Ал қазір әр адам пьесасын театрларды жағалап, өзі таратады. Болмаса сол театрлар қарайтын ресми жоғары орындардан сұрамшақтанып, көмек сұрайды» деген еді. Пьесасын апарса, театр басшылығы қабылдап ала бере ме? Әлде шығармаға қойылатын талаптар бар ма?

– Кеңес үкіметі тұсында Мәдениет министрлігінде репертуарлы-редакциялық коллегия деген бөлім жұмыс істеді. Талай сүбелі спектакльдер сол ортада дүниеге келіп, талай талантты драматург осы жерден театрға ауызданып тарихта қалды. Бұл жұмыстың бәрі мемлекет тарапынан реттелді. Ал тәуелсіздік жылдарындағы жағдай сіз айтқандай кеп киді. 2005 жылы болар, Қазақстан Жазушылар одағының жыл қорытындысында баяндама жасаған Сәкен Жүнісов өзінің замандас драматургтерін үйдің оң жағына отырған бойжеткен қызы бар әкеге теңеген екен. Сол әке әр үйге (театрға) барып қызын өткізудің (сатудың) амалында жүрген сорлы сұраншы әкені еске салады деген екен. Сұлтекеңдұрыс, мәселені ішінен білгеннен соң айтады.

Жалпы, авторда драматургия туралы түсінік, арнайы білім болмаса, пьесаның нобайы осы екен деп шимай-шатпағын театрға тықпалаған ағаларымызды талай көрдік. Театр алады, алмағанда қайда барады? Әлгі авторлар сөйтіп жүріп, жергілікті жердегі әкімнің де тілін тауып алады. Министрлік облыстық театрлардың тағдырын жергілікті жердің басшыларына басыбайлы сеніп тапсырып қойған. Солай екен деп олардың шығармашылығына және сапалы драматургиямен қамтамасыз етуді, ұлттық, мемлекеттік көзқарастағы сүбелі шығармалар қоюға жағдай жасауды назардан шет қалдыруға болмайды. Бір шаңырақ астында, бір сахнада кезектесіп жұмыс істейтін екі-үш шығармашылық ұжым бар. Олардың аптасына қоятын екі спектаклінің кестесін шырылдатып тұрып өзгертіп, оның орнына театрда түрлі жиындарды театрда өткізу қалыпты дүниеге айналып бара жатыр. Осыдан барып театрдың халыққа қызмет етуі, таза шығармашылықпен айналысу мүмкіндігінен айырылғаны жанды ауыртады. Мәдениет саласында театрға деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп, жүйелі қайта құруларды қолға алатын кез келген секілді. Министрлік шығарманы қабылдауда да, оның көркемдік сапасы мен тұтастығына қойылатын талапты бірізділікке түсіруі, жүйелі жұмыс жасау механизмін қарастыру керек.

– Қазір режиссерлер қатары жастармен толығып жатыр. Жастардың арасында кімдер айрықша көзге түсіп жүр? Фархад Молдағалиев, Елік Нұрсұлтан, Дәурен Серғазин, Жұлдызбек Жұманбай сияқты жастардың үлкен шоғыры келе бастады. Тіпті, алды бірнеше спектакль қойып үлгерді. Бұл режиссерлердің қойылымында жаңашылдық бар ма?

– Көзі қырағы мамандардың айтуынша, театрдың әрбір 10 жыл сайын өрге қарай көтеріліп немесе құлдырап, жаңарып отыруы заңдылық. Бұл ұрпақ алмасу, кешегі күнге жаңа буын, жаңа форматта ойлайтын жастардың келуі. Өзіңіз аттарын атаған жастар бүгінде сол өрлеу жолында, қарқынды еңбек етіп жатыр. Қазір республикада сол жас режиссерлер қатарының ұзын-ырғасы 35-40-қа жетіп қалды. Алды біраз республикалық, халықаралық фестивальдерде оза шауып, алқа тағып бүгінде театрлар оларды өздеріне қойылымға шақыру үшін кезекке тұратын жай байқалады. Демек, сұраныс болған жерде жаңашылдықтың ауылы да алыс емес. Олардың қойылымдары әртүрлі. Ұстанған бағыттары да, уақыт тынысын сезінуі де, көрерменнің талабын дөп басып таба білуі де, бастысы, жас болса да әрбір қойылым сайын айтар ойы анық, ұстанымы берік заманға сай қойылым жасауға ұмтылады. Қойылымға көрермен театрдан бос кетпей бір нәрсе ұғып кетеді. Ал Фархад Молдағалидің режиссурасындағы «Құлагер» саун-драма үлгісінде қойылған спектаклі жақында Мәскеу қаласында «Алтын маска» театр фестиваліне қатысып, зор табыспен өнер көрсетті. Ақпарат алмасудың ықпалы болар сахнаға шығатын мәтіннің көркем туындыға айналуы, оны жіліктеп актерлермен талдап жұмыс істеуде әрине тәжірибенің аздығы сезіледі. Бірақ ұмтылыс, қайрат, жігер жеткілікті.

– Астанадағы Қалибек Қуанышбаев театры Мәскеуден аттай қалап Гүлназ Балпейісованы шақырып еді. Ол қойған «Баян сұлу – Қозы Көрпеш» көпшілік сынынан өтпей қалды. Жалпы, шетелден режиссер шақырғанымыз дұрыс па? Олар қазақ танымына қатысты дүниені қабылдай ала ма?

–Иә, әртүрлі пікірлер болды. Соның ішінде біразы бұл қойылымды қабылдай алмай жатты. Бірақ мен бұл пікіріңізбен келісе алмаймын. Өзім бұл спектакльді үш мәрте қайталап көрдім және алғашқы тұсаукесерінен кейін-ақ пікірімді әлеуметтік желіде жариялаған болатынмын. Әр спектакль сайын бұл ойым беки түсті. Қазақ театры жаңаша түлеп, қанаттанып жатқанда қан алмасып, жаңа режиссердің қолтаңбасымен сахнаға басқаша леп келді. Сахнадағы актерлер өздері ойнап жатқан шығармадағы оқиға желісі мен орнына, кейіпкерлер әрекетіне қозғау салар мақсат-мүдделерінің дұрыстығына және режиссер актерлерге сызып берген әрекет ету, өмір сүру дағдыларын ақтап шығады. Ал Гүлназ Балпейісова шетте жүрген өзіміздің талантты режиссер қарындасымыз және қазақ көрермендері әлі де бұл режиссердің шығармашылығымен жақынырақ танысар деп ойлаймын.

Жалпы, театр, өнер, шығармашылық кеңістігінде өз қазанында қайнаудан жаман нәрсе жоқ. Ондай сұрғылт, бірсарынды жүрекке от, көзге ұшқын салмайтын кезеңдердің артта қалғанына қуанамын. Аға, орта буын режиссерлеріміз алып келген ұстанымды жастарымыз іліп алып әрі қарай жалғастырды. Тәжікстаннан Барзу Абдраззаков, қырғызстандық Нұрлан Асанбаев, Нұрлан Абдыкадыров, Ұланмырза Қарыпбаев, өзбекстандық Валихан Умаров, Балтық жағалауынан Йонис Вайткус, ресейлік Айрат Абушахманов, Сергей Левицкий т.б. қазақ театрының шығармашылық келбетіне, шеберлігін шыңдауға, көкжиегінің кеңеюіне ықпал етіп, жаңаша бояу қосты. Сонымен бірге Гүлназ Балпейісова, Рача Махатаев, Әлібек Өмірбекұлы секілді еліміздің театр кеңістігінде көрініп жүрген жас режиссерлер де біздің театрдың түрленуіне сеп болуда. Сондықтан театрларымыз өз ісінің кәсіби шеберлерімен байланыста болуы – заман талабы. Шекара ашық, кедергі жоқ өзара барыс-келістің заманында томағатұйық отыру жараспайды. Оған бой алдырсақ тағы да орнымызды тұралап, іркіліске ұшырағанымыз болмақ.

– Драматургтерді шамдандыратын дүние – қаламақы мәселесі. Қаламақы болмаған соң жақсы шығарма да жазылмайтыны белгілі. Театрға қаржы соншалықты аз бөліне ме?

–«Кез келген елдің ұлттық драматургиясы өркендемей, оның театры ешқашан алға баспайды. Әлемдегі театрлардың бәрі ең алдымен өз драматургтерін ардақтайды; бірінші кезекте өздерінің ең үздік, көркемдік сапасы жоғары шығармаларын сахналайды» деген С.Балғабаевтың ойын қостаймын. Театрлардың репертуарлық саясаты да бірінші кезекте осы бағытта жүргізілуі керек. Театрға бөлінетін қаражаттың қаламақыға жұмсалуы тиіс мөлшері азын-аулақ келісімшартпен төленіп жатса да нақтылы көлемі белгіленбеген, әркім өз білгенінше, патша көңілімен береді. Мысалы, Дулат Исабеков «Бөрте» пьесасы үшін театрдан 6 миллион теңге алса, тағы драматург А.Ашири өзінің театры сахналаған пьесасы үшін 350 мың алатын болды. Бірақ театр оны да үзіп-созып толық төлемеді. Ал аты мен заты таныс емес жас автордың қаламақысы жайлы айтудың өзі артық. Пьесаның көркемдік сапасын анықтайтын, бағалайтын қолда белгілі бір құжаттың болмауы театрдың директорларының тәбетін ашты, беруі де мүмкін, бермесе де өзі біледі. Әрине, оған автордың ақшасын сығымдап беріп, қалғанын басқа көп қажетіне жаратқан оңтайлы. Сондықтан комедияның, драманың, трагедияның, тарихи драманың сапасына, көркемдік тұтастығына қарай бағалайтын бізде белгілі калкуляция болу керек және пьесаны қабылдайтын мекеме осыған сай авторлармен жұмыс істеуі керек.

– Театр сыншысы ретінде айтыңызшы, соңғы қойылған спектакльдердің ішінде қай шығарма көңіліңізден шықты? Несімен ұнады?

– Алдымен, «Алатау» дәстүрлі театрының көркемдік жетекшісі Ж.Жұманбай қойған М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясын атар едім. Бұл – салт-дәстүр мен ұлттық колорит мол, актерлік ойын, театралдық, дәстүрлі аспаптардың сүйемеліндегі заманауи музыкалық партитура, хор мен бидің, жекеленген мінездерін, топтардың жарқын колоритті характерлері жарқын көрініс тапқан өміршең спектакль. Жаныңды демалдыратын жеңіл де ойлы күлкі, ирония бар.

Ә.Мәмбетов атындағы драма және комедия театрының көркемдік жетекшісі Ұ.Қарыпбаев қойған – Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» драмасы. Халқымыздың тарихы, тағдыры ауыр сындарлы сәтке толы қиын кезеңдерін бір күнге сыйғызған жиынтық спектакль. Бұл спектакльді халқымыз үшін қасіретке, трагедияға толы өткен ХХ ғасырмен қоштасу десем артық болмас. Сондай-ақ Қаллеки театрының Мәскеулік режиссер Г.Балпейісова қойған Ғ.Мүсіреповтің «Баян сұлу – Қозы Көрпеш» трагедиясы дер едім. Неге? Трагедия театрдың бүгінгі заманауи режиссурасының қолданысында бар әдіс тәсілдермен классикалық мәтінді оқуында. Мұнда асықпай, эпикалық сабырмен алға жылжитын мәңгілік уақыт, заманауи тірі кейіпкерлер, сан түрлі мінездер жиынтығы және бастысы Баян мен Қозы секілді екі жастың қарабайыр, қадірі кеткен емес, шынайы сезімнен өрілген махаббат тарихы, әрбір образдың өзіндік дараланған мінез-құлқы мен көздеген мақсаты-мүддесін боямасыз көреміз.

Қазақ ұлттық драматургия патшалығында бәрі керемет болса, ауық-ауық қайта оралатындай біздің не шаруамыз бар еді? Демек, мәселе өзінің шешімін толық таппағандықтан театрдың да, драматургтің де, осы саланы зерттеп жазатын сыншының да өзекті тақырыбына айналды.

–Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

Бұл үрдіс бізде де бар. Кез келген жаңа туындыны сахналау туралы шешім қабылдауда театр директоры жеті рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр. Өйткені жаңа спектакль қоюға көп уақыт пен қыруар шығын кетеді. Осыншама қаржы құйылып, күш-жігер жұмсалған спектакльге көрермен келмесе бар еңбектің зая кеткені. Жасыратыны жоқ көп жағдайда көрерменді жас автордан бұрын аты мәшһүр Шекспир, Чехов, Әуезов деген сынды авторлар тартады.

Ғаламдық жаратылыста сөзден бұрын үн, дыбыс шыққанына деп қояр болсақ, сол үн мен дыбыстың келе-келе әуен әуезге, сарын сазға ұласқанын аңғару әсте қиынға түспейді. Өз төңірегін қоршаған аң мен құстың үні, ысқырынған жел, буырқанған дауыл дыбысы, су толқынысы, бұлақ сылдыры, жапырақ сыбдыры, бәрі-бәрі қосыла тоқайласқанда төгіліп түсер полифониялық сарын адамға ой салып, қиял қиясына жетелей жөнелгені даусыз. Олай болса, көшпелілер көшінің бұйдаұстары болып қалған қазақ жұртының бүгінде күй деп киелі өнер санатының алдыңғы легінде әспеттей ұстап келе жатқан ғажап төлтума өнері есте жоқ ескі күндерден шырға тартары табиғи заңдылық. Осынау ұлы өнердің бізге мәлім Қорқыт (IX ғ.), Кетбұға (XII ғ.), Сары Салтық (XIII–XIV ғ.ғ.), Асанқайғы (XV ғ.), Қазтуған (XV ғ.) тәрізді қадау-қадау тұлғаларының музыкалық мұраларын бүгінгі ұрпақ игілігіне жарата білгендердің алғы өкілі қазақ жұрты екенін ерекше екпін түсіре мақтанышпен айтуға қақылымыз.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ КҮЙШІЛІК ӨНЕРІ

Музыка әлемін зерттеушілеріміз қазақ халқында бес мың ән мен бес мың күйдің қарасын танып, қағаз бетіне таңбаланып түскенін мәлімдеп отыр. Еуразия қос құрлығын қарпи қамтып отырған осынау ұлан дәрия мол мұраның нақ иегері қазақ жұртының зейіні мен зердесіне, талғамы мен талантына, уақыт пен кеңістікті өз құшағына сыйдыра алған сайыпқыран салиқалығына таңданасың. Өзіңнің де сол жұрттың жұрағаты болғаныңа шаттанасың.

Екі жарым мың жылдық (Акселеу Сейдімбектің дерегі. – А.Қ.) тарихы бар қазақ күйлерінің қай-қайсысы да өз дәуірінің шежіресі, сол шежіре аясындағы сан алуан оқиғаны күй тіліне түсіріп сөйлете алған данагөйлігімен дараланатын бабалар мұрасы. Сергек сезімнен туған кінәратсыз көңіл күйін тамыршыдай дөп басар қалпымен әуен-әуез тілінде бейнелеп берер күй сазы кейде жан дүниеңді қуалай кезіп кетіп, елжірете, егілте алса, кейде буын-буыныңды билеп алар ғажап сиқырлы сазымен өзіне еріксіз бауыр бастырары бар. Шамырқантып, шар болаттай қайсар қуатты, топшысы болаттай серпінді шымыр сарынның ерекше еркіндікке құлаш ұрдырып, бойыңа буырқанған күш қотарары да аз емес.

Қазақ күйдің ішкі иірім нақышы мен сыртқы сипаттарын бажайлаған тұста оның әлденеше арнаға түсер сан тараулы қызметін дөп басып, анық ажырата алған. Мәселен, күйлерді «арнау күйлері», «сый күйлері», «тілек күйлері», «хабаршы күйлер», «естірту күйлері», «бәсеке күйлері», «емеурін күйлері», «құлақ күйлері», «еліктеу күйлері» деп саралау үстінде әр күйдің өзіне ғана тән тұрпаты мен қызметін белгілейді. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйі Жошыға құлан шайнап өлтірген ұлының қаралы хабарын жеткізсе, Қанқожа қобызшының әкесі Шыңғысқа Шоқан қазасын естіртуі, сыбызғышы Тулақтың осы мазмұнды азалы кепті шертуі тәрізді жағдаяттар төл тарихымызда жетіп артылады.

Ұшқан құс, жүгірген аңға қатысты, әсіресе ер қанаты – атқа бағыштай тартылған күйлердің де өз айтары бар сұңғыла сарын сазға толы ғажап жәдігерлер екені ақиқат.

Көрнекті ғалым Акселеу Сейдімбек «...күйдің мүмкіндігі саз-сарын арқылы болатын эмоциялық әсермен шектелмейді, сонымен бірге ақпарлық хабар беретін астарлы лингвистикалық тілі де бар», – деуінде үлкен мән бар. Бұл орамды ойдың астарында қазақтың сөйлеу тілінен басқа күй тілінде түсінік алатын рухани қасиеттің де жатқанын қаперге алмаққа керек. Ғалымның «қазақ күйлерін тыңдаған адам қазақ тілін білмесе күйдің мән-маңызын, емеуріні мен астарын толық түсінуі мүмкін емес, эстетикалық-эмоциялық әсері жартыкеш болады», – деген пікірінде де «күй тілі» деген түсініктің түндігін түріп берген нақтылы шындықтың жатқанын мойындаған жөн.

Бұл не деген сөз? Бұл қазақ күйлері қазаққа ғана тән төлтума өнер, оның бар болмыс-бітімі қазақ тарихына, соның қойнауында қордаланып жатқан оқиға желісімен, сыр сипат сорабымен, шежірелі аңызымен, нақтылы тұрмыс-тіршілігінің түскейі мен теріскейін қамтитын қабырғалы қалпымен ажырамас біте қайнасқан деген сөз.

> *Мәшһүр Жүсіптің «Абылай хан хикаясы» атты еңбегінде сөз болатын сары бура ұлы сардардың кие тұтқан текті түлігі болса керек. Хан жорыққа сайланған тұста сары бураның әрекетіне қарап болжам жасайды. Жорық жолға маңдайын беріп жатса жолы сәтті болып, көлденең қияс жатса бұл сапарын қош көрмегені деседі екен.*

Күй тілі, сол тілді сыңғырлы әуен астарынан аңдап, ажырата алу сұңғылалықты, зор зерделілікті талап етсе, тыңдаушының да бойында осы қасиеттер бар ма деген сауалдың алдыңнан көлбеңберіп, көлденең шығуы заңды. Осы орайда ұлы ақын Ілияс Жансүгіровтің:

«Домбыра, сенде мін бар ма?
Мінсіз болсаң – тіл бар ма?
Тіл жоқ деуге бола ма,
Тілден анық үн барда?
Домбыраның күші мол,
Көмейінде күй барда», – деген тамаша жыр шумағы ойға оралады. Сөйтеді де ақынның «тіл жоқ деуге бола ма, тілден анық үн барда?» деген ой байламының әділ де ақиқатшыл айқын екенін мойындайсың. Өйткені Ілияс ақын күйді, күйдің тілін, жан жүрегімен терең сезінген, сол сезімін «Күй», «Күйші» дастандарында асқан дарындылықпен ақ қағаз бетіне төгілдіріп түсіргенін бек жақсы білетін едік.

Бұл күндері күй табиғатын анықтау үшін «шертпе күй», «төкпе күй» деген атаулармен бөліп айтып жүрміз. Ал марқұм Акселеу Сейдімбек болса, бұлай жіктеп атау күйшілік мектептің қасиет-болмысын толықтай ашып бере алмайды деген уәж айтады да, онысын нақты мығым дәлел-дәйектемелермен шегелей бекітіп береді. «Шертпе» сөзі домбырашының қимыл-қозғалысын білдірсе, «төкпе» сөзі күйдің әуендік-дыбыстық сыйпатын білдіреді деген пайымдауы кімге болсын ой салмаққа керек.

Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Көкбалақ» повесі мен қаламгер Төлеген Қажыбайдың «Мұң» атты әңгімесінде күй табиғаты, күйші шеберлігі біршама сөз болады, Арқа күйшілерінің шеберліктері шырай береді.

Бір сөзбен айтқанда, қоңыр домбыра, қыл қобыз, жілікті сыбызғыда орындалатын он сан күй өзінің ажарлы көрінісімен, сырлы да сиқырлы сазымен, мұң-шерің, қайғы-налаң, қуаныш-сүйінішің, шаттығыңның, тұрмыс тірлігіңнің бәрі-бәрін өзгеде жоқ өз тілінде сөйлету арқылы көшпелі елдің көшбасшысы қазақ жұртының этномәдениетінің мәйегіне, уызды қәусәріне айналып кеткен.

Біз сондықтан да ән мен күй деп аталатын ұлы өнерімізді қазақ халқының ұлан-дәрия мәдениетінің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен бірге оларда өз жұртымыздың барлық болмыс-бітімі қойындаса жатқанын жыға тануға тиіспіз дегенге деп қоямыз...

«Былай барсаң Қоқан бар,
Қоқаңдаған әкең бар.
Былай барсаң қалмақ бар,
Күшіңді еппен алмақ бар.
Былай барсаң Қытай бар,
Жапырағыңды бұтай бар.
Былай барсаң орыс бар,
Баланды берсең қоныс бар».

Осынау өлең жолдарында қаймана қазақ жұртының жыртыстай жырымдала жыртылып кетер кер кезеңге келген тұсын бейнелеген бейкүнә қалпы құлақ қылтитады. Төрт құбыласы түгел қамауға түскен елдің тауқыметті тірлігі, талауға түсіп тоз-тозы шығар алдындағы алмағайып жантәсілім жосығы жота көрсетеді.

Жаратқан иесі үш мың жыл бойы жалына қол апарғызып, сауырын сипатпаған тәкаппар көшпелілердің соңғы тұяғы – қазақтарға да көз қиығын салып, аяушылық әузесін танытса керек. Тарихтың ұстараның жүзіндей жүз төңкерілген толқыны өмірге өзегін жарған бір перзентті өз сыбағалы сыйындай ұсынып еді. Ол кәдімгі ұлы Абылай болды.

Абылай осындай тарихтың қос тараулы жол айрығында қалған тұста қазақ жұртының қос шылбыр, бір тізгініне ие болды. Ерлігі мен серілігінен айырылып барып қайта қолға алу тұсы Абылай дәуірінен бастау алғаны да ақиқат. Оны ұлы Шоқан қапысыз аңдап, Абылай заманын «ерлік пен серілік заманы болды» деп қадай айтуы тегін еместі. Тәңірінің теңдессіз ержүрек ерлікті сый етуімен бірге, оған көсемсеркелік қолбасшылықты, айыр көмей шешендікті беруі, тар жерде жол тауып шығар көрегендікке ие етуі Абылай тұлғасын өз тұрғыластарынан дараландырып қана қоймайды, оны данагөй биікке көтеріп әкетеді.

Ол бүгінгінің шолақ ойлы, икемсіз де оралымсыз басшыларындай ұрда-жық, топас, тоңмойын, мансапқорлық қасиеттерінен мүлдем бөлек, мұның бәрін жат санаған салиқалы сардар басшысы болды. Дана Бұхардан бастап, Үмбетей, Ақтанберділердің де үн-зарына құлақ тігіп, зерделеп отырды, Бөгенбай, Қабанбай легіндегі әр батырдың ақыл-кеңесіне өріс ашып, солардан өз кәдесіне жаратар оңтайлы пікірлерді парықтай білді. Осының арқасында Абылай кеңінен пішіп, тоғыз толғап, он сан ойланып барып ортақ та ордалы пікірге ұйыды, өз шешімін шегелерде алдындағы айтылған уәждерді екшеп барып қорытты. Осындай ұжымдық пікірлерді пайымдау арқылы талай шаңды жорықтарда көк жебедей жау шебін жарып өтіп, жеңіс туын асқақтата алды. Оған хан басын иіп, үнемі «Бұхареке, сөйлеңіз» ден алға салып, ақыл тартып отыруы, ащы айтса да шамданбай, қайта қарт жырауды дана да пана көріп, ығына жығылып отыруы Абылайдың ұлылығының өлшемі деп бағаланбаққа керек. Оның өле өлгенше өз биігінен төмендемей өтуінің бір парасы осы қасиетінде ғой деп шамалаймыз.

Хан ордасы беймарал шақтарда сахи даланың небір жайсаң жақсыларына, өрде озған өнерпаздарға толы болған. Күміс көмей әншілер, қазына көмбелі жыршылар, он саусақтың жорғасы домбырашылар, қияқ шалған қобызшылар, жілік сыбызғысынан сұңқылдата саз қотарған күйшілер хан ордасының салтанатын арттырып, сәнін сауық-сайран, мерекелі мейрам, арайы айшықты қызықты қуанышпен әрлендіріп, әдемі жарастыққа кенелткен.

Мұндай бір мұңсыз қуанышты мол сәруәрлі сәттерде орда иесі Абылай да домбырасына қол созып, тоқсан тарау күйлерге арна ашып, кейде аңырай азынап боздаған, енді бірде қуат-қайратыңды жаныған жігерлі әуенге аунап түсіп, тағы бірде оқыста опат болған қанды көйлек сардарларын іздеген елең-алаң сезім толқынысын сездірер улы да уытты әуез-әуенді шығаратын.

Абылай күйлері негізінен өз басынан өткен, көзі көріп, көңілге түйген оқиғалар орамынан өріс ашып, алтын арқаулы тінін сол оқиғалар желісі арқылы өрнек түзетін тәрізді. Сондықтан да ол күйлердің сарынынан ұлы сардардың өз көңіл күйінің күнгейлі көріністері бой байқатып, ой шайқайтын сезім дірілі жиі сыр беріп қалып отырары заңды. Тарихи оқиғалар: мейлі ол шаңды жорық болсын, жаужүрек Баян, қара қылыш бұжыр Жанай батыр өлімі болсын, опасыз жалған тірлікпен қоштасар қимас сәт болсын... бәрі-бәрі Абылайға ғана тән жан күңіренісі мен көңіл күрсінісі, опынысы мол өксікті өкініші, атой салып жауға аттанысы, сардарларына дем берген қуатты сілкіністері әуен-әуез, сарын-саз тілінде сөйлейді, сағаң да сол тілден сыр тартуға жетелейді. Әрине, бүгінгі бізге Абылай күйлері толық сипатында – басталу, өрлеу, шырқау, төмендеу, жусау қалпында етек-жеңі толық жинақылықта жетті дей алмаймыз. Ұлы сарындарда бірден бірге ауысу, алмасу үстінде үні үзіліп, толық бітімі сетінеп, жырым-жырым, жұлым-жұлым күйде жеткен. Алайда сезім аясына салар зерделі көңіл табылса, күйлердің архитектоникалық құрылымын ойша бағамдап, бажайлай алуына болар дейміз. Сөйтіп, тұтас болмыс бітімін сезім сүзгісінен өткізе отырып елестете аларақ.

Мәшһүр Жүсіптің «Абылай хан хикаясы» атты еңбегінде сөз болатын сары бура ұлы сардардың кие тұтқан текті түлігі болса керек. Хан жорыққа сайланған тұста сары бураның әрекетіне қарап болжам жасайды. Жорық жолға маңдайын беріп жатса жолы сәтті болып, көлденең қияс жатса бұл сапарын қош көрмегені деседі екен.

Сол киелі бурасына арнап шығарған күйдің болғанын аңыз етіседі қалың ел. Өкініші, ол күйдің жұғындысы да бізге жетпеген. Жобасы ұлы хан киесіне айналған сары бураны саз тілінде сұлбасын суреттеп, әдемі әспеттеген болар деген болжамдамыз.

Абылай заманы үнемі құба қалмақпен талас-тартыс кезеңі болса, сол тұс хан иесінің төңірегіне топтасқан алуан-алуан, балтыры байпағына сыймас небір жойдасыз батырларға толы болған. Солардың бірі – қанжығалы Жантай батыр. Оның Үйсінбай, Арқандар атты екі інісі де ағасының қос қанаты іспеттес жойқын күш иесі болған деседі.

Арқандар қалмақтардың бір келе түйесін барымталап жүріп қоршауда қалып, найза ұшында жан берген. Інісінің мерт болуы Жантайға да, Үйсінбайға да оңай тимеген. Бес жүз жігітпен аттанған Жантайды тосып алған қалмақ қолының қарасы қалың екен. Осы тең түспес жойқын шайқаста Жантай да мерт болған. Ұлы Тоқышқа астындағы торы тұлпарын түсіп берген батыр «мыналар болмады ғой, топты бұзып елге жет. Түбі кегімді алар сен боларсың» деген екен Жантай. Абылай Жантайдың мерт болғанын естігенде «тасқа шапса кетілмейтін қайраулы қара қылышым-ай!» деп күйінген деседі.

Торы тұлпарды тұлдап, жал-құйрығын күзеп, жылына соятын етін бос қоя берсе керек.

Кезекті бір жорыққа шыққалы жатқанда жайылымда бос жүрген торы ат хан ордасын айнала шауып келіп, шеру тартар шеріктер қатарына қосылыпты. Тұяқ дүбірін естіген хан еленде «бұл кім болды?» деп сұрағанда «Хан ием, Жантай батырдың жетім торысы ғой. Жорық дүбірін естіп иесін іздеп жүрсе керек», – депті төлеңгіті.

Күмбір-күмбір кісінеп, жер тарпып тұрған жетім торының мына зиятты әрекеті талайды томсыратып мұңайтса керек. Ханды да тереңге налаға батырған.

Абылайдан бізге жеткен «Жетім торы» күйінің шығу тарихы қара бұжыр Жантай батырдың қазасымен байланысты екені дау тудырмайды. Бізге Балқаш қаласында тұратын күйші Әшірбек Мүсәпіров жеткізген күй ұрпақ ұйып тыңдар жарқын жәдігерге айналған.

Абылай ханның соңғы туындысы дейтіндей екі күй бар. Олар – «Дүние қалды» және «Қайран елім».

1781 жылы хан Абылай оңтүстік аймақты аралауға шыққан. Үш жүзге жар салып батырларымен Түркістанда тоғысуға пәтуаласады. Орыс пен қытай арасындағы байланысты орнықтырған ол оңтүстіктегі қазақ жұртын бір ынғайлы етпек ойында болған. Түпкі мақсаты Шымкент, Сайрам, Ташкент, Қоқан, Бұхара, Үргеніш қазақтарын сарттарға тәуелді еткізбей, біртұтас етіп орнықтырмақ екен. Жолжөнекей Жиренше шешеннің жеңгесінің атымен аталған Жұпар қорығына ат басын тіреп қоналқалайды. Хан шеруінен хабардар жалпақ табан, талтаяқ сарттар қопаңдасып қалады. Кезінде өз қолымен Шымкент пен Сайрамға әкім етіп қойған Ғабдырахман сарт, Ташкенттегі Мырзахмет сарт Жұпар қорығын қарулы қолмен келіп, қоршап алады. Абылайдың Түркістанға зиярат етуге бара жатырмын дегенін тыңдамайды.

«Бірі етек, бірі жеңі болған,
Ежелден саған ел болған,
Орта жүзден кісің жоқ.
Найзасының ұшы алтын,
Кіші жүзден кісің жоқ.
Енді бұған қарап тұрғаннан
Басқа қылар ісің жоқ», – депті Бұқар жырау хан иесінің қамауда қалғанын түсініп. Жасағын ерте қайтарып жібергеніне өкініп, бармағын шайнап тастаған Абылай қатты қапалы күйіктен құса үстінде өмірден өткен. «Қытай мен орыстан көрмеген, қалмақтан көрмеген қорлықты жалпақ табан жалаңаяқ сарттан көргеніне шыдай алмаған Абылай хан құсадан жүрегі жарылып кетеді» (М.Дулатовтың, А.Сейдімбектің деректері – А.Қ.).

Осындай бір алмағайып хал кешіп, мына өмірден баз кешіп, қайғы-нала қамалаған тұста «Дүние қалды», «Қайран елім» күйлерін толғапты ұлы хан. Қос сарында да пәлсапалық тереңге бойлауық саз бар. 48 жыл (Арыстан-ақынның дерегі – А.Қ.) мекен етіп, хандық құрған Абылайдың қос күйі оның өлді деген хабарынан бұрын Көкшетауға желмен ілесе жетіпті деседі. Қалың жұрт «Қайран елім» деп еңірей егілген ұлы сардардың қоштасу, бақұлдасу зарын осы күйдің тілінде түсініп, қабылдаған ғой. Бұдан басқа ханнан тәбәрік болып қалған «Майдақоңырдың» екі түрі, «Дүние сарсаң», «Қара жорғаның» екі түрі, Сәкен Сейфуллиннің А.Затаевичке жаздырған «Терісқақпайы», «Шаңды жорық», «Қоржын қақпай», «Садаққапай» күйлерінің болғанын ескерсек керек.

Жорыққа аттанарда қалың қолдың алдындағы 40 салт атты күйші осы «Садаққапай» күйін орындайтын еді дейді аңыз. Олай болса, бұл күй аса жігерлі, бүгінгінің тілімен айтсақ, марш екпінді, алдағы жойқын жорыққа батыл бастар күрескерлік сарынға толы тегеурінді болған ғой деп бажайлаймыз.

Қысқаша шолу үстінде отырып ойға қалдық. Шынында да, Абылай өз заманының сирек ұшырасар қайраткер ұлы тұлғасы ретінде ғана бағаланбаса керек. Ол ең алдымен терең сезімді серік еткен ғажап өнер иесі, оңды-солды шашу етіп тарқата шашқан асыл күйлерімен-ақ Құрманғазы, Байжігіт, Тәттімбет, Тоқалармен иықтасар өнерпаздығымен қымбат адам ғой. Хан болмай, батыр, би болмай-ақ күйші қалпында-ақ қазақтың күйшілік өнерінде өлмес өмір сүре беруге қақылы ғаламат тұлға ғой дейсің. Әттең он саусағынан сорғалаған сол күй мұралары толық жетпегені өкіндіріп отыр емес пе?!

Не десек те, тәңір ием қаймана қазақтың жер бетінен жоңғарлықтардай жойылып, жұтылып кетпей есен қалуына тас қалқан, көш бастар көсемі етіп сыйға берген Абылай алдында мәңгілік қарыздарлығымыз қай ғасырдың жалына қол артсақ та, есте болмаққа керек. Ал оның болмыс-бітімі мен ұлы тұрпат-тұлғасын одан әрі ірілендіріп, биіктете түсер күйшілік өнері әлі де қазыла ізденіп, зерделей зерттеуді қажет етеді. Оның ұлы күйлері бізбен, қазақ жұртымен бірге жасауға құқылы. Өйткені онда Абылай дәуірінің күрес пен шайқасқа, опындырған айқасқа, қан құстырған өлімге, жарқын күнге ұмтылған сенімге, салдық пен серілікке, еркін ерлікке толы сырлары, тауысып болмас жырлары, полифониялық ұлы үн-сарыны жатыр. Бізге сонысымен қымбат, ардақты, асыл жәдігер!

Аян ҚАЖЫБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты

ОРАЛХАНМЕН сырласу

Ореке! Мынау қамшының сабындай шолақ фәниде бәрі-бәрі өтпелі, күллі тірліктің көшпелі екенін леп белгісін қоя дәлелдеп, Сен кеткелі де табаны талыстай отыз жыл зымырап өтіп, тарих парағына айналыпты.

Қазақтың қаршыға топшылы қара сөзін қамырша илеген, ауылының қара шапаны сауыс-сауыс шал-шақпыты мен кемпір-кешегін, баласы мен шағасын абыздық деңгейге дейін көтеріп, аузына кемеңгерлік сөз салған, Шыңғыстайдың бес шыбыш қайырып жүрген кетік шалы қайтыс болса, дәп бір қазақтың қабырғасына тіреу боларлық арысы дүниеден озғандай күнірене жазатын. Өзің бес күндік фәниге аяқасты қол сермеп өте шыққан шақта есеңгіреп қалған жұрт Аллаху акбарын да аптығып айта алмай, дүбәра күй кешкен. Мұзтаудың балағында кіндігі кесіліп, шаранасы сонда құрғаған ұлдың Гималайдағы Тәж-Махалдың төрінде соңғы демі үзіліп, жыр- кеудесіндегі шыбындай жаны пыр етіп, Алатауға тым шұғыл асығар деп кім ойлаған?!

Әй, қайдам, тым-тым кербез, тым-тым өр, тым-тым жұмбақ, тым-тым терең едің, фәни мен бақидың арасындағы алаөкпе, бейшара күйімді ауыл үйдегі алакөз ағайыным көрмесін, білмесін дедің бе, әлде... әлде, әкелерін әлемдегі ең мықты санайтын, Өзің өлеріңде көрген қос шырағың – Айханың мен Айжаның әке әлсіздігінен бейхабар қалсын, мәңгілікке жоқ іздеп жүрсін деп те ойлаған шығарсың. Кім білсін, ғұмырыңның әсіре жұмбақ болғанын ұнатушы едің, бақиға кетісің де мәңгілік жұмбақ күйінде қалатын болар, Ореке!

Сен өткен жазда Төр Алтай керемет жаңбырлы болды. Кәрі таудың кепештігін құрсаулаған қап-қара нойыс бұлттар басқа жер құрып қалғандай-ақ, дәл осы маңда қиғылықты салсын келіп. Бұқтырмаң қарағай басына секіре тасып, оған Өзінді жоқтаған нөпір жұрттың көз жасы қосылып, әй, жосылсын-ай! Қаралы жазың ырың-жырыңмен өте шыққан. Аткөпір қуаныш пен шанағына сыймай асып-төгіліп жатқан шаттыққа кенелеміз деген жәмиғатың (сенің 50 жылдығыңа дайындалып жатыр едік қой), қасіреттің қап-қара күрзісі оңдыртпай соғарын қайдан білсін?!

Келер жазда Өзің жаманын жасырған, жақсысын патша деңгейіне жеткізген Қаратайың алты Алашқа сауын айтып Өзіне ас берді. Ойхой, жоқтау мен көрісудің көкесі сонда болған!

Қамқа шапанының қос өңірін қақ айыра еңіреп Шерхан ағаң, ботасын іздеп боздаған Бошай ақсақалымыз, Өзіннің жаланаяғыңның табы қалған Шыңғыстайдың шаңдауыт көшесіне жата қала өксіп, бозбала Оралханды іздеген достарың Кәрібай мен Кәдірбек келген. Дулат Исабеков досың күңіренісін баса алмай, булыға тұрып баяндама жасаған. Өзіннің артыңнан ерген Әлібек пен Дидахмет інілерің Күркіреме бойындағы шоқ шілікті құшып, белі бүгілген. Бүткіл қазақ деген қаймана жұрттың әдебиеті мен мәдениетінің шаңырағын тіреп тұрған алыптары Алтайдың алақандай Катонқарағай деген қолатын көз жасымен толтырған. Төрде қап-қара шапан жамылып, тұтастай қаптал қабырғасын алдырған арландай қап-қара боп түнеріп, күңіреніп Қалихан Ысқақ ағаң отырған. Жұрттың бәрі Қалағаңа қайтара көңіл айтып, онымен қайтара көріскен.

Бәрі өтпелі екен, Ореке!

Қызықты қарашы, сол Қалихан ағатайымыз Сен барда елге тым сирек келуші еді ғой. Әсіре жатбауырланып кеткен. Өзің өткеннен бері жиілетті. Тіпті, елге Дәмеш жеңешемізді жетелеп ерте көктемде келіп, Алтайдың жусаны мен күреңсесін сарыжұрт етіп қара күзге дейін жатып алатынды шығарды. Алматыға қарды бір жаудырып барып бір-ақ қайтып жүргені бар. Мен ойлаймын: Өзің барда елі мен жұртының атанның белі кетер мұңы мен шеріне, титімдей қуанышына Сен күзет қылсын дегені екен. Саған сенген екен, абызым. Өзің кеткен соң алпысқа аяқ артқан Дидахмет пен Әлібекті баласынып, сенбеген-ау. Әй, солай шығар. «Бір шалды бір шал ата дейдінің» кері де.

Қазақстанға Тәуелсіздік келген арып-ашып. Құдай-ау, оны несіне айтып отырмын саған. Өзің де көріп, жанарыңнан жас моншақтай қуанып едің ғой.

Өзің туралы естелік айтушылардың, тиіп-қашып қалам тартатындардың топаны молайды. Алайда көбі «Алтайдың ақиығы еді», «Мұзтаудың мұзбалағы болатын», «Кермаралдай кермиығым еді» деген сынды эпитеттер мен метафоралардың төңірегін шиырлаудан аса алмады. Әлі күнге сол маңды шаңдатысып жүр. Өмірдегі пенде Оралхан мен жазушы - кемеңгер Бөкеевтің мүлдем екі бөлек адам болғанын ажырату қайда оларға?!...

Ореке! Буырқанған Бұқтырма өзені басын өзің білетін Шындығатай телімінен он шақырымдай ары, иықта жатқан қолаттан алады. Тіптен, өзенге айналар деп те сенгің келмейді, ұсақ-түйек бұлақтар. Ал Аршатыға жетер-жетпестен арқыраған, жалына қол тигізбейтін шу асуға айналады. Екі араның қашықтығы бар-жоғы 40-50-ақ шақырым. Сенің бойыңа туа біткен, қанмен берілген талант пен осы Бұқтырма тағдырының арасында қатты ұқсастық бар секілді. Сен де жұртыңды көп тосқызған жоқсың: жарқ-жұрқ атылып шықтың. Атақ-даңқың алты Алашты аттап өтіп, алысқа сілтеді. Оқыс ағып түстің. Қандай әдемі де аянышты сурет, Ореке! Өзің де осындай оқыстыққа әуес болатынсың.

Мен Бұқтырманы тегіннен-тегін ауызға алып отырған жоқпын. Бастау алар бұлақтарын айттым. Ал бозбала Ораштың бұлақтары не еді?

Есіңде ме, сен мектепті тауысқан соң екі-үш жыл ауылда жүріп қалдың. Ұмытпасам, трәктірге тіркеуші боп жүрген кезің шығар, күнде кешке біз тұратын интернатқа келетінсің. Қойны-қоншың толған интернат бойжеткендеріне арналған асықтық хаттары. Алдымен біздерге оқып бересің. Лирикадан шалғайлау, ұрда-жық шағымыз ғой. Десек те, мәңгіп қалатынбыз. Әр хатың бір-бір новелла болатын.

Міне, сол хаттар сенің бастауларың екен. Сен ол хаттарды сол Қар қыздарының күллісіне (шынында да сол кездің қыздары нағыз періштелер екен ғой. Қазірде қаланың кез келген аялдамасында бір-бір жігітке артылып, салақтап тұрған қыздарды көрген шақта өз дәуіріміздің уыз иісті қыздарына деген алапат сағыныш иектейтінін жасырып қайтейін) ғашық болудан жазбағаныңды, тек бойыңа сыймай асып-төгіліп жатқан шығармашылық қуатыңды жарыққа шығаруға талпынып жүргеніңді қайдан білейік ол кезде. Шіркін, сол хаттардың бірер қолжазбасы бүгінде сарқарын тартқан бәйбішелердің біреуінде сақталды ма екен?!

Бәрі-бәрі өтпелі көрінеді, Ореке!

Есіңде шығар, ондайды ұмыту қайда?! Алтайға көктем сағынтып барып бір-ақ келетін. Көктем демекші... Алты ай қыстан мойны ырғайдай болып жүдеп шыққан жұрт үшін қадірінің тым-тым қымбат екенін біліп, кергіп барып мамырдың басында ғана қабағын ашушы еді-ау көктем жарықтық. Тау жұртын табиғаттан бөле-жара қарау – күпіршілік. Олардың қуанышы да, қасіреті де сол табиғатымен қамшы таспасы сынды бірге өріледі. Мұңын да сол орман-тоғайына, өзені мен көліне шағып жататынын білесің сен. Алтайдың көктемі күн алғаш күркірегенде басталатын. Бұл күркіреу: «Ал енді мен келдім. Қыстай қатты тартылған белдіктеріңді босатыңдар. Қабақтарыңды ашыңдар, күліңдер, шаттаныңдар!» – дейтін көктем жарықтықтың тұңғыш қоңырауы сынды емес пе еді. Күннің алғашқы күркіреуін тағатсыздана тосып жүрген біздер – балалар барлығымыз Бұқтырма бойынан табылатынбыз. Тау өзені мұздай. Оған қарап жатқан біз жоқ, суға күмп-күмп секіреміз. Алайда сүңгуімізден шығуымыз тез. Жағадағы құм үстінде шылғы тырыли арық, теріміз құсеттеніп кеткен біздер жапа-тармағай жатамыз. Өзімізше күнге қыздырынамыз. Басы бар да, аяғы жоқ шолақ-шолақ әңгімелер айтылады. Кім қай қызбен «дружиттап» жүр, тағысын тағылар. Келер сәтте біздің әңгімелерімізде мүлдем шатағың жоқ, мүлдем басқа бір дүниеден келгендей Сен :

– Әй, осы біз қартаймайтын, шал болмайтын шығармыз , – деп оқыс бір ой айтатынсың да, оқыс тыйылатынсың. Біздер мынаның есі дұрыс па, бұрыс па дегендей саған күдікпен қарайтынбыз. Астапыралла! Сол кезде аузыңа Алла салған шығар, әйтпесе шал болуға үлгермейтініңді қайдан ғана біле қойған екенсің деп осы күнге дейін таң-тамашамын. Құдіреті күшті Жасаған иеміздің осы бір жұмбағын шеше алмай әуреленетініміз рас: кейбіреуге бас бермесе де, шыр мауықтай созылған ұзақ жас беріп жатады. Ал екінші біреуге бәрін береді, алайда жастан шектейді. Жалауы желбіреп, туы тұғырында тұрған аймүйіз шағында, әй кәпір атанбаған абыройлы жылдарында лып еткізіп алып кетейін, сонда артындағы қалың жұрты сағынып жүреді дейтіні шығар. Мүмкін. Бәрі де мүмкін. Тағы да...

Біз жоғарғы кластамыз. Сен мектепті бітіріп, ауылда жұмыс істеп жүргенсің. Консерваторияның актерлік факультетіне оқуға түсіп келсең де арыны Бұқтырмадан не ары, не бері емес анаң Күлия апамыз:

– Әкәку-сәкәкудің оқуына Орашымды жібермеймін ! – деп шорт кескен...

...Бір күні аяқастынан мектеп пен ауыл комсомолдарының бірлескен жиналысы өтетін болды. Не боп қалды деп таң-тамашамыз. Мәселе жалқы екен: Комсомол мүшесі Оралхан Бөкеевтің жекебас тәртібі. Ол жоғарғы класта оқитын бір қызбен «жүріп» қойыпты. Бұл әрекет советтік моральға мүлдем жат екен. Оралхан анау жап-жас совет қызын бүлдіруші оңбаған көрінеді. Пәлесін қарашы!

«Қыздың жауы» – Сен жиналысқа кешігіп келдің. Күпәйкеңнің қос өңірін ашып тастап, толқынды қара шашыңды әнтек сілкіп қалып :

– Ал мен келдім. Бастай беріңдер, – деп жиналысқа қожалық жасауға көштің. Біздер, жоғарғы кластың ұлдары өзіңмен ниеттес екенімізді саған жыртыңдатып көз қысу арқылы білдіріп қап отырмыз. Белсенді қыздар, мұғалімдер екілене, түкіріктерін шаша бар заһарларын төгіп-ақ жатыр. Олардың айтуы бойынша, бұл қоғамда сендейлерге мүлдем орын жоқ екен. Анау 17-18 жасқа жаңа ғана келген, ана сүтінің уызы ернінде кеуіп те үлгермеген «періштені» хақ жолынан тайдыру – шайтанның ісі. Комсомолдық билетті жүрек тұсына салып жүрген Оралхан сияқтыларды оның қатарында қалдыру – қауіп пен қатер. Аласталсын!

Бір жас мұғалімімізі тым ерекше белсенділік танытты. Артынан білдік, оның өзі сол қызға өлердей ғашық екен. Қысқасы, сотқа бергісіз жиын өтті. Түн ортасы ауар шақта «соңғы сөзді» саған берді. Басыңды қайқақтатып тұрып-тұрып не заманда :

– Мейлі, мені пісіріп жеңдер. Мен ол қызды сүйемін. Соңғы тынысыма дейін жүремін, – дедің де есікті тарс жауып, кеттің де қалдың. Мұғалімдер шәт-шәлекей. Біз мәзбіз.

Мен қазір ойлаймын, сенің сол бір жастық шағыңдағы іс-әрекетіңде болашақ шығармашылығыңның мінез-құлқы жатыр екен. Мінезсіз, жуас адамның прототипі – ынжық. Олар тіпті жазушы болған күнде де күресін басынан аса алмайды. Олардың шығармалары да қойшының қойға міне-міне әбден тырақы болған жауыр торысындай – шапқаны шоқырақтан, желгені желке үзерден аспайды, қанша тепеңдесең де баспайды. Ал сен...

Өткен жазда елге бардым. Біздің алау шағымыздағы Күркіреме, сенің шығармаларыңда алапат өзен сынды суреттелетін Күркіреме мүлдем тартылып қалыпты. Жылғасында сіркенің көз жасындай ғана бірдеңе жылтырайды. Бәріміздің алғашқы махаббат мекеніміз – айгөлек тоғайды іздедім. Таба алмай мысым құрыды. Оны қойып, жиырмасыншы ғасырдың басында Қаратай жұртының көкірек көзі ояу соңғы болысы Әпекем -Әбдікерім Ережепов салғызған, Сұлтанмахмұт Торайғыров ұстаздық еткен, Сәрсен Аманжолов сынды алыптар білім алған қара шаңырақ мектебіміздің өзі жылан жалағандай тып-типыл болыпты. Асылын іздеген жандай иен жұртта ұзақ жүрдім. Кірпігіме жас байланды.

– Өзің білесің, Оралханмен бір класта оқыдым ғой. Бала кезімізден айырылмас дос болдық. Тым өткір, тым өжет еді. Әсіре талантты еді. Титтей кезінен солай болатын. Әй, ол тірі болса, дәл осы мектеп үйі ұстағанның қолында, тістегеннің тісінде кетпес еді...

Нұрлан Әкімбаев ағамыз, сенің фәнилік досың осыны айтып күрсінді. Сені әлі іздеп жүргенін, өткендегі балтамды күндерін, жарқыл жылдарын, аймүйіз шақтарын өлердей сағынатынын ұқтым. Қалай басу айтарымды білмей, жер шұқыдым.

–Вальсті керемет билеуші еді ғой. Көбіне-көп мені шақыратын биге. Биге шақырарда кинода көргенін істейтін: бір қолын көкірек тұсына қойып, екінші қолымен ақку қанатындай реверанс жасап барып иілгенде әрі ұяла қызарып, әрі күлкі қысып, қымсына тұрып биге шығатынмын. Онымен билеу Шыңғыстайдың бар бұрымдысының арманы еді. Ғажап билейтін. Әртіс еді ғой. Орекеңмен билеп жүрген мен өзімді мынау монданақтай жер бетінде мүлдем баламасы жоқ періште арудай сезінетінмін...

Бүгінде сарқарын тартқан, пәленбай немеренің әжесі, сыны кетсе де әлі күнгі бойжеткен кезіндегі жыры мен сырын жоғалтпаған Бақтина Нұқсарина замандасымыз осылай деді де... кірпігіне ілінген бармақтай жасты саусақ ұшымен іліп тастады. Жасын жасырған жоқ.

Бәрі-бәрі өтпелі екен, Ореке!

Шариғатта бақида ұшып жүрген аруақ жанының мәңгіліктігі – фәнидегі тірілердің қолында. Олардың атыжөнін атап, түсін түстеп, Құран аударту – соның алғышарты. Тірілер аруақты мүлдемге ұмытып кеткенде барып бақидағы жан мәңгілікке өледі деген сөз бар.

Сенің жаның мәңгілікке бет алыпты. Өзіннің бұта-қарағанына, тал-шілігіне, тау-тасына дейін жырлаған қайран Алтайындағы үш мектепке атың берілді. Өскемен мен Катондағы ескерткіштер, сандаған көше сенің есіміңде. Театр сахналарында драмаларың қойылып жатыр. Жауһар шығармаларың трәктіршінің қойын қалтасында, қойшының қонышында, қаратаяқтардың кітап сөресінің сәнін келтіріп тұр. Өзіннің есті еліннің – Шығыс Қазақстанның жыл аралатып өткізетін сенің атыңдағы республикалық айтыс тағы бар...

Осының бәрі бар-жоғы 49 жыл ғұмыр кешкен қаламгер үшін аз дүние емес екенін ішің сезетін шығар, Ореке. Сен бақилық абыройыңды көзің тірісінде-ақ реттеп кетіпсің. Біз – өзіңмен бір бастаудың суын ішіп, жарты дәнді жарып жеп өскен інілерің Сенің бақилық бақытыңа қызыға да қызғана қараймыз.

Шынымды айтайын ба: Сені қатты сағынып жүрмін, Ораға!

Әлібек ҚАҢТАРБАЕВ,
жазушы

Бәріміздің алғашқы махаббат мекеніміз – айгөлек тоғайды іздедім. Таба алмай мысым құрыды. Оны қойып, жиырмасыншы ғасырдың басында Қаратай жұртының көкірек көзі ояу соңғы болысы Әпекем -Әбдікерім Ережепов салғызған, Сұлтанмахмұт Торайғыров ұстаздық еткен, Сәрсен Аманжолов сынды алыптар білім алған қара шаңырақ мектебіміздің өзі жылан жалағандай тып-типыл болыпты.

ҚОҚЫСТАН ДА АҚША ТАБУҒА БОЛАДЫ

Қарағанды облысында жас экобелсенділер әйнек пен пластик қалдығын жинап, сұрыптап, оны өңдеп, кәдеге жарайтын бұйым жасауды қолға алған. Толық циклді жобамен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және халықаралық бизнес кафедрасы меңгерушісі Жәнібек Жартай жетекшілік ететін студенттер командасы үш жылдан бері айналысып келеді. Экологиялық стартап Enactus Kazakhstan National EXPO 2023 студенттік кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялар жөніндегі Ұлттық кубогының бірінші орнын иемденіп, Қазақстан атынан Әлемдік кубокке жолдама алған болатын. Осы жоба төңірегінде Жәнібек Жартаймен пікірлесіп, оның көздеген мақсаттары жөнінде білген едік.

– Жәнібек Маратұлы ONDE деген нәтижелі жобаны жүргізіп келеді екенсіз. Осы әйнек пен пластик қалдықтарын өңдеу бойынша жоба қашан дүниеге келді? Қазір қай деңгейде жұмыс істеп жатыр, оған кімдер атсалысуда?

– Жоба басында 2019 жылы пластик бөтелкелерді жинап қоқыс өңдеушіге тапсыру жөніндегі экологиялық бастама ретінде пайда болды. Одан кейін 2020 жылы жобаны тоқтатқан едік. Өйткені пандемия басталды, қаржыландыру тоқтады. Кейін карантин аяқталған тұста қалдықтардың бұрынғыдан да еселеп көбейіп кеткенін көрдік. Деректерге жүгінсек, жыл сайын әрбір қазақстандық орташа алғанда 244 келі тұрмыстық қалдықты тастайды екен. Сосын жобамызды қайта жандандыру жөнінде шешім қабылдадық. 2020 жылдан бастап жобаны қолға алған жастарымыз қалдықты жинаумен ғана айналыспай, оны кәдеге жарату әрі имидждік өнім шығаруға бел байлайды. Қазір жобамыз үш бағытта жұмыс істейді. Экоқозғалысты білім бағдарламалары арқылы насихаттау, жобаға халықтың әлеуметтік осал санатындағы жандарды көбірек тарту, қатты тұрмыстық қалдықты өңдеу.

Екі жылға жуық уақыттың ішінде университеттің гранттар байқауына қатысып, одан кейін басқа облыстық стартап конкурстарға қатысып жүлделерге ие болдық. Экологиялық стартабымыз Студенттік кәсіпкерліктің Ұлттық кубогында бірінші орын алып, миллион теңге грант ұтып алды. Осындай гранттық қаржыны жинастырып, пластикті өңдейтін үлкен құрал-жабдық сатып алдық. Құрал-жабдықпен қазіргі уақытта 600 мыңға жуық пластик бөтелкені жинап, өңдедік. Бірнеше өнім шығарған болатынбыз. Ол имидждік өнімдер. Стақан қоятын құты, қаламсап, кішігірім сағаттар, ойыншықтар шығара бастадық. 2022 жылдың аяғында тек пластик қана емес, әйнек қалдығымен жұмыс жасауды қолға алдық. Алдымен

әйнек қалдықты өңдеу және кәдеге жарату технологиясының тетіктерін игеруді бастадық. Биылдан бастап әйнектерден шамдарды, қаламсаптарды қоятын органайзерлер, үстелдің үстіне қойылатын шыныдан жасалған имидждік құрылғыларды шығардық. 3-4 жылдық жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде студенттеріміз ұлттық стартапта жетістікке жетті. Қазір бұл жобамен – экономика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, биология және география факультеттерінің студенттері айналысып жатыр. Команданың ішінде 15 студент бар.

– Істің басы-қасында жүрген студенттер қандай нәрсені үйренеді?

– Басында бұл жоба экологиялық бастама ретінде қолға алынды ғой. Соның арқасында жастар жұмысты аса қызығушылықпен жүзеге асырды. Тағы бір ұтатын тұсы, студент өзінің университетте алып жатқан білімдеріне қосымша дағдыларды үйренуде. Яғни өңделетін пластикпен, әйнек қалдығымен жұмыс істеуді, одан қандай өнім алуға болатынын меңгеріп шығады.

Сонымен қатар бастамаларымыздың әлеуметтік бағыттағы маңызы бар. Осы дағдыны меңгеріп шыққан студенттер әлеуметтік осал топтағы көпбалалы отбасылар мүшелері немесе мүгедек жандарға білетіндерін үйретеді. Имидждік өнімдерді өздері жасап саудалайды, сол арқылы қосымша қаржы көздерін табуда.

– JIHAZ деген жобаны да жүзеге асырып жатыр екенсіздер. Бұл жобаның мақсаты мен нәтижелері туралы айтып өтсеңіз.

– Бұл да жаңағы жобамен сабақтас. 2021 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Ең негізгі мақсаты – жаңағы құрылыс паллеттерін белгілі бір өңдеуден өткізіп, жиһазға айналдыру. Бірінші экологиялық мақсатты көздейміз. Статистикаға жүгінсек, әлемде жыл сайын 200 мың шаршы шақырым орман жойылады екен. Соның салдарынан жабайы аңдар, флора мен фауна жойылып, табиғатқа тарайтын оттегі азайып кетеді. Орманның оталуына ағаштың тұрмыста қолданылуы себепші. Әрине, біз бүкіл ресурстан толық бас тарта алмаймыз. Алайда ағашты қайта қолдану арқылы орманның белгілі бір бөлшегін сақтап қалуға септігіміз тиеді. Қазір адамзатты климаттың өзгеруі, жаһандық жылыну проблемасы да алаңдатып отыр. Сол үшін өсіп тұрған ағаштарды барынша сақтауымыз қажет.

Жобаның мақсаты – жаңа жиһазға қажетті ағаш кесудің орнына қалдық саналып, қоқыста қалатын немесе отқа жағылатын паллеттерден жиһаз әзірлеу.

Екіншісі – әлеуметтік бағыттағы жоба. Құрылыс қалдығы саналатын паллеттерді кәдеге жаратып, жиһаз жасау. Алдымен студенттер өздері кәсіпкерлік негіздерін және бизнесін жүргізудің бастапқы дағдыларын үйреніп шығады. Кейін осы тәжірибелерін көпбалалы отбасының балалары, жетім балалар, мүгедектер және ерекше қажеттілігі бар жастарға үйретеді. Яғни қоғамның әлеуметтік осал саналатын санаты осындай өнім жасап, табыс тауып, өздерін қамтамасыз етуге қол жеткізуі тиіс. Осы жоба бойынша Қарағандыдағы үлкен компаниямен серіктес болдық. Олар бізге паллеттерді тегін береді. Ал біз қамқорлық жасайтын

жандар, тегін шикізаттан өнім жасап, оны сатып табыс табады.

– Жастардың кәсіпкерлігі жөнінде көбірек айттыңыз. Ал олардың өз кәсібін ашуына қолдау көрсету, біліктілікті үйретуді қолға алдыңыздар ма?

– Командамыз Enactus Karaganda Buketov University аталады. Университетіміздегі «Жастар кәсіпкерлігі» орталығымен бірге жұмыс істейді. Одан бөлек 3 бағыттағы өз жобаларымызды алып жүреді. Ең бірінші бағыт – бұл коммерциялық жобалар. Әрбір студентті университет қабырғасынан бастап қалай жұмыс істеу керек екенін, одан кейін өздерінің белгілі бір дағдылары болса, оны қалай коммерцияландыруға болатынын үйретеміз. Қазіргі коммерциялық бағыттағы екі жобамызбен студенттеріміз айналысады. Олар тапсырыстар қабылдап, оны орындап, өздеріне табыс табады. Сонымен қатар осы жүргізілген жобаларды студенттеріміз дипломдық жұмысы ретінде қорғай алады. Сол жобаны немесе идеясын өзі оқу бітіргеннен кейін жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, бизнеске айналдырып жалғастыра беруіне болады. Ондай мысалдар бізде көп. 10 шақты оқу бітірген түлегіміз студент кезінде жасаған жобасын дамытып, кәсіпке айналдырып алды.

– Сіз тоқталған жобада жүргендер ЖОО-ның белсенді студенттері. Енді ауыл жастарына келсек, оларға қолдау көрсетесіздер ме?

– Біз ауыл жастарына бизнес негіздеріне және кәсіпті қалай бастау, дамыту жөнінде көмек көрсетуге әзірміз. Университетте бизнеске бағытталған мамандықтар көп, айталық кәсіпкерлік және жобаларды басқару, бизнес, аналитика және бизнес консалтинг сияқты. Ауыл жастары 4 жыл оқып, одан кейін осы бағыттағы жобаларды бастап әрі қарай өзінің бизнесін алып кетуіне мүмкіндік бар. Сонымен қатар университетімізде «Жастар кәсіпкерлігі» орталығы бар. Онда студенттер ғана емес, ауыл жастары да біліктілігін шыңдай алады. Жаңа идеялар, дайын жобалар болса бизнес инкубациядан өткізіп, әрі қарай толыққанды өмір сүретін жобаға айналуына көмектесіп, нарыққа шығарамыз. Мұның барлығы тегін жүргізіледі. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасынан сертификат алған үйретуші сарапшыларымыз тегін түрде консультация бере алады. Егер бізді ауылдарына шақыртса, қызығушылық танытса, сол ауылдарға барып командадағы студенттеріміз өз тәжірибесімен алмасып, үйретуге дайын. Егер белсенділер команда қатарына қосыламын десе бизнес жобаларда студенттермен бірге тәжірибе жинақтаймын десе, есігіміз ашық. Қолдау көрсетеміз. Айта кетерлігі, біз сөз еткен нәтижелі жобаларда жүрген командамыздың дені ауылдан шыққан жастар.

– Жобаларыңыз туралы көбірек білдік. Енді өзіңізге тоқтала кетсеңіз, қайда білім алдыңыз? Осындай белсенділік қай кезде пайда болды?

– Өзім Қарағанды облысының тумасымын. Жоғары білімді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде алдым. 2021 жылы Жастар кәсіпкерлігі саласындағы жұмысымды қорғап, PhD ғылыми атағын алдым. Қазір университеттің Экономика және халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісімін. Негізі ғылыми қызығушылығым – жастар кәсіпкерлігі. Сонымен қатар әлеуметтік стартаптар мен қалай жүзеге асыру технологиясын зерттеп келемін. Нәтиже жоқ емес. Әлеуметтік, экологиялық, коммерциялық жобаларымыз гранттар алып, түрлі жүлделі орындарға ие болып жатыр.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Жәнібек АМАНГЕЛДІ

Жуырда Netflix-те шыққан «Фубар» сериалы Қазнетте үлкен талқы тудырды. Сериалда басты рөлдегі Арнольд Шварценеггер бастаған тәжірибелі команда Қазақстанға арнайы миссиямен аттанады. Сериялардың бірінде қаһармандар бағасы аспандап тұрған «қазақстандық» сағызды талқылап, қазақтардың бекон жемейтінінен хабардар екенін көрсетеді. Әлбетте, отандық көрерменнің көбі бұл қиял-ғажайып эпизодтарға езу тарта қарағаны рас. Әйткенмен, батыстық кино мамандарының біздің елді сценарийге қосарда қандай қисынға сүйенері сол күйі түсініксіз қалды.

БАТЫС КИНОСЫНДАҒЫ «БАСҚА ҚАЗАҚСТАН»

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Сол күйі дейтініміз – бұған дейін де жарыққа шыққан Голливуд фильмдеріндегі Қазақстан жайлы мәлімет ақиқатпен оншалықты, тіпті көбіне-көп мүлдем сәйкеспейді...

«ҚАЗАҚТАР БЕКОН ЖЕМЕЙДІ»

«Фубар» сериалында көрерменнің көзіне Қазақстан азаматының төлқұжаты оттай басылып, құлағына Сүлеймен Демирел университетінің атауы ып-ыстық естіледі. Иә, кейіпкерлер әңгіме қылып отырған Анна Фетисова атты «қазақ» студенті осы оқу орнында оқитын болып шығады. Жергілікті ұлтқа неліктен славян есімін телігілері келгені бізге белгісіз. Жалпы, белгісіз дүние мұнда көп. Мәселен, олар қай бір жылдары Қазақстанда аса танымал болған «Жарқын күлкі» деп аталатын сағызды талқылайды: кейіннен қызылмияның тапшылығынан әлгі сағыздың бағасы аспандап кетіп, шенеуніктерге ғана қолжетімді затқа айналыпты-мыс. Бізді тағы бір таңғалдырғаны – қолданыста жоқ қазақша сөздер еді. Агенттің серіктесі құлаққа түрпідей тиетін акцентпен «Неге көңілсізсің, суперханым?» деп қазақша сөйлегенінде, көрерменнің кейбірі шайына шашалып та қалған шығар. Бірақ сценарист біздің доңыз етін жемейтінімізді білетіні қуантты: жолаушы жігіттің бекон жеп отырғанына қарап, шпиондар оның қазақ болып шығуы екіталай деген тоқтамға келеді. Әрине, бұл жерде нысанадағы әлгі адамның нәсілі азиатқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтынымен олардың шаруасы болмады.

ҚАЛА АТАУЫНА ДА ҚАТТЫ БАС ҚАТЫРМАҒАН

2008 жылы жарыққа шыққан «Біздің дәуірімізге дейінгі Вавилон» фильміндегі Қазақстанның да шынайы Қазақстанмен ұқсастығы тым аз. Онда кейіпкерге Аврора есімді жұмбақ қызды Моңғолиядан Нью-Йоркке алып келу тапсырылады, қауіпке толы жол «қазақстандық» Троицк қаласы арқылы өтеді. Фильм авторларының неліктен қаланы орыша атағысы келгені беймәлім. Шамасы, бізді де славян тектес ұлт деп ойласа керек, өйткені кадрға көбіне славян кейіпті адамдар түскен. Владивостокқа бара жатқан пойызда балалары мен ешкілерін алып келе жатқан азиат отбасы кездеседі, алайда олар қазақша сөйлемейді.

Фильмде 2027 жылдағы біздің мемлекет оншалықты бақуатты ел болып көрсетілмейді. Радиациядан әбден уланған, жартылай қираған қалалардың алаңдарында тот басқан кеңестік бронетехника тұр, азып-тозған халықтың жерге асы, ішерге суы жоқ. Мұнда тек қылмыскерлер ғана шат-шадыман өмір сүреді. Тар өткелдердегі жайма базарларла арзанқол киім-кешекпен қатар клондалған экзотикалық жануарларды да, сондай-ақ өлген иттерді де сатып алуға болады.

Фильм оптимистік нотада аяқталады: монах әйел ақыр соңында Шығысты кедейліктен, Қазақстанды экологиялық апаттан құтқаруға бел буады.

«БОРАТТЫҢ» БІР НҰСҚАСЫ

Біз «Боратқа» бұлқан-талқан болып жүрсек, соның ар жақ-бер жағындағы басқа фильмдерді білмейді екенбіз. 2014 жылғы Mercenaries фильмінің сюжеті, сценаристің фантазиясы еріксіз баяғы «Боратты» еске түсіреді: мұндағы «Қазақстан» – тау мен шөлі араласып жатқан, үйлері батпақ пен ағаштан соғылған, түрі еуропалық адамдар тұратын, әйелдері құлдықта өмір сүретін, жезөкшелік пен нашақорлық жайлаған ит байласа тұрғысыз жер.

Сюжет бойынша, Қазақстанға келген АҚШ президентінің қызын жергілікті қылмыстық топ ұрлап кетеді. Бандиттерді бастаған бұзық қыздың есімі – Ульрика. Иә, фильм мамандары тағы да ат таңдауда оңбай қателескен.

Кинода көңіл күйінді түсіріп, зығырданыңды қайнататын тағы бір тұс бар. Американдық шпион қыздарға қазақ әйелдеріне ұқсау үшін жергілікті азамат бастарын қой иісі сіңген көне орамалмен бүркеуге кеңес береді.

ҚИЮЫ КЕТКЕН ҚИСЫНСЫЗ СЮЖЕТ

The X-Files сериалының бесінші маусымындағы он үшінші эпизодта Қазақстанға

ұшатын тәрелке құлайды. Малдер мен Скалли есімді агенттер зерттеу жүргізіп, қазақстандық бала Дмитрийдің әлгі ұшатын тәрелкенің қалай құлағанын көргенін анықтайды. Енді Дмитрий қандай да бір дертке шалдығады. Оның вируспен зақымданған көзі мен мұрнынан... мұнай ағады. Қатыгез агент Алекс Крайчик Дмитрийді АҚШ-қа алып келеді, бірақ бала белгісіз себептермен ғайып болады. Бұл серияны көрермен сериалдың ең қорқынышты бөлімі деп біледі. Сонымен қоса, ең қисынсызы да шығар...

КӨК ТУ КӨЗІҢЕ ЖЫЛЫ ҰШЫРАЙДЫ

Батыс фильмдерінің кейбірінде Қазақстан атауы бейтарап немесе позитив тұрғыда да көрініс тауып жатады. 2016 жылғы Preacher сериалының 8-сериясында періштелер шағын техастық турагенттікке кіргенінде, қабырғаға ілінген қызылды-жасылды плакаттардың арасында «Kazakhstan!» деген үлкен жазуы бар баннерді көруге болады. Чехословакияның, Гавай аралдарының суреттері қатарында Шымбұлақ курортындағы шаңғышының суреті де тұр. Сериал сюжеті 1995 жылы болып жатқанын ескерсек, расымен де уақыт шекарасы бұзылмаған екен: Қазақстан бұл кезде тәуелсіздігін алып үлгерген болатын.

«Крид: Рокки мұрасы» фильмінің ең басында басты кейіпкер рингке шыққанда, АҚШ туының жанында ілулі тұрған Қазақстан байрағын көресіз. Бұл жағдайда фильм авторы дәл біздің туға акцентті бекер түсірмесе керек: еліміздің әлемдік бокс сахнасындағы орны ерекше екені рас. «Эверест» фильмінде де біздің көк ту көзге тым жылы ұшырайды. Айтпақшы, бұл фильм шынайы оқиғаға негізделгенін айта кетейік: экспедиция қатысушыларының бірі танымал отандық альпинист Анатолий Букреев еді.



БАҚЫТҚА КЕНЕЛГЕН ОТБАСЫ

Хайуанаттар бағын сатып алып, өмірдің мәніне ие болған отбасы жайлы әдемі хикаяны көргілеріңіз келе ме?

«Біз зообақ сатып алдық» атты фильмнің түсірілуіне арқау болған оқиға өте әсерлі шыққан. Фильмнің басты кейіпкері – журналист Бенджамин Ми. Әйелі дүние салған соң оның басынан проблемалар арылар емес: 14 жастағы ұлының мектептен шығып кетуі, жұмыстағы сәтсіздіктер, мазасыз көршілер – осының барлығынан құтылу үшін Бенджамин қоныс ауыстыруды шешеді.

7 жасар қызы Рози мен жанадан жұмысқа кірген риэлтор Стивенспен олар бірнеше үйді қарағанмен, көңіліне жайлысын таппайды. Соңында кішкентай қыз Рози ұсынған кітапшадағы үй олар үшін тамаша шешім болып көрінеді. Олар ескі үйге барады: Бенджамин мүлікті тексеріп, риэлторға үйдің көңілінен шыққанын айтады. Арыстанның ақырған дауысы естілген кезде, Стивенс үйде бірнеше жыл бұрын жабылған хайуанаттар бағы болғанын, үйді алғысы келсе, екеуін қоса сатып алу керектігін айтып түсіндіреді. Үй құстарымен ойнап жүрген Розидің қуанышын көрген Бенджамин үйді хайуанаттар бағымен бірге сатып алуға келіседі.

Осылайша, хайуанаттар бағының қызметкерлері бұл орынды жұртшылыққа қайта ашу ниетімен, жөндеу жұмыстарына кіріседі.

Ауылшаруашылық ісінің қатал инспекторы Уолтер Феррис аяқ астынан тексеріс жүргізіп, 150 мың доллар тұратын жөндеу жұмысының сметасын жасайды, ал Бенджаминде мұндай

ақша жоқ. Хайуанаттар бағының есепшісі Ронда Блэрдің «Бенджамин осы жерді сатады» деген өсегін естіген қызметкерлердің көңіл күйі түсіп кетеді.

Осы қарбалас шақта Бенджамин әйелінің бұған жазып қалдырған инвестициялық шотын тауып алады. Бенджамин сол ақшаны хайуанаттар бағының жөндеу жұмысына жаратуды шешеді.

Режиссер Кэмерон Кроудың мақсаты сәтті орындалған. Екі сағаттық фильмге көп мағына сыйдыра алған: онда әке мен бала, әйел мен ер, адамдар мен жануарлар арасындағы қамқорлық, махаббат тамаша жолмен көрініс табады. Кино көрерменге біздің өміріміздегі ең маңызды нәрсе не және айналамызды бақытты ету үшін не істей алатынымыз туралы ойлануға көмектеседі. Фильм хэппи эндпен аяқталады.

«Біз зообақ сатып алдық» – мен көрген фильмдердің ішіндегі ең жақсыларының бірі. Өте шынайы, қызықты әрі көңілді бұл фильмді басында басқа комедиялық туындылардың бірі болар деп ойладым. Сөйтсем, қателесіппін. Фильм өзінен кейін өте жарқын әсер қалдырды. Қазір көптеген фильмде кездесетін ерсі әзілдердің жоқтығы да қуантты. Кейіпкерлермен бірге қуанып та, жылап та алдым.

Аяжан ИСИНА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті

Әке арманы (ТАУҚЫМЕТ)

Әлі есімде жаз болды әкем тете інімді қасына ертіп алып, Николайдан қалған көпірдің тұсына барып қамыс оратын. Кешке діңкесі құрып әрең дегенде үйге жетіп құлайтын. Қара күзге дейін тірлігі – осы. Ажырық, жантақ орған кезде дәл бұлай қажымайды. Орылған шөптердің дегдуін күтіп, шөмеле-шөмеле етіп үйіп, теміржолшылардың ГАЗ-53-іне тиеп алып келіп, қораның үстіне қыздың жүгіндей етіп әдемілеп жинап қоятын. ГАЗ-53-ке де кезекке тұрады. Ауылдағы жалғыз жүк көлігі болған соң денесі алпамсадай шофердің дәурені жүріп тұр. Мінезі дүнкетпе шофердің келісе кетуі де екіталай. Демалыс күн жақындай бастағанда ауылдағы ірі бастылар шофердің әуеніне төңкеріле бастайды. Шөп түсірген үйде сол күні кішігірім той – бауырсақ пісіріліп, ет асылып бір шишаны ортаға қойып алып, шоферді құдайдай күтеді. Ертесіне шофер түк болмағандай бүгілген қазық сияқты темірмен машинасын қолмен оталдырып, мені көрдің бе дегендей ауылды қақ жарып арылдатып өте шығады. Күнмен кеуіп тозығы жеткен машинаның шанағындағы тақтайлары машина орнынан қозғалған сайын бір сықырлап, бір сартылдап теміржошылардың зәресін алады. Ойдым-ойдым жерлерге келгенде «шықпа жаным, шықпа» деп отырған жұмысшылар бірде сол жаққа, бірде оң жаққа ауып, «ванька-станька» сияқты домалайтыны тағы бар. Бірде әкем орған қамыстарын машинамен алып келген күйі түсіруге асықпады. Бау-бау етіп буылған қамыстар сықиып тұр. Әшейінде денесі еңгезердей болғанмен дегбірсіз шофер де әкемнің қасында үн-түнсіз.

Уақ мал таптап жалтыратып айнадай еткен қораның алдына қойылған машинаның көлеңкесіне жайбарақат малдас құрып жайғасып алыпты. Әкемнің көңіліне қарап отырған сияқты. Не керек сол күні тиелген қамыс түсірілмеді, үйде абырсабыр болып шофер күтілмеді. Кешке анашым әкемнің ең сүйікті асы сыркүріш жасапты. Сары майды шыжғырып тұрып тортасынан айырып, күріштің бетіне құйған кезде ауызыңнан дәмі кетпейтін ас. Әңгіме тамақты бабымен пісіруде ғой. Тамақ желініп, шәй ішіліп болған соң анам жәйлап әкемнен сыр тартты. «Неге қамысты түсіріп, машинаны босатпадыңдар?» дегені сол әкем кемсеңдеп қоя берді. Қолындағы насыбай шақшасының тығынын бір ашып, бір жауып әлек. Сәлден соң:

«Отырабатқа көшіп келгелі іздеумен әлекпін, ешбір таба алмадым. Қамысты тиеп болып салқын жерде демалып алайын деп қисайып жатсам, көзім ілініп кетіпті. Анамның орамалын түсімде көріппін. Аспанда қалықтап ұшып жүр, ешбір ұстай алмадым. Өз даусымнан өзім шошып оянып кеттім. Енді іздеудің керегі жоқ деп түсімде аян берді», – деп өксіп қоя берді әкем. «Үлкен адамның жылағанын бірінші рет көруім. Анам біраз сырды білетін сияқты, сол салмақты күйінше «жаны жәннатта болсын!» деп бетін сипады. Сәл үнсіздіктен соң әкем ақтарылып сөйлеп кетті:

«Сен не білесің? Бидің қызы болдың, әкең мен шешеңнің қасында шолжаңдап өстің, қуғын басталмай жатып қырғыз асып, тау ішіне жайғастындар. Әкең болса діндар адам. Қай жерге болса да көшімен бірге сыйып кетті. Керуен басы болды. Менің болса көрмегенім жоқ. Анамның түрі еміс-еміс қана есімде. Есімде қалғаны: «алшынннан шыққан Айша сұлу» деп атайтыны. Әкем Шоқтайдың бәйбішесі Күлшекүлден – Дүйсек, Айшадан мен және әпкем Назым дүниеге келіппіз. Әкеміздің ақылдылығы сондай, бәйбіше мен тоқалдың балаларын ауыстырып еміздірген екен. Не деген көрегенділік! «Нағыз еркек – бас ие» деген осы. Содан болар Күлшекүл анам мені өзінен шыққан Дүйсектен де бетер жақсы көретін.

Бабамның аты – Нұр, Нұрдан: Тұңғышбай, Тұңғышбайдан әкем Шоқтай тараған. Біздің әулеттің жаздық жайлауы Қаратаудың етегіндегі Күмістіде, қыстық жайлауы Саржазда еді. Бізді «Ешкілі байдың тұқымдары» деп атайтын. Қартаудың жота-жотасына жайлаған уақ малдардың, әсіресе ешкілердің санын ешкім білмейтін. Тұңғышбай атам ғана қаншауын сойып жедік деп, аса таяғына кертіп белгілеп отырған. Қаншаға көбейді, оны ешкім санамайтын. Жайбарақат заман еді, ұрықары деген болмайтын. Күмістіге көшудің өзі бір тарих. Бірде Тұңғышбай атамның інісі Батыр, серілігі мол болған деседі, жорға мініп ел аралап жүргенде Күмістіде алтын құмға көзі түсіп, екі көзі бірдей ағып кетіпті. Алтын көздің нұрын алады деген бекер емес екен. Содан екі көзі бірдей көрмей, түнек соқыр болып қалыпты. Бірте-бірте сол соқыр Батыр құмар ойнаудан алдына жан салмайтын құмаршы атаныпты. Екі көзін тарс жұмып алып есептегенде ешкім төтеп бере алмапты. Содан болар ауылдағылар Батыр келе жатыр дегеннен қыз-қырқын, әйел біткенді одан тығатын болған. Батыр қамыр илеп, нан жайып отырған әйелге, есіктен төрге қарап отырған әйел баласына тиіспейтін құмардың шартын сақтапты. Сол Батыр атамыз ағаларына алтын көргенін айтып жаздық жайлауды Күмістіге көшіртіпті. Ең алғашқы болып алтын өңдеуді бастаған да біздің әулет» деген кезінде еңсесі түсіп отырған әкем отырған орнынан бір қозғалып алғандай сезілді. «Одан кейін көресіні көрдік қой. «Көресіні көрмей көрге кірмейсің» деген осы да. ...Сол бір зобалаң жылдары қазақ атаулыға қиын болды ғой. Әсіресе, бай атаулының бәріне қызылдар қырғиша тиді. «Іштен шыққан жау жаман» деген, көрмеген тауқыметіміз жоқ.

> *Таң ата біздің көшті шолақ белсенділер мен қызылдар қуып жетіп, Тұңғышбай атам мен әкемді аттарынан сүйреп түсіріп, алдарына салып айдап алып кетті.*

Жасым сол кезде шамасы көп болса бес-алтыда. «Байлардың малын тартып алып, өздерін итжеккенге айдап жібередімыс» деген әңгімені ести салысымен атамыз Тұңғышбай «қызғанғаным қызыл итке жем болмасын» деп бір түнде барлық мал біткенді ауылдағыларға жапа-тармағай таратып жіберді де, он шақты түйеге бар дүниені артып, қатын-қалаштарды арбаға отырғызып, жолға шығады. Таң ата біздің көшті шолақ белсенділер мен қызылдар қуып жетіп, Тұңғышбай атам мен әкемді аттарынан сүйреп түсіріп, алдарына салып айдап алып кетті. Жылап-сықтап қала бердік. Қалғандарымызда шаруасы болған жоқ, түйеге тиелген түйіншектерге де мән беріп ешкім қарамады. Алдымызда айдап бара жатқан мал болмаған соң, ең басты керегі ірі бастыларымыз – атам мен әкем болса керек.

Содан көштің басын Күлшекүл әжем басқарып келе жатты. Күніне екі-үш рет түстеніп демалып, тамақтанып әл жинап аламыз. Қанша күн жүргеніміз білмейміз, шойын жол бойындағы көпірден өтіп біраз жер жүріп түйелерді шөгердік. Әлденіп алған соң әжем ақнардағы жүкті ақтарып, ішіндегі аттың басындай қожкож алтындарды ақ киізге орап, қыл арқанмен байлап, бірнеше үлкен-үлкен бума жасады. Әлгі бумалардың қасына Дүйсек ағам екеумізді шақырып алып: «Мына жерді естеріңе сақтап алыңдар, әулеттің бар байлығы осы – ақ киізге ораулы. Осы маңға терендетіп көміп кетеміз, аман-есен елге оралсаңдар қажет болады» деп екеуміздің басымыздан сипады да, маған қарап: «Айналайын туған анаң Айшаның орамалын саған берейін. Қазір өзіңнің үлесіңді осы орамалға орап, ақ киізге бөлек орап салайық. Өз қолыңмен шиелеп байлашы, қыл арқан ешқашан шірімейді, бірақ алтын көшеді, осы орамалдан танып аларсың өз үлесіңді» деп басымнан сипап мейірленіп иіскеді. Малшыларымыз сол кезде адал екен. Терендетіп жерді қазып, ақ киізге оралған сом алтындарды әжем айтқан жерлерге көмуге көмектесті. Шойын жолдан алыс емес жерде бес-алты үйдің қарасы көрінген соң, соған бет алдық. Сол ауылда екі үш күн қонып, әжем бәрімен танысып алыпты. Тағы да әжем Дүйсек ағам екеумізді жанына шақырып алып, «ақылдасатын нәрсе бар еді» деді. «Айналайындар, сендер біле бермейсіңдер, әлі қырғыз еліне жетуге біраз жол бар. Жолда қарақшы деген болады, қарақшылар алтын мен қызға өш болады. Назымды осы ауылда Нұғман деген жетім бала бар екен, кішкене болса да соған қосып кетсек, ризашылығымызды беріп, жасы он үшке толғанда некелеп қоса жатар» деп бетімізге қарады. Ол кезде Назымның жасы он бірге де толмаған. Дүйсек ағам жылап қоя берді, мен де қосылып жылап отырмын. Сонымен не керек, Назымға айтпастан түнделетіп Назымды белгісіз жанға тастап кете бардық. Тауқымет деген – осы. Азанда тұра салып бізді іздейтін болды ғой. Күйеуге береді дегенді түсініп тұрған мен жоқ, «қалдырып бара жатырмыз» деп жылаймын. Әжем қосылып жылайды арасында, «Көріңде өкіргір Сатыш!» дегенді қайталап айта береді. «Түбімізге жеткенде де өз ағайынымыз жетті ғой. Жолға шыққанымызды Сатыш қана білетін еді, ілешала жеткізіпті» деп сырын айтып қояды.

Содан арып-ашып қырғыздың еліне де жеттік-ау. Әжем жарықтық ат басындай алтындарды көміп кетті енді түгіміз жоқ шығар деп жүрсек, он шақты пар добалдай етіп құйған алтын үзеңгіні алып қалған екен. Былайша қараған адамға алтын деп те ойламайсың, қоспасы көп пе дерсің, үзеңгіні алтыннан соғады деген ешкімнің басына да кіріп шықпас. Аттың үзеңгісін түйеге де пайдаланып келіппіз. Қырғыздың Қызылқия деген жеріне барып қоныстандық. Қиналған кезде үзеңгілерді бір-бірлеп өткізіп, талғажу еттік. Ол жерде бір ауыл Қазақстаннан ауып келген қазақтар екен. Сол жерде аналарыңа үйлендім. Сталин дүниеден өткен соң Қазақстанға көшіп келдік. Онда да тура Назым әпкемді тастап кеткен, алтындарымызды көмген шойын жолдың бойындағы Николайдан қалған темір көпірі бар ауылға көшіп келдік. Ауылдың аты Отырабат стансасы екен. Теміржолға жұмысқа орналастым. Содан жаз болса болды, балалық шағымда түйелерімді шөгеріп аққиізге ораған бабаларымның алтын мұрасын, анашымның иісі мұрнымды жаратын ақ орамалын іздеймін. Алтын көшіп кетсе де анашымның ақ орамалы бір қамысқа оралып тұр ма екен деп іздеймін» деп әкем көзінің жасын сығып алды.

Содан бері де отыз жылдан асып кетіпті. Әкем де, анам да мәңгілік мекеніне кетті. Он шақты жыл бұрын атаусыз кеткен аталарымызға арнап ас та бердік, киім де тараттық, бірақ әке арманы орындалмай қалды. Соңғы екі-үш жылдың көлемінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Тұңғышбай, Шоқтай аталарымызды іздеп жазбаған жерім жоқ. Ірі байлардың аттарын әдейілеп өзгертіп жіберген деген де сөздерді естідім. Көне жазуды оқитындармен де сөйлесіп көрдім. Пайымдап қарасам, сол жылдар шамасы ел ішінде сенімсіздік пен қорғансыздық көп болған 1920 жылдарға тура келеді. Филипп Голощекиннің қолдан жасаған ашаршылығы, Сталиннің «ұлы бетбұрыс» саясаты да кейін басталған. Құпия жағдайда мал-мүлікті тәркілеу басталмай жатып ұсталып кеткен, сол заманда-ақ алтын өндірісімен айналысып, бір ауылды асыраған, ешбір жазықсыз қуғынға ұшыраған бабаларымды іздеуден жалықпаймын. Ақылды әжелерімді мақтан тұтамын. Қазақтың бар зиялысын, бар шекпендісін жоюға бағытталған орыстану саясаты – барша қазақ үшін қасірет! Туған ата-бабалары хабар-ошарсыз кеткен мен үшін әке арманының орындалмағаны – тауқымет!

Қалыйма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының орынбасары

Түркістан қаласында «Фараб» мемлекеттік кітапханасының үлкен мәжіліс залында Қазақ хандығы тұсындағы көрнекті мемлекет қайраткері, жырау, батыр, жоңғар шапқыншылығына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық күрестің жетекші көсемдерінің бірі Қожаберген Толыбайұлының (1663-1773) 360 жылдығына және «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған «Елім-ай» дастан-жырының 300 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

«ЕЛІМ-АЙҒА» ТҰҒЫРТАС ОРНАТЫЛДЫ

Форумды Түркістан облысының әкімдігі, Қазақстан Жазушылар одағы, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесі, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қоры ұйымдастырды.

Конференция жұмысына белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, ақындар мен жазушылар, көрнекті ғалымдар, студент жастар, үкіметтік емес және ардагерлер ұйымдарының өкілдері белсене қатысты.

Форумға қатысушыларға «Елім-ай» дастанының 300 жылдығына арналған кітап пен төс белгілер таратылды. Қожаберген Толыбайұлының мұрасын жан-жақты насихаттап жүрген 98 адамға «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қоры тағайындаған «Елім-ай» жырына 300 жыл» деген атаулы медаль тапсырылды. Қожаберген жырау осыдан 300 жыл бұрын қазақ халқының тұтастығы мен бірлігі, тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында жан аямай күрескен тарихи тұлға.

Жалпы, бұл игі іске серпін беретін ізгі шаралар оңтүстік өңірде басталып та кетті. Қасиетті Қаратаудың беласуына «Елім-ай» ән-дастанына еңселі тұғыртас орнатылды. Кез келген елдің тарихында өзінің қилы даму кезеңінен хабардар ететін ұлы өнер туындылары болады. Кейде онда баяндалатын көркемдік шындықтың тарихи шындықтан бәсі биік тұруы әбден мүмкін. «Елім-ай» да бұл тұрғыдан келгенде халқымыздың шерлі шежіресін шынайы шертіп, ел жүрегіне жеткізген бірегей туынды. Осы секілді қайсыбір жылы 1000 жылдығы тойланған қырғыз халқының «Манас» эпосын атап айтуға болады. Оның атына байланысты ел өңірінде есте қалатын елеулі істер атқарылды. Әуежайына дейін «Манас» аты берілді. Орыстар «Игорь жорығы туралы» жырдың (қыпшақ тарихына тұнып тұрса да) 800 жылдығын академик Д.Лихачевтің басшылығымен дүркіретіп өткізді. Әрине, бұған дейін бізде белгілі қаламгерлердің танымал туындыларындағы ел көңілінде жатталып қалған кейіпкерлерге ескерткіш, символдық бейнелер орнатылғаны белгілі. Осы орайда «Елім-ай» ән-дастанына арнайы тұғыртас қойылуы қоғамда елең еткізер оқиға ретінде қабылданып жатқанын кеуде толы қуанышпен айқайлап айтсақ керек. Ендігі жерде осы бір айтулы оқиғаға байланысты еліміздің өнердегі, ғылымдағы аса танымал тұлғалары мен қайраткерлерінің әйгілі туындының маңызы мен мұраты турасындағы тосын көзқарас, пікір ұсынытымағы, бірлігіне қызмет ете беретініне жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар бас баяндамашы Серік Негимов те «Елім-ай» жырының тарихи лексикондық сипатын саралап көрсетті.

«Елім-ай» ән-реквиемі, Қожаберген жырау және оның кезеңі ғылыми айналымға (Ә.Кекілбай) еніп, түбегейлі ғылыми зерттеу объектісіне айналғанына да он жылдан аса уақыт өтті. Бұл ретте академиктер М.Қозыбаев, С.Зиманов, С.Қирабаев т.б архив материалдарына, тарихи деректерге негізделген бұлтартпас зерделі еңбектерін айтпағанда, мына бір ныстары басшылыққа алынуы тиіс. Соның ішінде ғұлама ғалым Құлбек Ергөбектің ой-тұжырымдары айрықша ден қойғызады.

Өзағаң – Өзбекәлі Жәнібековтің қарт Қаратаудың аңғарларында табаны тимеген жері жоқ шығар. Әйгілі тарихшы, этнограф бір заманда Қаратаудың басынан 62 бұлақ жарысып ағып, Сырдарияға барып құятынын айтады екен. Бүгінде соның екеуі қалған. Сырдарияға тақау Алқакөл, Иіркөл, Батпаққөл болған екен. Демек, Алқакөл атауына қатысты зерттеу жұмыстарын қолға алу қажеттілігі де өз өзінен сұранып тұр. Бұл ретте Мұхамеджан Тынышбаевтың «Ақтабан шұбырынды» атты мақаласында көрсеткен мәліметтерге де назар аударған дұрыс. Құлбек Ергөбектің бүгінде осынау Қаратаудан «елім-айлап» басталған оқиғаның осы өңірден өз бастауына қайта келіп, серпін алуында да символикалық мәні бар деуі де қисынды. Сондықтан оның түркі халықтарының екі дерек айрықша назар аудартпай қоймайды.

Бауыржан Момышұлы «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде біреуі қазақ жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Оның «Елім-ай» жыры – әскери дастан. Бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен» десе, атақты тарихшы Ермұқан Бекмаханов та Қожаберген кезеңінің түбегейлі зерттелуі қажеттігіне тоқталады. Сонымен қатар С.Торайғыровтың «Құрбыма», Мәшһүр Жүсіптің «Даналарға» атты өлеңінде Қожабергенсіз сөйлемейді.

Әрине, жаңа кезеңде, жаңа уақытқа бет бұрған жаңа Қазақстан жағдайында туындап жататын түрлі пікірлерге, көзқарастарға, тіпті популистік ұшқары ойларға да сыйластықпен, түсіністікпен қарауға болады. Айтыстан ақиқат туады. Алайда сол шіркіндердің жоғарыда келтіріліп, сан мәрте тарихи деректермен дәлелденген жарияланымдарға ден қоймауы не болмаса өзінің бұлжымайтын дерек, дәйекке негізделген мақаласын ұсынбауы да ойландырмай қоймайды. Біз атап өткен азуын айға білеген, ғылымды тек қана ұлтқа қызмет ету деп білген академиктердің қазіргі күндегідей тапсырыс орындауы мүмкін де емес қой.

Аталған ізгі шараның басты атап айтар жаңалығы – «Елім-айға» орнатылған тұғыртас. Рух өлмейді, тарих жұрт жадында. Өз тарихын білген ел ешқашан жеңілмейді. «Мың өліп, мың тірілсе де» рухымен биіктей береді. «Елім-ай» – соның бір кемел көрінісі.

Қанат ДҮЙСЕНОВ,
«Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының бөлім басшысы

ҮЙДЕН ШЫҒЫП ОРАЛМАҒАН

Жаратылыс жұмбағында «тағдыр» деген бір тылсым бар. Адам баласы тағдыр тәлкегіне, тағдыр жазуына шүбәсіз сенетіні тағы рас. Танысының, жақынының, не өзінің басынан қандай да бір қиындықтар өтіп жатса, «тағдырдың пешенеге жазуы да» деп болжамды байламын да жасайды. Бір сөзбен айтқанда, тағдыр адам өмірінде рөлі бар беймәлім бір құбылыс. Ал тағдыр тәлкегіне түскен жандардың басынан өткен оқиғаларын естігенде еріксіз бас шайқайсың. Санаң сан саққа кетіп, тағдыр жазуының салмағын сезінесің. Міне, сондай тағдырлы таланттың бірі – саз өнерінің саңлағы Садыхан Әубәкіров. Жамбылдық өнер иесі бір күнде із-түзсіз жоғалып кетіп, бүгінгі күнге дейін табылмай отыр.

Садыхан Әубәкіров 1936 жылы 24 ақпанда дүниеге келген. Алайда оның өмір жолы мен өнері хақында ақпарат өте аз. Тіпті, интернетте терсең де, Садыхан Әубәкіров туралы дерек таба алмайсың. Бейне бір адам өмірден өшіріліп кеткендей. Сондықтан біз Садыхан Әубәкіровтің көзін көрген, таныған, ол туралы зерттеу жүргізген адамдардың әңгімесіне сүйене отырып, жұмбақ жағдайда жоғалып, осы күнге дейін табылмаған талант жайында білуге тырыстық.

–1970 жылы облыс орталығы Жамбыл қаласындағы (қазіргі Тараз) Химиктер сарайында пролетариаттың ұлы көсемі В.Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған мектеп оқушылары көркемөнерпаздарының байқауы өтіп жатты. Химиктер сарайында өткен осы байқауда Садыхан Әубәкіровтің есімін бірінші рет естідім. Сарысу ауданының өнерпаздары концерт қойып жатқан. Сахнада ұлт аспаптар оркестрі күй орындаған. Құрманғазының «Ақбай» күйі. Осы шығарманы қазылар алқасы мүшелерінің бірі қайта орындатты. Сонда маңайымдағы үлкен кісілердің «Садыхан ғой, Садыхан Әубәкіров» дегенін құлағым шалып қалды. Сол жолы ол кісінің саз өнеріне деген ерекше көзқарасын байқадым.

Осы оқиғадан кейін университетті бітіріп келіп, Жамбыл аудандық газетінде қызмет атқарып жүргенімде ол туралы ел құлағын елең еткізген хабар естідім. «Композитор Садыхан Әубәкіров белгісіз жағдайда жоғалып кетіпті» деп ел шулады. Қазір саралап отырсам, 1984 жылдың шілде айы екен, – дейді кейінгі жылдары Садыхан Әубәкіров туралы зерттеу жүргізіп жүрген жазушы Болат Жаппарұлы.

Зерттеушінің тағы бір сөзіне сүйенсек, Садыхан сазгер бұрынғылар «культпросвет» атап кеткен Жамбыл мәдени-ағарту училищесінде ұстаздық қызмет атқарыпты. Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясын 1957 жылы ұлт аспаптары факультеті домбыра класы бойынша бітіргеннен кейін дирижерлік мамандығын жетілдіру үшін тағы да үш жыл оқуға қалады.

Садыханның студент кезінде шығарған «Жеңеше» әні оны өнерсүйер қауымға танытып, қошеметіне бөлейді.

«Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясының студенті Әубәкіров Садыханның «Жеңеше» әні (сөзі Т.Молдағалиевтікі) заманауи халықтық әзіл өлеңдер үлгісінде жазылған. Әуезді және тесситура жөнінен ыңғайлы. Музыканың сапасы жағынан жоғары көркем деңгейде. Әуені мәтін мазмұнына толық сәйкес.

Жоғарыда айтылғандар негізінде С.Әубәкіровтің «Жеңеше» әні радиохабарлар мен әуесқой композиторлар шығармаларынан берілетін концерт бағдарламаларына ұсынуға толық лайық», – деп сол кезде Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор Л.Хамиди пікір білдірген. Ол кезде Садыхан шамамен 21 жаста болған. Осы қырынан келгенде оны тума талант деп бағалауға нақ болады.

«Биік мінбеде тұрған орта бойлы, ақсары жігіт қолындағы жіңішке сиқырлы таяқшасын сілтеп қалғанда оркестрден үн төгіліп қоя берген. Бірде ерік бермей екпіндеген, бірде баяу күңіренген сол құдіретті үн, әсерлі әуен жалғыз таяқшаның айдауында. Жұрт оркестрдің сол сарынды әуенін «бір шыбықпен айдаған» жігітке дән риза. Бұл Химиктердің мәдениет сарайы ұлт-аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі әрі дирижері Садыхан Әубәкіров еді», – деп жазады естелігінде Әулиеата өнері өлкесінің қадірлі қариясы Яхия Шынәсілов.

Садыхан Әубәкіров туралы оның жары, бауырлары, балалары, әріптестері мен шәкірттері айтқан естеліктер 2015 жылы «Өміріне өрлеу берген өнер» атты жинақ болып шыққан. Бұл еңбек сазгердің туғанына 80 жыл толуына орай басылған.

Жазушы Болат Жаппарұлының айтуынша, Садыхан Әубәкіровтің өнерпаз, тамаша талант, ұлағатты ұстаз болуымен қатар ерекше еңбекқор, шебер ұйымдастырушы, өзін өнерге арнаған адам болған. Ол Жамбыл мәдени-ағарту училищесіндегі ұстаздық қызметімен қоса, Химиктер мәдениет сарайында ұлт аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі қызметін атқарған.

– Садыханның «Өрлеу» күйі – өлмейтін еңбек. Мен мұндай ойға «Өрлеу» күйін бірнеше рет тыңдағаннан кейін келдім. Әлемде бір-ақ шығармасымен есімі ел есінде қалған сазгерлер бар. Мысалы, поляк ұлтының өкілі Огнинскийдің атағы «Полонез» атты шығармасымен шыққан. Дәл сондай Садыханның «Өрлеу» күйі – бірегей шығарма.

Іздену арқылы білгенім, Садыхан Әубәкіровтің «Балдырған» атты тағы бір күйі бар. Бірақ ол «Өрлеу» күйіндей танымал болмаған.

Сазгердің онға жуық әні де бар екен. Әндерінің ішінде ақын Жақсылық Сәтібеков сөзін жазған «Жамбыл қызылшашыларының вальсі» туындысы кеңестік кезеңнің ұранына айналған. Өлең сөздері еңбек адамына ерекше шабыт берсе, ән әуені көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Садыхан Әубәкіровтің әндерінің көбі жергілікті ақындардың сөздеріне жазылған. Олардың арасында Жақсылық Сәтібеков, Әдібай Табылдиев, Күлән Шілдебаева, Шона Смаханұлы, Тынышбай Рахимов сынды өлең өлкесінің өкілдері бар. Осылайша, Садыхан Әубәкіров талантты тұлғалардың өнерлерін өрістетуге өзіндік үлесін қосқан, – дейді Болат Жаппарұлы.

Сазгер Садыханның шәкірт тәрбиелеп, талай талантты тұлеткенін жары Мария Каюмқызының естелігінен де ұғынуға болады.

«Біздің үйге шәкірттері Әбдімомын Желдібаев, Садық Құнанбаев, Бағдат Шәйкенов, Қарауылбек Қазиевтер жиі келіп, өз үйіне келгендей жатып кетіп жүретін. Алтынбек Қоразбаев та Садыханның шәкірті», – деп жазады сазгердің жары естелігінде.

– Біздің әулеттен ағамнан кейін өнер жолына мен түскенмін. Ағам ерекше талантты еді ғой. Біздің маңдайымызға сыймай кетті. Өте әсершіл, адамға сенгіш, аққөңіл еді. Із-түзсіз жоғалып кетуіне сол мінезі де себепші болды ма, кім білсін? – дейді Садыханның немере інісі, мәдениет қайраткері, Сарысу ауданындағы Ықылас Дүкенұлы атындағы саз мектебін бірнеше жыл басқарған Мұрат Әубәкіров.

Иә, тума талант Садыхан Әубәкіров белгісіз жағдайда жоғалып кетті. Алғашында ағайын-туыстары, жақын жанашырлары, кейін құқық қорғау органдары іздестіріп таппады.

– Садыхан Әубәкіров үйден шығып кеткеннен кейін қайта оралмаған. Көзін көргендердің айтуынша, өнер адамы болғаннан кейін апталап үйде болмайтын кездері де болған екен. Алайда осы жолы ұзақ уақыт өтсе де, оралмаған. Туыстары сұрастырып таппағаннан кейін құқық қорғау органдарының көмегіне жүгінген. Алайда олар да таппаған.

Арагідік кейбіреулер Садыханның қой бағып жүргенін көргенін айтыпты. Сондай-ақ «Жезқазған жерінде жүр» деген де ақпар түскен. Алайда бұлардың бірдебіреуі дәлелін таппаған.

Мен Садыхан кезінде жұмыс істеген, қазір аты мен заты өзгерген училищеге де барып, ол туралы деректер сұрадым. Алайда сазгер туралы онда да бір құжат қалмапты, – дейді жазушы Болат Жаппарұлы.

Садыхан Әубәкіровтің туыстары үмітін үзбей, оны талай жыл сарыла күтсе де, тума талант сол бойы оралмады. Алайда жоғалғанына он жыл өткеннен кейін жақындарының басын қосып, еске алу асын берген. Осылайша сазгердің отбасы тағдырдың жазуына көнген.

Бір қырынан қарасаң, адам айтса нанғысыз оқиға. Оған қоса, із-түзсіз жоғалған адам туралы 40 жылдың бедерінде бірдебір хабардың болмағаны таңғалдырады. Заңдық жағынан келсек, адамның жоғалғанына 25 жыл өтсе, онда қылмыс құрамы жойылады. Алайда егер қандай да бір ақпарат табылып жатса, істі қайта қарау мүмкіндігі бар екен.

Әлбетте, біздікі заң органдары кезінде тиісті іздестіру шараларын жүргізбеді деген сөз емес. Сазгер Садыхан Әубәкіровтің өнері мен шығармашылығы хақында кейінгі ұрпақ білсе деген ниет. Жазушы Болат Жаппарұлының айтынша, біз осы тума талантқа тиісті деңгейде құрмет көрсете алмай келеді екенбіз.

– Анда-санда жақындарының, көзін көргендердің ол туралы сөз арасында айтып қоятынын есептемегенде, Садыхан Әубәкіровтей талант иесі, өнерпаз, сазгер, ұтқыр ұйымдастырушы, ұлттық өнердің насихаттаушысы, арда азамат, аққөңіл адам мына өмірде болмағандай. Еске алып жатқан ешкім жоқ.

Адам қай қоғамда өмір сүрмесін, елге сіңірген еңбегіне қарай бағаланады. Садыхан Әубәкіров еңбек еткен жылдарында мемлекеттік награда «Құрмет белгісі» орденімен, КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен, одақтық деңгейдегі төсбелгілермен және дипломдармен марапатталған. Соның бәрі

де ұлттық өнерді ұлықтаудағы жетістіктері үшін берілген.

Садыхан Әубәкіров беймәлім жағдайда із-түзсіз жоғалып кеткенімен, оның артында мұрасы – шығармалары қалды. Алайда сазгер шығармалары дәріптеліп жатқан жоқ. Егер Садыхан Әубәкіровтің туындылары насихатталып, түрлі байқау мен іс-шара ұйымдастырылса, одан ұтпасақ, ұтылмасымыз анық. Әрі бұл ұлттық өнерді дамытуға бар саналы ғұмырын арнаған тұлғаға көрсетілген құрмет болар еді.

Одан бөлек, Тараз қаласындағы Ы.Дүкенұлы атындағы мәдениет үйінің алдындағы аллеяға облыс, қала мәдениеті мен өнерін дамытуға өзіндік үлесін қосқан бір топ қайраткердің есімі ойып жазылған мәрмәр тақтатас белгілер қойылған. Алайда кезінде 20 жылдай осы Мәдениет үйінде жұмыс істеп, ұлттық аспаптар оркестрін құрып, оған жетекшілік еткен Садыхан Әубәкіровке осы жерден бір тақтатас бұйырмағаны өкінішті. Аталған белгі тақтатастарды орнатуды ұйымдастырушылар Әубәкіровті қалай ғана ұмытып кетті? «Өзі жоқтың, көзі жоқ» деді ме? Мәдениет саласының мамандары осы олқылықтың орнын толтырады деп сенемін, – дейді Болат Жаппарұлы.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді қазақ даналығы. Әрине, Садыхан Әубәкіровтің өлі, әлде тірісі беймәлім. Алайда оның туындылары мен есімі ұрпақ жадында жаңғырып тұруы керек. Ол үшін, әрине тума талантты дәріптеп, кейінгі ұрпаққа танытуға мәдениет саласының мамандары жанашырлық танытқаны жөн. Осыны жауапты тұлғалар назардан тыс қалдырмайды деген сенім мол.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ЖЕУГЕ АРНАЛҒАН ЫДЫСТАР

Бүгінгі қоғамда тың кәсіптің көзін тауып, шаруасын дөңгелетіп отырған жандар аз емес. Соның ішінде жеке кәсібін ашып, табысты еңбек етіп жүрген жастардың көбейгені көңілге қуаныш ұялатады.

Қызылорда облысы Шиелі ауданының тұрғыны, жас кәсіпкер Жамбыл Қожахметовтің тың кәсібі көпті таңдай қақтырып жүр. Бүгінде ерекше іске бетбұрыс жасаған іскер жанның жасап шығарған дүниелері тұтынушылардың үлкен сұранысына ие.

Шиелілік кәсіпкер мемлекет қолдауының арқасында «Бизнестің Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 2021 жылы 5 млн теңге қайтарымсыз грант ұтып алыпты. Бұл қаржыға көптен ойда жүрген бизнес идеясын жүзеге асыруға білек сыбана кіріседі.

Оның негізгі жоспарлап жүрген бизнес жобасы – түрлі ингредиентті қосу арқылы жеуге жарамды ыдыс-аяқтар, табақшалар жасау болатын. Стандартты шыныаяқтарды жасауға кәдімгі ұн мен жұмыртқаны және белгілі қоспаларды пайдалануға бел буады. Бизнес жоспарын жүзеге асыру мақсатында арнайы цехты іске қосады.

«Табиғи ингредиенттер арқылы дайындалатын жеуге жарамды ыдыстар жасау көптен бері ойда жүрген жоспарым болатын. Бұл ыдыстармен кез келген жұмсақ тағамдарды жеуге болады. Алдымен 10 минут ішінде ыдысқа салынған тамақты жеп, артынша ыдыстың өзін қорек қыла алады. Біз рецептіні ұзақ уақыт бойына сынақтан өткіздік. Жеуге жарамды ыдыстардың қамыры майлы да, құрғақ та емес. Ыдыстардың дәмділігімен қатар көздің жауын алатын әсемдігі және беріктігі де ескерілді», – дейді тың кәсіп иесі Жамбыл Қожахметов.

Бүгінде цехта айына 10 мың шыныаяқ, 2 000 табақша мен 3 000 сорпа ыдысы шығару қолға алына бастапты. Барлық өнім тұтынушылардың талғамына сай әзірленеді.

Кәсіпкер бір ыдысты дайындау үшін алты ай уақытын сарп еткенін алға тартты. Алғашында стандартты шыныаяқтар жасауды қолға алыпты. Алдағы уақытта жеуге жарамды қасықтар мен шанышқылар шығаруды мақсат тұтып отыр.

«Бизнес идеямды мемлекеттік бағдарлама аясында берілген қаржының арқасында жүзеге асырдым. Негізінен, мұндай ыдыстар Еуропада үлкен сұранысқа ие. Көршілес Ресейде жеуге арналған ыдыс-аяқтарды өндірушілер арасында бәсекелестік жоғары. Бірақ бағасы да қымбат. Сондықтан көпшілігіне мұндай өнімді біздің елден алдыртқан тиімді. Ал бұл бизнес жобаны жүзеге асыру үшін Ресейде серіктестермен бірге арнайы оқу-семинарға қатыстық. Осындай ұзақ ізденістің нәтижесінде цехты ашып, жұмысымызды бастап жатырмыз. Мұндай ыдыс-аяқтарды жасауға көп жұмысшы да қажет болмайды. Бүгінде 4 адам еңбек етеді. Автоматтандырылған цех 24 сағат бойына жұмыс істеп тұр. Жыл бойына үздіксіз өнім өндіруге мүмкіндік бар», – деп ойын толықтырды кәсіпкер.

Кәсіпкер еселі еңбегінің арқасында жеуге арналған ас үй құралдарын жасаудың тың жолын тапқан. Цехта дайындалған ыдыс өнімдер сұйықтық пен жылудың әсеріне төзімді келеді. Сондай-ақ салқын тағамдармен өзінің беріктік қасиетін одан сайын арттыра түседі екен.

Ең бастысы, бұл ыдыстар адам денсаулығына қауіпті емес. Кәсіпкердің айтуынша, тамағыңызды жеп болған соң сыртындағы ыдысты да жей саласыз. Бір жағынан азық әрі артық шығынға ұшырамайсыз.

Мәліметке сәйкес, еуропалық өндірушілер жеуге арналған ыдыс-аяқ өнімдерін түрлі дәммен ұсынады. Оның ішінде десертке арналған ыдыстар шоколад, ваниль немесе құлпынай арқылы дайындалса, ыстық тағамдарға шөптер

мен дәмдеуіштер қосады екен. Көбіне жеңіл тағамдар мен десерттерге жеуге жарамды стакандар жасалады.

Кәсіпкер алдағы уақытта кәсібін кеңейтіп, күнделікті қолданатын ыдыс-аяқтар жасауды да жоспарлап жүр. Соның ішінде экоыдыстар өндіруді мақсат тұтады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Ат баптау, аттың құлағында ойнау қазақтың қанында бар қасиет. Ал Джигитовканы ат спортының осы түрімен айналысатын әуесқой жігіттер жігіттік өнер деп атап жүр. Сонымен бірге вальтижировка спортының жалғасы ретінде әлемдік спорт саласына енген қиын өнер саналатын Джигитовка соғыс жылдарынан қалған деген де нұсқау бар.

ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНА ЖАРМАСЫП ӨСКЕН

Соғыс кезінде ат үстінде әртүрлі іс-қимылдар жасалып, кейінірек сол қимылдар өңделіп, циркте көрсетілетін акробаттық әдіс-тәсілдерге ұласқан. Демек, ат спортының әскери-қолданбалы түріне жататын бұл өнер ат баптайтындардың да қолынан келе бермейді. Ең бастысы, аса мұқияттық пен ептілікті талап ететін бұл өнерде аса қатты жылдамдықпен шауып келе жатқан аттың үстіне секіріп мініп, секіріп түсіп, атты айналып, тіпті бір жағынан екінші жағына ауысу, төбесінде тұрып, жатып шабу сынды күрделі жаттығулар көрсетілді. «Бізге ат жақсылап, әдемі шауып берсе болды. Қалған үстіндегі жұмыстар өзіміздікі», дейді Шымкент циркінде Джигитовка көрсететін «Тұмар» командасының жігіттері.

Былтыр Астана қаласында өткен «Азия жаңғырығы» фестивалінде жылқылардың қатысуымен өнер көрсеткен Шымкент цирктің «Джигитовка» қойылымы 13 мемлекеттің цирк өнерпаздары әзірлеген бағдарламалар арасынан алтын жүлдені иеленіп қайтқан. Ат үстіндегі түрлі тәсілдерді мүдірмей орындап, қазылардың ерекше ілтипатына ие болған шабандоздардың арасында 5 ұл 2 қыз бар. Олар Азамат Жолдас, Азамат Ерман, Бекбол Камалов, Абдуғали Абдразақ, Бақдаулет Тастанбек және жетекшісі Ерсейіт Камалов. Сонымен бірге қазақтың екі аруы Бибі Үмбетова мен ат құлағында ойнаған суретімен әлемді тамсандырған Балнұр Садық бар.

Біз Джигитовканы еркін меңгерген, ат құлағында ойнайтын бабы келіскен батыл шабандоз жігіттермен сөйлесіп қайттық.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫЛҚЫСЫ АСАУ БОЛАДЫ

Азамат Жолдас цирктегі атпен өнер көрсету ойындары құрылғаннан бері жұмыс істеп келе жатқан 26 жастағы жігіт. 11 жылдан бері екінші үйі саналатын цирктегі әрбір атты жанындай жақсы көреді. Жылқыларына Черниш, Гиган, Ақбура, Ақтанау, Талисман, Буден деп ат қойған.

«Атқа қызығу дегенді алдымен сезініп көру керек. Бұл ерекше құмарлыққа жатады. Циркте денеңді оңай жарақаттап та алуға болады. Қанша мәрте денемізді майып етіп алсақ та қызығушылығымыз артпаса кеміген емес», – дейді мұның алдында иппадромда жұмыс істеген Азамат.

Ол 5 сыныптан бері аттан түспепті. Сол кезден бері Шымкент қаласындағы атшабарда қыз қуу, теңге ілу сынды жарыстарға қатысқан. Кейін циркке жолы түсіп осындағы аттарды үйретіпті. «Келешекте өзіңді басқа салада сынап көре аласың ба?» деген сұрағамызға: «Жоқ, қандай жағдай болмасын болашағымды тек жылқымен байланыстырамын. Басқа жұмыс істесем де жылқы шаруашылығын қоса алып жүруім мүмкін. Бұл іске бар ынта-ықыласымды қойғанмын. Алла Тағаланың өзі: «Істеген жұмыстарыңнан ләззат алыңдар, сол арқылы ризықтарыңды арттырамын» дейді. Жалпы менің білуімше осы бағытты таңдаған адам шыға алмайды екен», – деп жауап берді ол.

Бақдаулет Тастанбек пен Азамат Ерман командаға 2 жыл бұрын қосылыпты. Екеуі де М. Әуезов атындағы университеттің «Театр және өнер» факультетінің түлегі. Бастапқыда оншақты жігіт болып келген олардың арасында барлық қиындыққа шыдап қалған осы екеуі ғана. «Жуырда дипломымызды аламыз, жұмысты осында жалғастырамыз деп отырмыз. Бірге келген жігіттердің көбісі шыдай алмай кетіп қалды. Ат үстіндегі әдіс-тәсілдердің қиындығанан бөлек, денені жаралау жағдайлары жиі болады. Мұнда жалақы үшін емес, осы саланы барынша сүйетіндер, қанша қиыншылық көрсе де мойымайтындар іріктеліп қалады екен», – дейді Бақдаулет бізбен әңгімесінде.

– Кез-келген тіршілік иесін алдау, мақтау ұнайды. Біз аттарды үйретерде, бір нәрсені дұрыс істесе басынан сипап сәбіз, қант береміз. Сонда оның миында «Мен осы нәрсені дұрыс істеген екенмін, демек, дұрыс әрекеттерге қалаған затымды береді екен ғой» деген ой қалып қояды. Оларды төмпештеудің керегі жоқ, ерегісіп қалады» дейді ол тағы бірде.

Ат үстінде экстремалды ойын көрсетерде алдымен жылқыны мұқият үйретіп алатыны белгілі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Джигитовка ойынына қатысатын аттардың басты міндеті манежде дөңгелете жақсы шауып беру. Сондықтан мұнда аттарға аса көп тәсіл керек емес. Олар бастапқыда залға кірмей, манежде жүрмей, біраз қиғылық салады. Одан бөлек, оларды халыққа, жарыққа, дауысқа үйретудің өзі біршама уақытты алады екен. «Біз жануарды халыққа үйрету үшін бастапқыда көрермен залын қараңғылап қойып кіргіземіз. Ат шауып бара жатқанда көзі көрмейді, жан-жағына қарамайды. Алайда оқыс жағдай болып қалса жүрісінен жаңылуы мүмкін. Сондықтан барынша сақ боламыз», – дейді Азамат Ерман.

Мұндағы жылқылар асыл тұқымдыларға жатады. Әсіресе, «рысақтар» өте көнбіс келеді. Сол үшін циркке негізінен «рысақтар» алынды екен. «Мысалы өзіміздің қарабайыр қазақтың жылқылары мінезділеу, асау болады. Онша-мұншаға көне бермейді. Ал әдіс-тәсілдердің сәтті шығуы спортшы мен атқа байланысты. Ат пен шабандоздың байланысы мықты болуы тиіс. Күн сайын 2-3 сағаттық дайындық жүргіземіз. Олардың денесін әр күні қыздырып, бабына келтіріп отыру керек. Біздің көп уақытымыз да дайындыққа кетеді. Жылына 2-3 рет қыста-жаз мезгілінде демалдырып алатынымыз бар. Есік алдындағы арнайы қоршаудағы құмға шығарып аунатамыз. Ол жерде секіріп ойнайды. 3 мезгіл ережемен тамақтанады», – дейді Азамат тағы бірде.

> *Былтыр Астана қаласында өткен «Азия жаңғырығы» фестивалінде жылқылардың қатысуымен өнер көрсеткен Шымкент цирктің «Джигитовка» қойылымы 13 мемлекеттің цирк өнерпаздары әзірлеген бағдарламалар арасынан алтын жүлдені иеленіп қайтқан.*

БАЛАДАЙ БАПТАЙДЫ

Жылқы да ауырып, мазасызданып қалатын кездері болады. Көктем, күз мезгілінде инъекция арқылы дәрумендер салынып тұрады екен. Әсіресе, көктемде өзге жануарлар көк шөпке шыққанда мұндағылар да соны аңсаса керек, қураған шөпке қарағысы келмейді. Ал ат баптаушылар көк шөпте ауру болуы мүмкіндігі болғандықтан дәрумен егеді. Цирктегі қазанаттар неғұрлым күшті, қуатты болса олардың шабысы да жақсы болады. Сондықтан олардың ішіп-жеміне ерекше назар аударылады.

Күн сайын жаттығу жүргізілгенімен мұндағылар жиі қойылымға шыға бермейді. Басшылық бекіткен кестеге сай мереке күндері ойын көрсетеді. Ал ауыл-аймаққа шығатын Шапитода Джигитовка көрсетіле қоймайды. Себебі манеждің ұзындығы 13 метрден кем болмауы тиіс. Жуырда еліміздегі ең жас цирк саналатын Шымкент цирк ұжымы Алматы циркінде 15 күнге жуық гастрольде болып қайтыпты.

«Алматыда көрермендер көп жиналып аншлаг болды. Көрермендер ризашылықтарын білдіріп жатты. Өкінішке қарай, мұндағылар әлі циркке үйрене алмай жатыр. Цирк өнерін бағалай бермейді. Біз сыртқа шығып келсек шабыт алып, қуанып келеміз. Бір жылдары Қытай мемлекетіндегі бірнеше қаламен келісімшарттарға отырып, жиі барып жүрдік. Онда цирк дегеніміз кәдімгідей бизнес. Тіпті, ірі компаниялар өздерінің жарнамасын цирк арқылы шығарады. Халық қатты қызығады. Кез-келген қойылымда ине шаншар жер болмайды. Тағы айта кетер жайт, онда ат өнерін көрсетусіз цирк болмайды. Ма-шу өнеріне ерекше ілтипат көрсетеді. (Ма-ат, шу-шоу деген мағына береді). Сондықтан олар үнемі келісімшарт арқылы өзге мемлекеттермен ат үстінде ойнайтын жігіттерді алдыртады. Қытайлықтар атқа мінуге қорқады. Біз ол жаққа үйретілген атымызды алып бармаймыз. Сонда үйретілгендері болады, егер жоқ болса 1 ай бұрын барамыз», – дейді Азамат Жолдас.

Дәл қазір Шымкент цирк ұжымы балалардың жазғы демалысына арнайы қойылымдар ұйымдастырып жатыр. «Бізді мұнда байлап тұрған ат. Күн сайын жаттығуға келеміз, жылқыларды дайындап сүртіп жуындырамыз. Олармен сөйлесеміз», – дейді жігіттер. Команда мүшелері бірін-бірі алмастыра алатындай барлық әдіс-тәсілді меңгерген. Джигитовка өнері арқылы түрлі әдіс-тәсілдердің техникасын ұйымдастырады. Оған қыздар да белсене қатысады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Балнұрдың қазақтың ұлттық киімімен ат үстінде ойнаған фотосы шартарапқа тараған болатын. Әкесі мен анасы да атшабарда жұмыс істегендіктен, жастайынан сәйгүлікке қызығып өскен қыз қазір ат үстінде талай техникаларды мүдірмей орындайды. Ол «Бәрі техникаға байланысты. Сонымен қатар физикалық та дайындық керек. Тәсілдерді бір шығарып алған соң қиын емес», – дейді ол. Балнұр да болашағын атпен байланыстырады. Ат ұстайтын ферма құрғысы келеді. Ал белгілі фотограф Тұрар Қазанған өзінің әлеуметтік желісінде аттың жалында ойнайтын Балнұрдың суреті көптеген фото көрмеге қойылғанын, оның ішінде Франция, Қытай, АҚШ, Жапония елдерінде көрерменнің ықыласына бөленгенін айтады. «Аттың үстіндегі қызды қарашы, қазақтың қыздары сұлу екен» деп тамсанып көргендер.

Біздің сол Балнұр бүгінде Джигитовка ойынының көрігін қыздырып жүр. Кез-келген қазақтың делебесін қоздырып, рухын оятатын бұл өнерді де қолынан келген адам ғана орындай алса керек.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

АУЫЗСУСЫЗ ҚАЛДЫ

Қарғаның миы қайнаған аптап ыстықта Ақмола облысының бірнеше ауданы апталап, кейбірі тіпті айлар бойы ауызсусыз қалды. Тамақ жібітетін тамшы суға зар болып қалған халық жергілікті билік пен құзырлы органдарға жанайқайын жеткізгенімен, әзірге ауызсу мәселесі оң шешімін табар емес. Жергілікті әкімдіктер мен коммуналдық кәсіпорындар сырғытпа жауаптан басқа еш қарекет қыла алмаған.

Өңірде су тапшылығы ежелден-ақ аса өткір тұрған бірнеше аймақ бар. Жылдар бойы судың зардабын тартқан халық шағымын жергілікті биліктен бастап Президентке дейін бірнеше мәрте көтерген. Әсіресе, Нұра топтық су құбыры жалғыз су көзі болып табылатын Егіндікөл ауданында айлап мүлдем сусыз қалған ауылдар мәселені шешу үшін төтенше жағдай жариялануын талап еткен. Мұнда Қорғалжындағы Сабынды көлінен басталатын 330 шақырымдық су құбыры Қорғалжын, Егіндікөл, Атбасар ауданындағы бірнеше ауылды кесіп өтеді. Құбырдың тоқсан пайыздан астамы тозығы жетіп, әбден шіріп кеткендіктен ауылдарға су мүлде жетпей қалатын болған. Жақында дәлірек айтқанда, 2 маусым күні ауданда ауызсу мәселесін шешу мақсатында Егіндікөл ауданында техногенді сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Аудан әкімі Ерлан Мұхамединнің айтуынша, мұнда жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 16 миллиард теңгеден астам қаражат қажет. Бұл қаражат облыс және аудан бюджетінде болмағандықтан Үкіметке өтінім жолданбақ.

Егіндікөл ауданынан бөлек, соңғы апталарда болған аптап ыстықта бірнеше ауданда мыңдаған халық тамақ жібітерлік ауызсу таппай қиналды. Күні бүгінге дейін сусыз отырған жұрттшылық түйінді мәселенің шешімін әлі табылмай отырғанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, Атбасар ауданындағы мыңдаған жұрттың жағдайы мүшкіл. Аптадан астам уақыт бойы тіршілік нәрінсіз қалған халық тіпті жуынуға да су таппай отырғанын жеткізді.

– Міне, бір апта болды, Атбасар қаласында краннан мүлде су тамбайды. Ми қайнатқан аптап ыстықтарда бір тамшы сусыз отырдық. «Атбасар Су» диспетчерлеріне хабарласақ, «Кешіріңіздер, біз көмектесе алмаймыз» деген жауаптан әріге аспайды. Су тасығыш арнайы көліктер де келмей жатыр. Жұмыстан келген соң жуына да алмаймыз. Міне, осындай жағдайда қалай өмір сүруге болады? Жергілікті билік те, басқасы да ешқандай әрекет етіп жатқан жоқ. Осындай төтенше жағдайда біз қайтпекпіз? – дейді Атбасар қаласының тұрғыны Ирина Петренко.

Атбасар ауданының әкімдігі су тапшылығын реттеу мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен коммуналдық кәсіпорын қызметкері тәулік бойы жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

– Бұл мәселе бойынша қалаға су беру үшін 12 су айдау ұңғымасы жұмыс істеп тұр. Жазғы уақытта су тұтыну көлемінің ұлғаюына байланысты әрі ауа температурасының күрт көтерілуінен көпқабатты тұрғын үйлердің жоғарғы қабаттарында қысым төмендеді. Мәселені шешу үшін едәуір қуатты сорғылар орнатылып, резервуарлардағы су қоры деңгейін көтеру мақсатында су сағаттап берілетін болды. 6 маусымдағы деңгей бойынша қалыпты жағдай 3,9 метр болу керек болғанымен, су деңгейі 1,7 метр ғана. Жағдайды тезірек қалпына келтіру үшін қосымша 2 ұңғыма жасау бойынша шаралар қабылдануда. Аталған мәселе бақылауға алынған. Жергілікті атқарушы орган және қызмет көрсетуші компания жағдайды қалпына келтіру үшін тәулік бойы жұмыс жүргізіп жатыр, – дейді Атбасар ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы Михайл Майер.

Аптап ыстықта өңірдегі курортты аймақтарының бірі саналатын зеренділіктер мүлдем ауызсусыз қалды. Су аудан орталығында аптадан астам уақыт бойы жоқ. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, су осыған дейін де екі мәрте ажыратылған.

– Енді үнемі осылай бола ма деген қорқыныш басым. Әкімдікке хабарласып, ешқандай жағымды жаңалық ести алмадық. Су қоры сақталатын резервуардың бос тұрғанын айтты. Мәселе жөндеу жұмыстары немесе апаттық жағдайдан емес, жұмыс істейтін ешкімнің жоқтығынан сияқты. Яғни, жаз бойы сусыз қалуымыз да әбден мүмкін, – дейді зеренділік тұр-ғындар.

Аудан әкімдігі күннің қатты ысуына байланысты әрі халықтың суды көп тұтынуынан су қорының жетіспей қалып жатқанын мойындады.

– Дала жұмыстарын жүргізіп жатқан «Сенім жер» ЖШС-ның жұмысшысы ұңғымалар мен сорғыларға қуат беруді қамтамасыз ететін электр таратушы бағанын құлатып кеткенінің салдарынан су жинайтын мұнара мен резервуарларға су құйылмады. Жоғары температура мен халықтың суды көп пайдалануынан су болмай қалды. Қазіргі сәтте барлық ақаулар жөнделді. Резервуарларға су толтырылып жатыр. Бірнеше учаскеде толық су беру үшін қысым жетпей жатыр. Дегенмен қысым көтеріліп жақын арада су толық көлемде берілетін болады. Сондай-ақ су тасымалы да ұйымдастырылады, – деді Зеренді ауданы әкімдігі.

Біржан сал ауданының Макинка ауылы да апта бойы мүлде ауызсусыз қалған. Тұрғындардың айтуынша, ауызсу мұнда жылда жаз айында тапшы болады. Алайда жергілікті қызмет көрсететін «Степняк-су» коммуналдық кәсіпорны еш қарекет қылмаған. Тіпті, тасымал су да жеткізілмегенін айтқан тұрғындардың өкпесі қара қазандай.

Біржан сал ауданы әкімдігі Макинка селосындағы су құбырларының жиі жарылатынын әрі апатты жағдайда тұрғанын мойындады.

– Тексеріс жұмыстарын жүргізіп, желілердің техникалық жайкүйін анықтау кезінде олардың апаттық жағдайда екені анықталды. Осыған байланысты конкурстық рәсімдер өткізіліп, Макинка селосында су құбыры желілерін қайта құруға жобалық-сметалық құжаттама жасауға жеткізуші анықталды. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттама жасалып жатыр. Жоба аяқталғаннан кейін қаржыландыруға өтінім берілетін болады, – дейді Біржан сал ауданы әкімдігінің ресми хабарламасында.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, су құбырлары 4 маусым күні жарылған. 6-7 күндері құбыр желілері қайта жарылыпты. Қазіргі уақытта сумен қамту үшін тасымал су ұйымдастырылғанын жеткізді.

Ауызсу Көкшетау қаласының да Жайлау, Бірлік шағын аудандарында да ажыратылып тұрғындар сусыз қалған. Тұрғындарға жаз бойы су мезгіл-мезгіл тоқтап, тек кестемен ғана берілетіні хабарланыпты. Тұрғындар уәде берілген кестедегі уақытпен де судың берілмей жатқанын бар-жоғы жарты сағат сыздықтаған су берілгенін ашына көтерді. Сондай-ақ қаланың Жайлау шағын ауданы аптап ыстықта сусыз қалған.

Шаһарды сумен қамтамасыз ететін «Көкшетау су арнасы» коммуналдық кәсіпорны аптап ыстыққа байланысты су құбыры желісінде қуат тапшылығы болғанын әрі суды көп тұтынып жатқандықтан судың жеткіліксіздігін жеткізді. Кәсіпорын жуық арада су берілуін қамтамасыз ету үшін жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Жалпы, облыс аумағында су құбырын тартылуы тиіс болған ондаған ауылға бюджеттен миллиардтар бөлінгенімен, құбыр тартылуы орта жолда қалып қойыпты. Салдарынан, су әлі тартылмай жатқан елді мекендер де жетерлік. «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің мәліметінше, «Монолит» және «Дәнекер» компаниялары өңірдің онға тарта ауылына бөлінген қаражатты алғанымен күні бүгінге дейін аяқтамаған. Бірқатары бойынша іс сотқа дейін барған. Басты тіршілік көзінің мүшкіл жағдайын реттеуде жауапты органдар дереу әрекет етпесе, түйінді жағдай қашан шешімін табатыны белгісіз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

АТЫРАУ-АЛЫП ИНФРАҚҰРЫЛЫМ АЛАҢЫ

Атырау облысында көлік инфрақұрылымын дамыту саласында іргелі жұмыстар атқарылып жатыр. Қазір «Ақтөбе – Атырау – Астрахань» автомобиль жолынан бөлек, облыс көлеміндегі маңызы зор бірқатар жол құрылысында күрделі жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр.

Атырау облысы әкімінің орынбасары Қайрат Нұртаевтың айтуынша, биыл облыс көлеміндегі көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатына 22,9 миллиард теңге бөлініп отыр. Нәтижесінде, 32 елді мекенде 120 шақырымға жуық автомобиль жолдарын жөндеу жоспарланған.

«Қазір негізгі жұмыстары 2019 жылы басталған облыстық маңызы бар «Индер – Қарабау – Миялы – Сағыз» автомобиль жолының «Индер – Қарабау» аралығын қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Бұл жолдың жалпы ұзындығы 87 шақырымды құрайды. Сонымен бірге облыстық маңызы бар «Құрманғазы – Приморье – Утеры– Котяевка» автомобиль жолы (0-29 учаскесі) күрделі жөндеуден өтуде. Құрманғазы ауданына қарасты «7-разъезд – Асан – Азғыр – Балқұдық – Сүйіндік» (0-36 учаскесі) автомобиль жолын орташа жөндеу жүргізіліп, аудандық маңызы бар 43 шақырымды құрайтын «Аққөл – Қызылоба – 4-разъезд – Қиғаш» автомобиль жолы қайта жаңғыртылуда», – дейді облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртаев.

Шынын айту керек, «Индер – Қарабау – Миялы – Сағыз» автомобиль жолы құрылысының облыс үшін маңызы ерекше. Соңғы деректерге қарағанда, тек Индер, Қызылқоға аудандарының өзінде халық саны 63 560 адамды құрайды екен. Талай жыл бойына жол азабын көріп келген аудан тұрғындары үшін «Индер – Қарабау – Миялы – Сағыз» автомобиль жолының қайта жаңғыртылуы үлкен серпін беріп отыр. Себебі бұл жол толық аяқталып, қолданысқа берілген жағдайда, аталған аудан тұрғындарының Атырау қаласымен бірге, іргелес жатқан Батыс Қазақстан облысымен де байланысы нығаяды. Сарапшылар бұл жолдың толықтай қолданысқа берілуі – көршілес Батыс Қазақстан облысымен тауар айналымының өсуіне, кәсіпкерліктің дамуына жол ашатынын айтады.

Бұдан бөлек, екінші мәселе бар. Әсіресе, Қызылқоға ауданы халқы мал азығын, яғни жемді қазір Батыс Қазақстан облысынан тасымалдап отыр. Бір ғана Қызылқоға ауданында 400-ден астам шаруа қожалығы бар. Шаруалар мал азығын далалық жолмен тасып жүргендіктен, жол азабын жақсы біледі. Сондықтан «Индер – Қарабау – Миялы – Сағыз» автомобиль жолы құрылысын қайта жаңғырту жұмыстарының қарқын алуы – үлкен өзгерістерге қадам деп толық айта аламыз.

Тағы бір ерекше атап өтерлік мәселе, маусым айында «Миялы – Ойыл» автомобиль жолының 18 шақырымына күрделі жөндеу жұмыстары басталады. Бұл қызылқоғалықтар үшін үлкен жаңалық болып отыр.

Қазір мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің нәтижесінде «Миялы – Ойыл» автомобиль жолы құрылысы жұмыстарына «Маңғыстау жол құрылысы материалдары комбинаты» компаниясымен келісімшарт жасақталып отыр. Оған қосымша аудандық маңызы бар «Миялы – Тайсойған» жолына күрделі жөндеу басталады. Жалпы ұзындығы 50 шақырымды құрайтын автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемені анықтау мақсатында ашық конкурс жарияланып отыр.

Бір ғана Атырау қаласы бойынша биыл қала іргесіндегі ауылдарға 108 шақырымнан астам асфальт жол төселеді деп күтілуде. Жол төселетін ауылдардың қатарында «Балауса» және «Зарослый» елді мекендері де бар. Жол жөндеу жұмыстары қыркүйек айына дейін аяқталуы тиіс. Одан бөлек, жалпы, Атырау қаласы бойынша төрт ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның қатарында Жастар көшесінің реконструкциясы бар. Ұзындығы шақырымды құрайтын жол құрылысы «Көктем» базары мен Еркінқала ауылындағы соңғы аялдама аралығын қамтиды.

Екінші жобаның жалпы ұзындығы – 2,8 шақырым. Жастар көшесінен басталатын жоба Сарықамыс шағынауданы арқылы Әбілхайыр хан даңғылымен түйіседі. Үшінші жоба – Нұрсая шағынауданындағы Әбілхайыр хан мен Бейбарыс даңғылдарын байланыстыратын жаңа жол. Төртінші жоба – Бейбарыс даңғылынан «Атырау – Астрахань» автомобиль трассасына шығып, Самал шағынауданы арқылы өтеді. Оның жалпы ұзындығы – 3 шақырым шамасында. Нәтижесінде, бұл жобалар Атырау қаласының оңтүстік-батыс бөлігі мен солтүстік-батыс арасындағы байланысты жақсартады.

Мамандар Атырауда жолдарды жөндеу жұмыстарының қарқынды атқарылып жатқанын айтты. Мәселен, былтыр Атырау облысы бойынша жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатына 35,8 млрд теңге бөлінді. Оның ішіндегі 4,8 млрд теңге жергілікті бюджеттен жұмсалған қаражат. Тек былтырдың өзінде облыстық маңызы бар 201 шақырым автомобиль жолдары жөнделді. Қазір облыс көлеміндегі жолдың 72 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Бұл жалпы жолдың 1387 шақырымын құрайды.

Еске сала кетелік, Атырауда облыс көлеміндегі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы 3 052 шақырымды құрайды. Оның ішінде, республикалық маңызы бар жолдың ұзындығы – 1 125 шақырым. Ал облыстық және аудандық маңызы бар жолдың ұзындығы – 1 927 шақырымға тең.

Ал жол жөндеу құрылыстары нәтижесінде ашылып жатқан жаңа жұмыс орындары, жол бойындағы бизнес нысандар – өз алдына ауқымды талдауды қажет ететін жағымды тақырып. Бастысы, осындай қарқынды жұмыстардың артында адам, адамның әлеуетін жақсартуға арналған капитал тұр.

Атырау облысы әкімдігінің баспасөз-қызметінен білгеніміздей, биыл жол жөндеу жұмыстары аймаққа қарасты жеті ауданды толық қамтиды. Нақтырақ айтқанда, Махамбет ауданы бойынша ауылішілік автомобиль жолының екінші кезеңі басталады, Мақат ауданындағы Доссор кентінде кентішілік автомобиль жолы қайта жаңғыртылады.

Құрманғазы ауданындағы Аққөл, Дәшін және Затон ауылдарының кірме және ауылішілік жолдары жөндеуден өтеді. Облыс орталығынан ең шалғайда орналасқан Қызылқоға ауданындағы Сағыз, Кенбай, Мұқыр ауылдарының жолдары қайта жаңғыртылады. Миялы ауылішілік жолды

күрделі жөндеу және Сағыз ауылы жолының құрылысы жалғасады.

Индер ауданы бойынша Өрлік ауылішілік автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтеді. Исатай ауданында Тұщықұдық, Исатай, Зинеден, Аққыстау ауылдарының автомобиль жолдары қайта жаңғыртылады.

Жылыой ауданы бойынша Құлсары қаласы «Атырау» шағынауданы және Аққиізтоғай ауылішілік жолдарының құрылысын жалғастыру жоспарланып отыр.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған осындай ауқымды жұмыстар нәтижесінде облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 76 пайызға дейін жетеді деген жоспар бар.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: КІМДІ АЛМАСТЫРАДЫ?

Қазір қоғам жасанды интеллекті «адам санасы деңгейіндегі компьютер» деп атайды. Әлемде «жасанды интеллект адам орнын алмастыра ма?» деген сауал туындап тұр. Сонымен, жасанды интеллекттің маңызы неде? Оның адамзат болашағына қандай пайдасы бар? Бағдарламалаушы инженер Серік Төлеумен осы мәселелер жайлы тілдестік.

–Жасанды тар түрдегі интеллект дегеніміз не? Программалық жолмен жүзеге асырылған. Ол белгілі бір шектеулі тапсырманы ғана орындауды біледі: мысалы ауа райын бақылау, шахмат ойнау немесе журналистік репортаж жасау үшін деректерді таңдау, өңдеу талдау. Google Assistant, Google Translate, Siri және басқа табиғи тілді өңдеу құралдары бұлар – жасанды тар түрдегі интеллект. Адаммен «сөйлесуге» қабілетті болғанымен, өздігінен «ойлана» алмайды.

– Жасанды интеллекттің маңызы неде?

– Адам өмірінде, қоғамда технологияның қарқынды дамуына сәйкес өңдеуді қажет ететін ақпарат көлемі де күрт өсті. Алуан түрлі күрделі мәселелерді шешуде жылдам есептейтін компьютерлік алгоритмдердің тиімділігі қатты төмендеді. Нәтижесінде, барлық саладағы адам атқаратын жұмыстарды жеңілдетудің аса қажеттілігі пайда болды. Көмекке адам баласының ақыл-ойының моделі: өзін-өзі тануға, өздігінен білім алуға, дамытуға қабілетті саналы программалық алгоритм келді. Жасанды интеллект адам баласы шешуге тиіс алуан түрлі мақсаттардағы күрделі мәселелердің шешімін іске асырады. Мәселені алдын ала енгізілген нұсқауларсыз да шеше алады. Қазір жасанды интеллект ақпаратты өте жылдам өңдейді.

– Ол өз кезегінде үш кезеңге бөлінеді екен. Яғни, жасанды тар түрдегі интеллект (ANI); жасанды жалпы түрдегі интеллект (AGI); жасанды супер интеллект (ASI). Бұлардың айырмашылығы қандай?

–Жасанды тар түрдегі интеллект дегеніміз не? Программалық жолмен жүзеге асырылған. Ол белгілі бір шектеулі тапсырманы ғана орындауды біледі: мысалы ауа райын бақылау, шахмат ойнау немесе журналистік репортаж жасау үшін деректерді таңдау, өңдеу талдау. Google Assistant, Google Translate, Siri және басқа табиғи тілді өңдеу құралдары бұлар – жасанды тар түрдегі интеллект. Адаммен «сөйлесуге» қабілетті болғанымен, өздігінен «ойлана» алмайды.

Жасанды жалпы түрдегі интеллект – программалық жолмен жүзеге асырылған. Адам санасына ұқсас. Адамға тән ақыл-ойдың жұмысын қайталай (орындай) алады. Бұл арқылы компьютер ақпаратты өте жылдам өңдейді. Дегенмен стратегия құру немесе осыған негізделген шешімдер қабылдау қасиеттерінен жұрдай. Шығармашылық идеялар ұсыну мен адамша ойлау т.б. деген жоқ.

Шығармашылық, даналық жағынан жасанды супер интеллект адамнан асып түседі. Әлеуметтік мәселелерді шешуге дейін даяр тұр. Тіпті, адамзаттың ең дарынды өкілдерінен де жоғары ақыл-ой, сананы көрсете алады. Бұл көпшілікті алаңдатады, ғалымдардың пікірінше, адамзаттың биологиялық түр ретінде жойылуына әкеледі.

– Жасанды интеллектің адамзат баласы үшін қандай тиімді тұстары бар?

– Ғылымның даму, терең зерттеулер жүргізу мүмкіндіктерін арттырады. Барлық тіршілікті, адам ағзасын, жерді, сондай-ақ мыңжылдықтар бойы шешімін таппаған сұрақтарға жауап алуға болады. Жасанды интеллект көмегімен ғарышта, жер қойнауында, мұхитта, жанартауларда, шөлдер мен батпақтарда, джунглилерде, мұзды кеңістіктерде және аса қауіпті радиоактивті аумақтарда адам денсаулығына қауіп төндірместен зерттеулер жүргізуге болады.

– Жасанды интеллект адамның орнын алмастыра ма?

– Қаншалықты сенімді, ақылды, жылдам болғанымен, жасанды интеллект ең алдымен техникалық ақаулардан және қисынсыз шешімдер қабылдаудан қорғалмаған темір. Қазіргі жасанды интеллект тек программалық жолмен жұмыс атқаруда. Адамның орнын басатын жасанды интеллект аппараттық жолмен ғана жүзеге асырылатын болады. Адам миының дейін дами алады. Адамзат бақылауынан шығып кетуі әбден мүмкін. Қылмыскерлердің қолына түссе, не боларын елестетудің өзі қиын. Деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне қатысты күмәнді жайттың көбейетіні сөзсіз. Қазірдің өзінде мемлекеттер адамзатты бақылауға алуға тырысуда. Қылмыс саны айтарлықтай азайғанымен, мемлекет барлық халықты толық бақылай алады. Билік бұл мүмкіндіктерді теріс мақсатта пайдалануы да мүмкін ғой. Жасанды интеллект адамдарға ақпаратты таңдауда, іздеуде «қатты терлемеуге» көмектеседі, яғни адам үшін дұрыс таңдауды жасанды интеллект алгоритмдері жасайды. Осылайша, адамзат жасанды интеллектке тәуелді болып, дамуы тежелуі мүмкін.

– Ал мұның мамандықтарға әсеріне келсек.

–Жасанды жалпы түрдегі интеллект мысалы, мекеме басшысын немесе PR, HR мамандарын толықтай айырбастай алады. Күзет, бақылау, сауда т.б. салаларында «еш қиналмастан» жұмыс істей береді. Дұрыс ыңғайластырылса, мұғалімді де айырбастайды. Бұл мамандықтар жасанды жалпы түрдегі интеллект үшін «ойыншық». Кейбір салаларда, мысалы, кітаптарды иллюстрациялау, қарапайым стандартты мәтіндерді жазуда ChatGPT сияқты боттар адамды айырбастап жүр. Сұраныс пен тегті дұрыс берсеңіз жеткілікті.

–Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Жанель ҚҰТТЫБАЙ

«бөлшектері» арнаулы чип түрінде жасалады. Бұл қазір іске асырылуы толық мүмкін нәрсе. Білуімше, осы бағытта үлкен жұмыстар белсенді түрде жасалып жатыр. Жасанды интеллект адамның орнын басуы әбден мүмкін.

Қорқыныш міне – осында. Дегенмен әзірге олай емес.

Жасанды интеллект адамдарды күнделікті жұмыс салаларынан ығыстырады. Жұмыссыздық артады. Адам еңбегі құнсызданып, адамдарды роботтар алмастырады, мәселен, жүк тиеушілерді, сатушыларды, күзетшілерді алмастыруы мүмкін. Тіпті, өнер жасанды интеллекттің құзыретінде болады – нейрондық желілер қазірдің өзінде сурет салып, фильмдер түсіріп жүр! Дегенмен роботтар адамды барлық салада алмастыра алмауы мүмкін. Жасанды интеллект адамдарды өзінен «төмен тіршілік иелері» ретінде қарастыратын деңгейге

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ДА ЕСЕП БЕРЕДІ

Елорда төрінде күн сайын әртүрлі концерттік шара өтеді. Күнделікті күйбең тірліктен бір сәт қол үзіп, әсем ән мен тәтті күй тыңдаудың да көңілдің көтеріңкі жүруіне пайдасы бар.

Бұл жолы бас қалада Астана қаласы әкімдігінің «Қамқор» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы ұйымдастырған «Ел жүрегі – Астана» атты гала концерті көрермендерге көңіл күй сыйлап қана қоймай, қамқөңіл жандарға қамқор болудың ауадай қажет екенін ұқтырғандай болды. «Жастар» сарайына жиналған жұртшылық алдымен ерекше жандардың өз қолымен жасаған қолөнер бұйымдарын тамашалады.

Ерекше дейтініміз де сол, сахна төріндегі күміс көмей әншілер де, әсем биімен елітіп мың бұралған бишілер де кәсіби мамандар емес, орталықтың қызмет алушылары. Мекемедегі тағдырдың тауқыметін тартып, шыр етіп дүниеге келгеннен мүмкіндігі шектелген әлжуаз жандар қамқорлыққа мұқтаж. Өйткені олардың арасында ауыр сырқаты үшін ата-ана мейірімінен қол үзген жүрегі нәзік, көңілі қаяу адамдар бар. Біреуінің жанында жазылмайтын жарасы, енді бірін тән жарасы мазалайды. Міне, осындай жарым көңілді жандарға тағдырдың тауқыметіне төтеп берерлік күш-жігер беріп, көңілін аулайтын, жүрегіне жол тауып, жығылған сәтте қолтықтан демеп қолдау көрсетер әлеуметтік саланың қызметкерлері кез келген марапатқа лайық дейтініміз сол. Мейірімділік пен ізгілікті ту еткен мамандар орталықтағы қызмет алушылардың қолынан келетін іспен шұғылдануына мүмкіндік беріп, өнерге де барынша баулып келеді.

Астана қаласынан 135 шақырым, ал Ақмола облысы Аққөл қаласынан 35 шақырым қашықта орналасқан орталықта 370 емделуші бар. 2005 жылдан бері жұмыс істейтін орталықтағы қызмет алушылардың сырқаты да әртүрлі. Олардың арасында қаусаған шағында жалғыз қалғандар мен туғаны көзі тірісінде бас тартқан қарттар да кездеседі. Мекемедегі шизофрения, эпилепсия, аутизм, ақыл-есі кем, даун, альцгеймермен ауыратын науқастардың өзінде бірнеше диагнозы бар. Аяқ-қолы жұмыс істемейтін, төсек тартып, арбаға таңылғандар да жетерлік. Мұндай әлжуаз адамдар бір секунд қараусыз қалмайды. Сол себепті мекеме қызметкерлері өзіне жүктелген міндетті бір минут естен шығармайды. Орталықтағы 270 қызметкер күн сайын оларды тәулік бойы бақылап қана қоймай, әрбір емделушіге мейірімділік танытуы қажет болады. Өйткені қызмет алушылардың ең көбі – шизофрения мен аздап ауытқуы бар, ақыл-есі кем диагноз қойылған адамдар. Көбінен әке-шешесі бас тартқан немесе ата-ана құқығынан айырылғандар. Олардың арасында жыл өткен сайын денсаулық жағдайы нашарлайтындары бар. Сондықтан бұл концерт қоғамнан сырт қалып жатқан қамкөңіл жандардың қиялына қанат бітіріп, мүмкін еместі мүмкіндігіне қарамай қолдан келтіруге мүмкіншілік беріп отырған орталықтың есеп беруі десек те болады.

Орталық директоры Назарбек Көкеннің айтуынша, гала концерт Астана қаласының 25 жылдығына арналып отыр. «Бұдан бөлек, орталықтағы қызмет алушылардың есеп беру концерті деп айтсақ болады. Өйткені біздің мекеме құрылғаннан бері қызмет алушылар көптеген республикалық және халықаралық жарысқа қатысып, жүлделі орын алып жүр. Сол үшін олардың өнерін, қолдау болса кез келген нәрсе қолынан келетінін көрсету үшін қызмет алушыларымыздың өнерін елорда төрінде көрсетіп, көпшілік алдында талантын паш етуге мүмкіндік беріп отырмыз. Біздің әр ісімізге қолдау білдіріп, демеушілік көрсетіп жүрген жандарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Жасаған жақсылықтары еселеніп қайтсын. Тек жақсылықта жүздесе берейік», – дейді орталық басшысы.

Осыдан кейін сахна төріне шақырылған демеушілерге орталық атынан айрықша құрмет көрсетілді. Орталық жұмысының жанданып, ем алушыларға қарайласып жүрген мейірімді жандар грамота мен алғысхатпен марапатталды. Концертке арнайы шақыртылған кәсіподақ мүшелері де әлеуметтік сала мамандарының еңбегі өлшеусіз екенін тілге тиек етіп, ерекше жандардың өнерін жоғары бағалады. Шындығында да, қызмет алушылардың дайындаған қолөнер бұйымдары талайдың таңдайын қақтырса, сахнадағы өнері көпшілікті сүйсінтті.

Жадыра МҮСІЛІМ

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4312
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Нұрлан ҚОСАЙ, Жадыра МҮСІЛІМ